Бұл мақалада Т. Әсемқұлов шығармашылығының көркемдік әлемі, оның қазіргі қазақ прозасындағы орны мен көркемдік құндылығы бағамдалады. Қаламгер прозасындағы тақырыптық және көркемдік ерекшеліктер, постмодернистік стильдік ізденістер нақты туындылар негізінде талданады. Қазақ прозасында өзгеше қолтаңбасымен ерекшеленетін жазушы туындыларындағы ұлттық құндылықтар мәселесі мен көркемдік және стильдік ізденістер қарастырылады. Авторлық ұстаным мен көркемдік қабылдау мәселесі, шығармаларының оқырманға әсері де назардан тыс қалмады. Сонымен қатар қаламгер прозасындағы постмодернистік таным ерекшелігі, оның детальдық және менталитеттік аражігі ажыратылып, олардың көркемдік қызметі талданады. Жазушының шығармашылық лабораториясының негізгі мәселелері мен постмодернистік тенденциялар көрінісі, оның көркемдік амалдары мен тәсілдері зерделенді. Т. Әсемқұлов прозасындағы көркемдік-стильдік айшықтар, идеялық-тақырыптық ерекшеліктер постмодернизм аясындағы көркемдік тәсілдер негізінде сараланады. Кейінкердің ішкі жан дүниесіне ену, психологиясын талдау, образ жасаудағы тәсілдер, мистикалық бояу, жатсыну мәселесі, мифологиялық элементтер, философиялық толғаныстарға иек арту, интертекст, т.б. «Бекторының қазынасы», «Шымдан», «Талтүс» шығармалары бойынша зерделенді. Қаламгер прозасында философиялық ой айтудың тәсіліне айналған мифтік, аңыздық желінің көркемдік қызметі айқындалып, бүгінгі күннің өзекті рухани мәселелерімен сабақтастықта қарастырылады.

Кілтті сөздер: көркемдік-стильдік ізденістер, постмодернистік тенденция, проза, көркемдік әлем, мифологиялық элемент, идеялық-тақырыптық ерекшеліктер.

Кіріспе

Біз рухани әлемнің мөлшер-межесін айтқанда, ғасырлардан нәрін үзбей, түрленіп, дамып келе жатқан қазақ әдебиетінің өсу жолдарын еске аламыз. Тәуелсіздік алғаннан бергі өткен жүзжылдық пен бүгінгі мыңжылдықтың ішінде талай ізгі істер атқарылып, құндылықтарымыз көбейе түсті. Сұрапыл жылдардың сұмдығын көріп өскен, соған сай көптеген соны тақырыптарға қалам тербеп, замана шындығын шырылдата жазған, адам жанының нәзік қалтарыстарын копара қазып, тыңнан толғаған жазушылар әдебиетке жаңашылдық әкелгендей еді. Сол буынның ең ірі өкілі, сыншы, күйші, жазушы Таласбек Әсемқұловтың прозасы бүгінгі әдебиеттің жай-күйіне жауап береді. Жазушы туындылары мерзімді баспасөз беттерінде сөз болғанымен арнайы зерттеу нысанына айнала қоймаған. Мақаланың өзектілігі Т. Әсемқұлов туындыларындағы көркемдік және стильдік ізденістерді, постмодернистік тенденциялар мен бейнелеу амалдарын зерттеу қажеттілігімен байланысты. Мақаланың мақсаты Т. Әсемқұлов шығармаларының қазақ әдебиетіндегі орны мен көркемдік әлемін саралау болмақ. Міндеттері – жазушы шығармаларындағы мазмұндық, құрылымдық, стильдік ізденістеріне терең, жан-жақты талдау жасау, көркемдік-эстетикалық құндылықтар жүйесіндегі Таласбек Әсемқұлов прозасының орны мен рөлін анықтау.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің материалы ретінде Т. Әсемқұлов шығармашылығын зерттеуге арналған отандық ғалымдардың еңбектері алынды. Сонымен қатар қаламгердің дүниетанымдық, көркемдік ойлау ерекшелігін ашу мақсатында өзінің зерттеу мақалалары да пайдаланылды. Оларды жинақтау негізінде жазушы туындыларындағы көркемдік әлем ерекшелігі, постмодернистік тенденциялар зерделенді. Постмодернизмнің теориялық мәселелерін қарастыру барысында шетелдік ғалымдардың еңбектері де назарға алынды.

Мақаланы жазу барысында теориялық материалды жинау, мәтін талдау, саралау әдістері, психологиялық, салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық, т.б. әдіс-тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Жаңа ғасыр тудырған табиғаты бөлек туындылардың жыл өткен сайын артуы қазақ прозасының көкжиегін кеңейте түсті. Саясат пен жалған идеологияның қыспағынан босаған сөз өнерінің даму бағыты, өсу сатысы ұлттық құндылықтар кодымен толыға түсті. Кейіпкердің ішкі жан дүниесіне үңілу, адамның философиялық мәнін ашу, адам мен табиғат арасындағы тылсым күш, ішкі «мен» мәселелері бой көтеріп, үйлесім мен үндікестің негізінде жымдасып жатты. Қазақ әдебиетінің осындай көш керуенінде «Талтүс», «Тәттімбет сері», «Арылу», «Атайы», «Бекторының қазынасы», «Шымдан» [1] шығармаларымен танылған Т. Әсемқұловтың барлық

туындылары талғаммен келетін, қарапайым болса да қарабайыр емес, ұлттың иісі аңқып тұратын, рухты ояту негізінде жазылған дүниелер ме дерсің?! Күй сияқты құйылып жазатын жазушының бүкіл өмірі, танымы мен түсінігі, көргені мен түйгені тылсымға толы.

Т. Әсемқұловтың «Талтүсі» топ жарып шыққанда, алғашқы лебізін білдірген сыншы-ғалым, жазушы З. Серікқалиев туындыны жоғары бағалады. Үш тараудан тұратын «Талтүс» романының әрбір бөлімі өз алдына жеке әңгіме боларлық сюжеттік құрылымдармен топтасқан. Роман ата мен немеренің (Сабыт қарт пен Әжігерейдің) туыстық, шығармашылық, күйбең тіршіліктің тынысымен қатар өріліп, шебер жымдасқан. Қарияның көкейіндегі қамырықты күй арман-аңсардан, мақсат-мұраттан туған мәңгілік дұға-тілектей. Ол өзінің теперіш көрген азапты күндерін мұң ғып шағар сырлас іздемейді, сырлас күйді қызғыштай қорғайтын күй іздейді. Өзінің жан сырын жеткізетін сол күйлерін тіршілікте қалдыруға дос іздейді. Немересі Әжігерейді жанынан тастамай, жалпақ жұртқа алып шығып, үлкендермен қатарластыра орын ұсынып, қайда барса да қасынан қалдырмауы – киелі өнерді үйреніп, аталы сөзден тәлім алсын деген ақ ниетінен туған ойы. «Сені анаңның емшегінен айырып бауырыма басқанда, өнерімді ғана ойлап едім. Күн төбеден ауды. Ешкім мені іздеп келмеді. Өнерлі едің ғой деп елес-ескерген ешкімді көре қойғам жоқ. Ойға қалдым. Жасым болса келді. Шәкірт жоқ. Өнерімді ұстап қалар бір адам табылмады. Енді не істеймін. Жатсам-тұрсам ойлағаным осы қайғы... Бірақ қайда жүрсең де өнерімнің қара шаңырағы сенде. Есінде болсын, құлыным, сен менің қанатымсың [2]», – дейді.

Жазушы ата мен немеренің арасындағы туыстық қатынастағы ұрпақ тәрбиесі мен өнер тәрбиесін авторлық баяндау, кейіпкерлердің ауызекі әңгімелері арқылы өрбіте отырып, уақыт пен кеңістіктің алшақтығын байқатпай, оқиғаларды бір мекенге, бір мезгілге топтап, жинақтап, бір арқауға тізіп отырады [3]. Әрбір оқиғаның баяндалу жүйесіндегі диалог орны фабулалық желінің ауысуларына дәнекер болып тұр. Негізгі ойлар этномәдени дәстүрлермен сабақтаса отырып, романның жалпы желісі – күйшілік өнер, өнердің құдіреті, ұлттық құндылық, адам өмірінің қалтарыс-қатпарларымен қабаттаса өрілген. Шығарманың он бойы күйшілік өнердің қадір-қасиетінен тұрады. Ондағы әрбір детальда өлім мен өмір пәлсапасы, өнердегі бақ пен сор, махаббат пен қасірет, дәстүр сабақтастығы, күй мен күйшілік өнер турасындағы ойлары оқырманды алысқа жетелері сөзсіз.

Өнерін үйретіп кететін шәкірт таппай сарсылған Сабыттың туған жиені Әжігерейді сәби күнінен асырап алатыны, сол үміт еткен балаға өгейлік көрсеткен кейінгі кемпірін ат құйрығына байлап сүйрейтіні, содан баланың өлмек болып жар жағалап қашатыны, бәрі-бәрі өмір, тағдыр. Бала Әжігерей

атасы Сабыттың сол арманын орындап, небір өнерлі адамдардың айтатын аңыз-әңгімелеріне қанық болып өседі. Сонымен қатар, жазушы өнер тарихын кейіпкерлердің сұхбаты арқылы ұтымды бере біледі. Олардың аузымен айтылған әрбір тарихи сәт жай ғана баяндалып қоймайды, өзіне дейінгіні кастерлей білетін, аға ұрпақтың өнеріне риясыз бас иген кіші толқынның жан тебіренісімен астасып, әсерлілігі тіпті күшейе түседі [4].

«Талтүс» романы туралы жазушының өзі де былай дейді: «Талтүсте» былайғы оқырман байқай бермейтін жүрістер жасадым. Кем дегенде романның бес-алты жерінде менің тығулы идеяларым мен астарлы ойларым бар» [5]. Ұлт образын ашуға күш салған, кейіпкерлерінің бойына кесек-кесек мінездерді құйып берген қаламгердің бұл туындысын дәстүрлі әдебиеттің қатарынан да, постмодернистік әдебиеттің қалыбынан да көрген ғалымдар бар. Ғұмырбаяндық роман деп өзі атаған «Талтүс» шығармасындағы автор өзі кешкен өмір картиналарын, балалық шағындағы естеліктерін, өнердің құдіретін келер буынға аманаттағысы келетінін қынжыла баяндайды. Жазушының «Тұмар», «Жезтырнақ», «Көкбалақтың өлімі», «Бекторының қазынасы» сияқты туындылары – тума таланттың қаламынан ғана туатын шығармалар.

Постмодернистік бағытта жазылған шығармалар бүгінде барлық аспектілермен жаңа түр ретінде қарастырылғанымен, біраз ерекшеліктерін зерттеу барысында бұл түрдің түп негізінің ерте кездегі әдебиет нұсқаларымен жібі үзілмей келе жатқан желілерін анықтауға болады. Мәселен, миф, аңыз-эпсаналар, эпос, ертегі сияқты түрлердің постмодернистік романдарда жиі кездесіп отыратыны белгілі. Олай дейтін себебіміз, әдебиеттің немесе әдеби бағыттардың жоқтан бар болмайтыны, яғни, өзінен бұрынғы әдебиеттің жалғасы екендігінде. Дегенмен де, бұл әдебиет нұсқалары өзгеріссіз қолданылмақ емес. Тәуелсіздік жылдарынан кейін батыс әдебиетінен бастау алған экспериментке бейім постмодернистік шығармаларда жоғарыда айтылған әдеби түрлер өзінің пішіндік жағынан да, мазмұндық жағынан да, тіпті, атқаратын қызметі жағынан да өзгеріске ұшырап отыр. Осы айтып отырған тұжырымымызға жазушы Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі мысал бола алады. Уақыт пен кеңістіктің шеңберіндегі үш түрлі оқиға үш түрлі ақиқаттың желісінде орын алған. Оның алғашқысы – Қайырболдының басынан кешірген оқиғалары, екіншісі – Сағындықтың перінің қызы Бекторымен кездесуі бейнеленетін оқиға, ал үшіншісі – әңгіме кейіпкері және әңгіме ішіндегі әңгіменің авторы Сағындықтың өз туындысын аяқтап отыратын тұсы. Бұл соңғысы – шын мәніндегі болып отырған ақиқат шындық. Метапрозалық сипатта жазылған әңгіме мистикалық сарындағы ертегі желісімен сабақтас. Әңгіме басында Бекторы мен Қайырболды оқиғасының әп-сәтте ғайып болып, қазақ теледидарында тележурналист-

редактор болып қызмет атқаратын Сағындық Тілешовтың жай ғана түсі болып шығады. Яғни, мұнда түске айналған фантастикалық шындық бейнеленіп отыр. Ал енді түс көріп оянған Сағындық Тілешовтың перінің қызы Бекторымен кездесуі де болмаған елес. Біз мұны оқиға жазушының шығармасына айналған тұста бір-ақ түсінеміз, осылайша автор оқырманымен бір емес, екі рет ойын ойнайды [6].

Шығармада негізгі ақиқат бүркемеленіп, бұрмаланады да, Қайырболдының оқиғасы соның көшірмесі ретінде беріледі. Автор ертегі кейіпкерін өз әңгімесінің кейіпкеріне айналдырудағы мақсатына толық жеткен десе болады. Өйткені адам баласының шынайы өмірдегі түрлі табиғи шектеулердің негізінде жүзеге асыра алмаған іс-әрекеті виртуалды әлемде еш қиындықсыз жүзеге асып жатады. Бұл дегеніміз адам баласының сезіміне, қиялына, сеніміне шексіздік сыйлайды. Автор постмодернизм философиясының термині болып келетін симулякр әдісін ұтымды пайдаланған. Симулякр бейне, ұқсастық, көшірме ұғымдарын береді. Яғни болған оқиғаның бәрі елес, ақиқат толығымен бүркемеленіп, симулякрға айналған.

Жазушы өзінің бір сөзінде былай дейді: «Ең әуелі қандай да болмасын тексті пайымдай бастағанда, ол, өнер топырағынан өсіп шыққан ба, өнердің егеміндігінде тұр ма – осыларды анықтап алу керек». Әлемдік әдебиеттің жауһарларын сүзіп шықсаңыз, бүгінгі әдебиетіміздің құбылғыш мінезін «постмодернизмнің көріністері» деп ұққан боласыз. Бірақ, өркениет қалпымызды бұзса да, рухымызды қозғай алмайтындығына автордың осы бір шығармасы дәлел. Тіпті, «американдық роман» үлгілерінде сирек кездесетін «роман ішіндегі роман» тәсілімен адамның бойынан емес, ойынан, түпсанадағы топалаң басып, тұншығып жатқан бейсаналы өмірі айшықталады.

Шығармадағы Бекторы пері қызы – «Ер Төстік» ертегісіндегі батырға қастық ойлайтын жағымсыз кейіпкер. Десек те, немересіне күнде ертегісін айтатын әжесі оны зұлым, жауыз ретінде емес, Бекторының керімсал кербез қасиетіне баурағысы келген. Адам санасы жамандықты өз пейілімен қаншалықты көріктендіре алса, жақсылықты да жауыздықпен бүркемелей алады. Осынау қастық пен өштік бейнесіндегі кейіпкерді қалай қабылдасаңыз да өз еркіңізде. «Адам – бала кездегі алғашқы түйсік пен танымның жемісі», – дейді. Суреткер күнәден пәк кішкентай бала санасының ең нәзік сәулесіне құйылған естеліктердің барша ғұмырдың кезеңдерінде орала беретінін дәлелдейді. Түпсанадағы талмаурап естілетін үнімізді естімей, жанымызды кеміріп жүре беретіндігімізді аңғартады. Түсінде Қайырболды болып ғұмыр кешкен Сағындық шын мәнінде қалай өмір сүріп жатыр? Ішін кеулеген сансыз сұрақтардың алаңында өзін таппай жүрген адам ба? Жок, әлде, құдықтың

шыңырауындай шымға батып құмыққан өз үніне құлақ аспай жүрген адам шығар. Жүрегіне, өз үніне құлақ тоспай жүрген көптің бірі шығар. Діни тәмсілдерде «бізді іздеген, шақырған адамға біз бармыз», «біздің есікті тақылдатып сұрағанға біздің есік ашық» секілді періштелер мен перілердің уәдесі еске түседі. Қайырболды да тұрмыстан қажыған, тірліктен шаршаған, бірақ жан дүниесіндегі дауыс бәрібір Бекторы перінің құлағына жеткен деген түсінікке саяды. Демек, біз үшін тылсым деп аталатын құбылыстың бәрі осы түпсанада болып жатқан әрекеттер болмақ.

Жазушы: «Әлемде жеке дара өзі жаратылған, бөлек тұрған текст жоқ», яғни «өзім жараттым», «өзім жаздым» деу әбестік саналады. Кез келген туынды алдыңғылардың жалғасы, жұрнағы – дейді [7]. Автор өзінің зерттеу еңбектерінде интертекстуалдық мәтіннің өз шырқынан асып, өзге ойға көлеңке түсіретінін айтады. Шығармадағы ықшамдық, эмоцияға құрылған диалогтардың астарында үлкен тұжырым жатыр. Постмодерндік шығармалардың ерекшелігі де сол емес пе, ақпаратты екшеп, өлшеп, сығымдап беруге шебер. Т. Әсемқұлов өзінің «Сұлулықта ояну» атты мақаласында былай дейді: «Батыста өткен ғасырдың екінші ширегі шамасында өрістеген постмодернизм деген мәдени құбылыс болған. Анығын айтсақ, бұл, суреткерліктен гөрі қабылдаушылыққа, тұтынушылыққа таман жақын тұрған, оқудың, тыңдаудың, тамашалаудың кілтипандарын көбірек түсіндіретін ілім [8].

Жазушы шығармашылығында философиялық толғаныстарға иек арту жиі кездеседі. Оның «Шымдан» атты әңгімесіне тоқталар болсақ, ол қазақ әдебиетіндегі жаңа бейне. З.Фрейдтің жиырмасыншы ғасырдағы психоанализдік ілімі бой көтерген туындыда саналы адамдарда да бейсаналы сезімдер болатынын жеткізеді. Шығармадағы басты кейіпкер Шымдан басынан өтіп жатқан оқиғаларды түс секілді қабылдайды.

Психоанализді өз шығармасында ұтымды пайдалана білетін жазушы кемел жастағы болысты ес-түссіз ғашық еткен сұлудың жұмбақ әлеміне оқырманды қызықтырады. Ес пен түстің арасындағы сол сәттерде Шымданның жалғыз жұбанышы – Серікбай болысқа деген құштарлығы еді. Бейсаналы сезім-күйге ерік берген кейіпкердің өміріндегі әрбір деталь оны жалғыздықтан алып шыға алмады. Оны қорлаған әрбір әрекеттен үмітін үзе алмады. Себебі, қандай қорлық көріп жатса да, Серікбай құтқарып алады деген сенім оны жетектеді. Тірі адамның бет-бейнесі қалмаған оның жаны – тек құр сұлдер. Серікбай болыстың бейнесі де бұрын-соңғы шығармаларда кездеспеген өзге образ. Әдетте, болыс дегенде, көз алдымызға ақылды, айлалы кісі елестейтіні бар емес пе? Оның үстіне, қазақ прозасында болыс шеніндегі азаматты қарапайым әйел затын есі кете сүйіп, қандай да бір құрбандыққа барған жан ретінде суреттемеген. Ал бұндағы қырық

алты жастағы болыстың дүниетанымы да, көзқарасы да басқа. Сонымен қатар, шығармада барымта мәселесі де басқа қырынан ашылады. Біздің түсінігіміздегі қандықол қарақшы деп келген барымташының да бастығының адал қызметкері екенін аңғаруға болады. Өзгеше болмыс пен ерекше бітімді тауып жазған Таласбек Әсемқұловтың бұл да бір өзекті шығармасы. «Шымданда» шым-шытырық оқиға көп, бітім-болмысы бөлек шығарма. Мұнда оқиға қуушылық жоқ. Жазушының адамның жаны, адамның мәні һәм адамның құны сынды ұғымдарды зерделегені байқалады [9]. Таласбек Әсемқұлов – өмір мен өнердің кеңістігінде ғұмыр кешкен жазушы. Оның дәстүрлі өнер, мифология, этнография, тарих, кинодраматургия салаларындағы еңбектері өнер кеңістігіндегі өлшеулі өміріне мәңгілік ғұмыр сыйлады. Ұлттың тағдырын жоғары қойып, әлемдік өркениетпен астастыра қарастырған, әлем кеңістігінің шеңберінен орын алған қаламгердің ашқан жаңалықтары да жоқ емес. Әдеби туындарымен қатар жарық көрген әлемдік өркениетке қатысты эсселері, Мысыр пирамидалары, Бабылдың күйреуі туралы зерттеулері, Тұмар падиша туралы, сақтар мен парсылар, қаңлылар тарихы туралы, Қоңдыгер, Кет-Бұға, Шыңғысхан туралы еңбектері – үлкен зерттеудің, қажырлы еңбектің нәтижесі [10].

Қорытынды

Т. Әсемқұловтың жазу шеберлігіндегі ойлау деңгейі мен ойды жеткізу шеберлігі бүгінгі күннің мәселелерін түрлі эмоциямен бейнелі, ал жалпы идеялық бірлікті астыртын түрде жеткізуі ерекше құбылыс. Ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтарымыздан алшақтамай-ақ, тың туындылар тудырған талантты жазушының оқырманның сана деңгейі мен сана ағымына сай бірлікте жіктеп беруі үлкен сілкіністер әкелді. Автордың персонаж таңдай алуын, өз басынан кешкен күйзелісін шығармаға сыйғыза алуын, шығарманың сюжеттік желісіндегі деприссивтік көңіл-күйді оқырман ретінде бірден аңғара аламыз. Жазушының жеке концепциясы бар екендігі анық болса, оқырманның қабылдау инстинктісі бар. Оларға ортақ арна – эстетикалық әсер. Автор оны бере алды және оқырман да тиісінше ала алды деп ойлаймын.

Постмодернистік бағыттың белгі-көріністерін автордың барлық шығармаларындағы детальдық көріністерден аңғара аламыз. Екі оқиғаны бір желіге сыйғыза отырып баяндау, ескілік пен жаңашылдықтың ортасындағы өзара байланыс, мифтік бейнелердің көрінісін бүгінгі қоғамның әрекетімен көрсету, адам бойындағы психологиялық факторларды физикалық құндылықтармен қатар беруі де постмодернизмнің кішігірім көріністерінен хабар береді.

Т. Әсемқұлов шығармаларында оқиғаны белгілі бір ізбен баяндау кездесе бермейді. Өйткені, онда психоанализдің де белгілері кездеседі. Яғни, оқырман

шығарманың басы мен аяғын өзі құрап алуы керек деген дүние жатыр. Психоанализ де, постмодернизм де оқырманға ерекше әсер қалдырады. Әрбір оқырман шығармадан өзін іздейді. Автор әрбір шығармасында оқырманды сипаттауға тырысады. Сондықтан әдебиеттің өзінен психоанализ жасай алатын деңгейге жеткен бүгінгі оқырманның барлық сұрақтарына Т. Әсемқұловтың туындылары жауап бере алады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Әсемқұлов, Т.** Шығармалары. 1-том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2016. – 432 б.
- 2 **Әсемқұлов, Т.** Шығармалары. 2-том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2016. – 400 б.
- 3 **Садықова, А.** Талтүстегі табысу. // Азамат. – 26.08.2005.
- 4 **Рай, Қ.** Талтүс романындағы құндылықтар мәні // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2008. – № 5. – 3–6 б.
- 5 **Бөпежанова, Ә.** Таласбек өтті өмірден, тұтас бір әлем өтті өмірден. // Түркістан. – № 39. – 2.10.2014.
- 6 **Сәулембек, Г. Р. Ж.** Қорғасбек «Өлмейтін құстар», «Жаконданың жанары», Т. Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімелеріндегі симулякрдің көрінісі. – Қазақстанның ғылымы мен өнері. – № 2 (77). – 2019.
- 7 **Ордашева, С.** Құдай Бекторыны кездестіргеннен сақтасын! (Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» хикаятына орай). [Электрондық ресурс] qamshy.kz. 03.04.2015
- 8 **Әсемқұлов, Т.** Сұлулықта ояну // Алматы ақшамы. – № 155. – 26.12.2013. – 5 б.
- 9 **Сейіл, А.** Шымдан. // Егемен Қазақстан. – 16.11.2020.
- 10 **Бақдәулетқызы, Ә.** Тереңдік. Тәмсіл. Таласбек. // Айқын, № 203. – 7.11.2014.

References

- 1 **Äsemqulov, T.** Shyğarmalary. 1-tom [Works. Volume 1]. – Almaty : «Kazakh encyclopedia», 2016. – P. 432.
- 2 **Äsemqulov, T.** Shyğarmalary. 2-tom [Works. Volume 2]. – Almaty : «Kazakh encyclopedia», 2016. – P. 400.
- 3 **Sadyqova, A.** Taltüstegi tabysý [Success in the afternoon]. In Azamat. – 26.08.2005.
- 4 **Rai, Q.** Taltús romanındaғы qundylyqtar máni [The essence of values in the novel Taltús]. In News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Language, literature series. – 2008. – № 5. P. 3–6.

5. **Bópejanova, Ä.** Talasbek ótti ómirden, tutas bir álem ótti ómirden. [Talasbek passed away, a whole world passed away]. In Türkistan, – № 39. – 2.10.2014.
- 6 **Sáýlembek, G. R. J.** Qorğasbek «Ólmertin qustar», «Jakondanyń janary», T. Äsemqulov «Bektorynyń qazynasy» ängimelerindegi simýlákrdiń kórinisi [The appearance of the simulator in the stories of J. Khorgasbek «Immortal birds», «Jaconda's flame» and T. Asemkulov «Bektor's treasure»]. In Qazaqstannyń ғыlymy men óneri. – № 2 (77). – 2019.
- 7 **Ordasheva, S.** Qudai Bektoryny kezdestirgennen saqtasyn! (T. Äsemqulovtyń «Bektorynyń qazynasy» hikaıatyna orai) [God forbid I meet Bektor!"] (T. Asemkulov «Treasure of the Bectori»). [Electronic resource] – qamshy.kz. – 03.04.2015.
- 8 **Äsemqulov, T.** Sulýlyqta oıaný [Awakening in beauty]. – Almaty aqshamy. – № 155. – 26.12.2013. – P. 5.
- 9 **Seil, A.** Shymdan [Pants]. In Egegen Qazaqstan. – 16.11.2020.
- 10 **Baqdäyletqyzy, Ä.** Tereñdik. Támsil. Talasbek [Depth. Fable. Talasbek]. In Aıqyn. – № 203. – 7.11.2014.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

*К. Т. Жанузакова¹, Б. Г. Камбарова²

^{1,2}Казахский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

ХУДОЖЕСТВЕННО-СТИЛЕВЫЕ ИСКАНИЯ В ПРОЗЕ Т. АСЕМКУЛОВА

В статье рассматривается художественный мир творчества известного писателя Таласбека Асемкулова, его место и художественная ценность в современной казахской прозе. На материале реальных произведений анализируются тематические и художественные особенности прозы писателя, постмодернистские стилистические искания. Рассматриваются проблема национальных ценностей в казахской прозе и художественно-стилевые искания произведений писателя, который отличается своеобразным стилевым почерком. Не остались без внимания и вопросы авторской позиции и художественного восприятия, влияние произведений на читателя. Кроме того, различается специфика постмодернистского познания в прозе писателя, его детальность и ментальность, анализируется их художественная деятельность. Рассматриваются основные проблемы творческой лаборатории писателя и отражение постмодернистских тенденций. Художественно-стилевые изыскания, идейно-тематические особенности в прозе Таласбека Асемкулова дифференцируются на основе

художественных приемов в рамках постмодернизма. Анализируется на основе произведений «Сокровища Бекторы», «Шымдан», «Полдень» (Талтус), мифологических элементов, философских наполнений, мистических красок, образов в портретной живописи. В прозе писателя раскрывается художественная деятельность мифической линии, ставшей способом философской мысли, и рассматривается в преемственности с актуальными духовными проблемами сегодняшнего дня.

Ключевые слова: художественно-стилевые искания, постмодернистская тенденция, проза, художественный мир, мифологический элемент, идейно-тематические особенности.

*K. T. Zhanuzakova¹, B. G. Kambarova²

¹²Kazakh National Women's Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 11.03.22.

ARTISTIC AND STYLISTIC RESEARCH IN THE PROSE OF T. ASEMKULOV

The article examines the artistic world of Talasbek Asemkulov's creativity, its place and artistic value in modern Kazakh prose. The problem of national values and artistic and stylistic searches for the prose of the writer, which is distinguished by a peculiar handwriting, are considered. The issues of the author's position and artistic perception, the influence of works on the reader were not ignored. In addition, the specifics of postmodern knowledge in the writer's prose, its detail and mentality differ; their artistic activity is analyzed. The main problems of the writer's creative laboratory and the reflection of postmodern trends are considered. Artistic and stylistic research, ideological and thematic features in Talasbek Asemkulov's prose are differentiated on the basis of artistic techniques within the framework of postmodernism; they are analyzed on the basis of the works «Treasures of Bektor», «Shyman», «Taltus», mythological elements, philosophical fillings, mystical colors, images in portraiture. The writer's prose reveals the artistic activity of the mythical line, which has become a way of philosophical thought, and is considered in continuity with the current spiritual problems of today.

Keywords: artistic and stylistic research, postmodern trend, prose, art world, mythological element, ideological and thematic features.

FTAMP 16.31.02

<https://doi.org/10.48081/AXDC1708>

*Р. О. Жуманбаева¹, Гүрер Гүлсевин²

¹Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

²Еге университеті, Түркия, Измир қ.

ЖАРНАМА ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада жарнама тілінің зерттелуі қарастырылған. Коммерциялық коммуникацияда жарнаманың ерекше орын алатыны белгілі. Заман ағымына байланысты онлайн не офлайн бизнесіңді өркендету үшін тұтынушылармен дұрыс коммуникацияға түсу қажет. Ұсынып отырған қызметіңді дұрыс жарнамалап, сапасын, артықшылықтарын жеткізе білуің маңызды. Осы арада тұтынушылармен коммуникацияны дұрыс орнату, тауарыңды немесе инфобизнесіңді өзіңді дұрыс сата білу деген мәселе туындайды. Сондықтан ғылыми мақалада қоғамдық өмірде ерекше рөл атқаратын жарнама мәтінінің түрлі аспектіде зерттелу қызметін саралау мақсаты қойылған. Бұндай мақсат өз кезегінде болашақ зерттеулердің бағыты мен өзектілігін айқындайтыны анық.

Мақаланың ғылыми зерттеу нысаны ретінде жарнама тілі мен қызметі туралы жазылған зерттеулер алынған. Жарнаманың беделі оның қоғам дамуының басты қозғаушы күші болып табылатын бизнестің мүдделеріне қызмет ететіндігімен байланысты анықталады. Бизнес пен сауданың дамыған заманында өмір сүріп отырғандықтан, жарнаманың теориясы мен практикасына, экспрессивті–бейнелеу құралдары мен технологияларын зерттеуге көбірек көңіл бөліну қажет. Мақалада жарнаманың адамдардың ойлау тәсіліне әсер етіп, құндылық басымдықтарын қалыптастыратындығы, жарнаманың біртіндеп ақпараттылық белгілерін жоғалтып, прагматикалық, манипуляциялық қызмет атқаратындығы, сол арқылы санамыз бен түпсанамызға әсер ететіндігі туралы ғылыми зерттеулер сараланып, жарнама тілін не үшін зерттеу қажеттілігі туралы қорытынды жасалады.

Кілтті сөздер: жарнама, зерттеулер, жарнамалық коммуникация, жарнамалық мәтін, дискурс, жарнама функциясы.

Кіріспе

XXI ғасыр сауда-саттық пен түрлі бизнестің дамыған ғасыры болып отырғаны белгілі. Бүгінде ел өмірі ғаламтормен тығыз байланысты. Соның негізінде инфобизнес, делдалдық сауда деген бизнес түрлері пайда болып, қарқынды дамуда. Онлайн сауданың дамуына кейінгі жылдары әлемге тараған ковид індетінің әсерін де атап айтуымызға болады. Халықтың оқшаулануына байланысты офлайн сауда дамуы тежеліп, онлайн сауда өрістеді. Бүгінде бизнесмендердің елу пайыздан астамы офлайннан онлайнға көшкен. Оған қоғам мен әлеуметтің өмір сүру салты дәлел болып отыр. Сонымен қатар онлайн бизнеспен шұғылданудың өз артықшылықтары бар. Онлайн бизнестің артықшылықтары ретінде сауда-саттық жасау үшін арнайы сауда орнының, сауда ғимаратында жұмыс жасайтын сатушы, күзетші, техперсонал сияқты жұмыс күшінің де қажеті болмайтындығын айтуымызға болады. Бизнесмендер артық шығын шығармай, ғаламторда отырып –ақ instagram, olx және тағы басқа онлайн қызметтер арқылы саудасын жүргізуде. Бірақ бұл жерде маңыздысы – тұтынушылармен дұрыс коммуникацияға түсе білу. Ғаламтор арқылы бизнестің дұрыс жарнамалап, сапасын, артықшылықтарын жеткізе білуде. Міне, осы арада тұтынушылармен коммуникацияны дұрыс орнату, тауарынды немесе өзіңді дұрыс сата білу (егер инфобизнеспен айналысатын болсаңыз) деген мәселе туындайды. Осы орайда жарнаманың маңыздылығы көрінеді. Жарнаманың алуан түрі ғаламтор арқылы таралуда. Бүгінгі таңда жарнама сияқты әлеуметтік құбылыссыз адами қарым-қатынас саласын елестету қиын. Жарнама адамдардың ойлау тәсіліне әсер етіп, құндылық басымдықтарын қалыптастыруға көшкен. Қазіргі уақытта жарнаманың теориясы мен практикасына, оның экспрессивті–бейнелеу құралдары мен технологияларын зерттеуге көбірек көңіл бөлінуде. Сондықтан мақалада жарнаманың тілдік тұрғыдан зерттелуі сараланады.

Материалдар мен әдістер

Ізденіс барысында жарнама тілін зерттеу нысаны еткен ғылыми еңбектерді қарастырдық. Жарнама мәтінін қай аспектіде зерттеп, қандай ғылыми тұжырымдар жасағанын саралауда эмпирикалық деңгейдегі жинақтау, салыстыру әдістерімен қатар теориялық деңгейдің талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі уақытта филологтардың коммуникация мәселелерін, соның ішінде жарнаманы зерттеуге деген қызығушылықтары артуының бір себебі ақпараттық үдерістердің қоғамдағы рөлінің тез артуына байланысты болса керек. Осыған орай жарнамалық мәтіннің лингвистикалық аспектісі белсенді зерттелуде. Қазіргі тіл білімінде жарнаманы дискурс түрі ретінде зерттеуге қызығушылық артуда. Нақтырақ айтсақ, жарнама дискурсының көбірек

ғылыми зерттеу нысанына ілінуі XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басы. Осы кезеңде жарнамалық коммуникация мәселесі отандық және шетелдік зерттеушілердің қызығушылығын арттырды.

Орыс тіл біліміндегі А. Г. Дулянинов, Л. А. Кочетов, Э. А. Лазарев, В. В. Резниченко, А. Г. Смирнов, Е. А. Терпугов, С. Н. Усачев, К. А. Шишигин, Н. В. Щербиндердің зерттеу еңбектері осы бағытта жазылған. Аталмыш ғалымдардың еңбектерінде жарнамалық дискурс, жарнамалық дискурстың стратегиясы мен тактикасы, жарнама стилі, жарнамалық мәтіннің семантикалық ерекшеліктері қарастырылған. Кейбір зерттеулер жарнама мәтінін лингвомәдени аспект тұрғысынан саралаған.

Жарнама адамның санасына жаңа ақпарат немесе жаңа білім беріп қана қоймай, адамның өмір сүру қажеттіліктері мен өмір сапасын жақсарту жолдары туралы идеяларды енгізеді. Жарнаманың сол арқылы қоғамдағы прогресті қолдайтындығын «Жарнама стилистикасы» еңбегінде Э. А. Лазарева айтқан [1].

Жарнамалық мәтінді құру мен жарнама функциясының түрлі аспектілері Л. Г. Фещенко, З. Я Тураева, С. Г. Тер-Минасова, Д. Э. Розенталь, Н. Н. Кохтев және басқа зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Жарнамалық мәтіннің синтаксистік құрылысының ерекшеліктерін, оның экспрессивті сипаттамаларын зерттейтін көптеген зерттеулер бар. Е. И. Козиолова, О. А. Ксензенко, Э. А. Лазареваның еңбектері осы бағытта жазылған. Жарнамалық мәтін жарнамалық хабардың негізгі мазмұнын ашады. Оның міндеті – назар аударту, қызығушылық тудыру және ұсынылған өнімді сатып алуға сендіру.

Жарнаманың беделі оның қоғам дамуының басты қозғаушы күші болып табылатын бизнестің мүдделеріне қызмет ететіндігімен анықталады. Бүгінгі таңда қазақ, орыс тілдеріндегі жарнама біртіндеп ақпараттылық белгілерін жоғалтып, прагматикалық, манипуляциялық қызмет атқаруда. Сол арқылы санамыз бен түпсанамызға әсер етеді деп сеніммен айтуға болады. Оларда адамға әсер ету үшін түрлі тәсілдер, коммуникация құралдары қолданылады. Бұқаралық коммуникацияда адамға әсер ету үшін жұмсалған түрлі тәсілдерді қолдану дәрежесі соншалықты жоғары, сондықтан зерттеуші Е. В. Медведева «Жарнамалық коммуникация» еңбегінде жарнама, бұқаралық ақпарат, іскерлік қарым-қатынас және насихат сияқты әдебиеттерде жүзеге асырылатын манипуляциялық байланыстың бар екенін нақты көрсетті [2, 92].

Манипуляция адамдар арасындағы қарым - қатынас нысаны ретінде жарнама өндірушілер мен оны тұтынушылар арасындағы өркениетті қатынастарға көшу кезеңі ретінде қарастырылады, ол көбінесе әлеуметтік қатынастарды онтайландыру деп аталады.

Жарнамада манипуляциялық әдістерді қолдану мүмкіндігі мен қажеттілігі, бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінен әлеуметтік шындықты беру туралы күрделі пікірталас мәселелерін Е. Е. Анисимова, О. А. Артемьев, И. Я. Балабанова, Г. Бобровская Л. Л. Геращенко, Е. А. Елина еңбектерінде қарастырылған.

Жарнама – қазіргі қоғам өміріндегі маңызды аспект, лингвомәдени құбылыс. Жарнамалық дискурс адами құндылықтар жүйесі туралы маңызды ақпарат береді, өйткені жарнама, бір жағынан, тиісті лингвистикалық және мәдени ортаға бейімделеді, екінші жағынан, оны өзі қалыптастырады.

Жарнамалық дискурсты талдауда лингвомәдени көзқарас маңызды орын алады. Жарнамалық дискурстың лингвомәдени талдауын жүргізу үшін А. В. Олянич жарнаманың ауызша компонентін зерттеудің лингвистикалық параметрлерін, сонымен қатар жарнаманың вербалды емес компонентін (бейнелер, постерлер және баннерлер) зерттеуге арналған экстралингвистикалық классификацияны жасаған:

1) лингвистикалық параметрлер:

- эксплициттік/имплициттік (бұл қабылдау кезінде бағалау мәнінің ашықтығы мен жасырындығы);

- фонетикалық деңгей;
- лексикалық деңгей;
- грамматикалық деңгей;
- стилистикалық деңгей;

2) экстралингвистикалық параметрлер:

- визуальды деңгей;
- аудио деңгей;
- интертекстуалдылық;
- прецеденттілік [3, 156].

Болашақ журналистер мен тіл мамандары үшін шығарылған Э. В. Булатованың «Жарнамалық дискурс мәтіндерінің стилистикасында» жарнамалық дискурстың жалпы сипаттамасы беріліп, жарнаманың тікелей, жанама, жасырын түрдегі үш дискурсивті формасын модельдеу принциптері қарастырылады. Жарнамалық коммуникацияда жіберілетін негізгі қателіктер анықталып, жарнама мәтіндерін талдаудың дискурсивті әдістері ұсынылады. Сонымен қатар мәтін және дискурс терминдеріне анықтама беріледі. Жарнамалық дискурсқа сипаттама жасайды. Жарнамалық дискурс пен мәтіннің ерекшеліктері анықталады [4].

Мәтін мен дискурстың өзара байланысы, ерекшелігі, айырмашылығы біраз ғылыми зерттеулерге арқау болған.

Әлемдік ғаламторда клиенттер тарту мақсатында түрлі маркетингтік хабарламалар жіберіледі. Жарнамалар тұтынушыларға әртүрлі жолдармен

берілуде. Мәтіндік жанама, баннерлер арқылы жасалған жарнамалар, әлеуметтік сеттердегі және электрондық пошталар мен спам ретінде келетін жарнамалар.

Жарнама психологиясын зерттеуші Б. Разумовский жарнаманы тұтынушы бірден байқай қоймайтындығын, байқаса да назар аудармайтынын, бірнеше рет көргеннен кейін ғана оқып, ойлана бастайтынын, таныстарына айтатынын, тек алтыншы рет көргеннен кейін ғана сатып алуды ойлайтынын, жетінші ретінде сатып алатынын дәлелдейді [5]. Бұл жарнамалардың жиі қайталанып берілуі ұтымды тәсіл екенін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде жарнама туралы зерттеулер өткен ғасырдың соңғы он жылдығынан бастап жазыла бастаған. Қазақ лингвистикасында жарнама тілінің кештеу зерттеле бастауының бір себебі жарнамалардың көбінесе орыс тілінде берілуі болса керек. Еліміздің экономикасы өрлеп, қоғамда нарықтық қатынас берік орнықты. Осының негізінде кейінгі кезеңде қазақ тіліндегі жарнамалардың саны артты, бірақ әлі де орыс тіліндегі жарнамалар басымдық алуда. Дегенмен қазақ тіліндегі жарнамалар күн санап көбейіп, түрлі бағыттағы зерттеулерге нысан болуда.

Ғ. Ә. Солтанбекованың «Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі» зерттеуінде қазақ жарнамаларының тілдік сипаты мен прагматикалық қызметін қалыптастырушы факторлармен қатар қазақ жанрнамаларының тілдік, стильдік ерекшеліктері қарастырылған [6].

Мемлекеттік тілдің жарнама саласындағы қызметі, жарнама саласында мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту жолдары С. А. Асанбаеваның «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолінгвистикалық өзекті мәселелері» атты диссертациялық жұмысында қарастырылған [7].

Қорытындылар

Жарнамалық мәтін тілін, функциясын зерттеуге деген қызығушылықтың туындауы жарнаманың қазіргі қоғамға тигізіп отырған әсері деген қорытындыға келдік. Өйткені тәуелсіз қазақстан жаһандану үдерісіне байланысты түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бұл өз кезегінде жарнамаға әсер етті. Жарнама жаңа мәртебеге ие болды және қоғамдағы көрнекті мәдени құбылысқа айналды. Ол – тек сатып алуға ынталандыру емес, сонымен қатар жеке тұлғаның өмір салты мен дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етуші. Отандық және шетелдік ғалымдардың жарнамаға және оның тілін зерттеуге деген қызығушылықтарының туындау себептерінің бірі осы болса керек деген тұжырымға келдік.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Лазарева, Э. А.** Стилистика рекламы. – Екатеринбург : Архитектон, 2005. – 161 б.
- 2 **Медведева, Е. В.** Рекламная коммуникация. – М., 2003. – 280 б.
- 3 **Олянич, А. В.** Потребности – дискурс – коммуникация. Монография. / А. В. Олянич. Волгоград : Парадигма, 2004. – 507 б.
- 4 **Булатова, Э. В.** Стилистика текстов рекламного дискурса. – Екатеринбург, 2012. – 265 б.
- 5 **Разумовский, Б.** Искусство рекламы. – Минск : Полымия, 1984. – 112 б.
- 6 **Солтанбекова, Г. Ә.** Қазақ жарнамалары : тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі : Филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2001. – 29 б.
- 7 **Асанбаева, С. А.** Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социоллингвистикалық өзекті мәселелері : Филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 1999. – 28 б.
- 8 **Колокольцева, Т. Н.** Рекламный дискурс и рекламный текст. – М., – 2013. – 296 б.
- 9 **Ухова, Л. В.** Эффективность рекламного текста. – М., 2014. – 201 б.
- 10 **Андреева, А. А.** Психология рекламы. – Т., 2016. – 52 б.
- 11 **Ромат, Е. В., Сендеров, Д. В.** Маркетинговые коммуникации. – П., 2017. – 496 б.

References

- 1 **Lazareva, E. A.** Stilistika reklamy [Stylistics of advertising] - Yekaterinburg: Architecton, 2005. – 161 p.
- 2 **Medvedeva, E. V.** Reklamnaya kommunikatsiya [Advertising communication] – М., 2003. – 280 p.
- 3 **Olyanich, A. V.** Potrebnosti- diskurs-kommunkatsiya: Monograph [Needs - discourse - communication: Monograph] / A. V. Olyanich. – Volgograd : Paradigm, 2004. – 507 p.
- 4 **Bulatova, E. V.** Stilistika tekstov reklamnogo diskursa [Stylistics of advertising discourse texts]. – Yekaterinburg, 2012. – 265 p.
- 5 **Razumovsky, B.** Iskusstvo reklamy [The art of advertising]. – Minsk : Polymiya, 1984. – 112 p.
- 6 **Soltanbekova, G. A.** Qazaq jamamalary : tildik sipaty және olardyñ yqpал etu qyzmeti [Kazakh advertising: linguistic nature and their impact] Philol. Gyl. cand. autoref. – Almaty, 2001. – 29 p.

- 7 **Asanbaeva, S. A.** Zharnama salasynda memlekettik tildi koldanudyn sociolinguistialyq ozekti maseleleri [Sociolinguistic issues of using the state language in advertising]. Philol. science candid. autref. – Almaty, 1999. – 28 p.
- 8 **Kolokoltseva, T. N.** Reklamnyi diskurs I reklamnyi tekst [Advertising discourse and advertising text]. – Moscow, 2013. – 296 p.
- 9 **Uhova, L. V.** Effektivnost' reklamnogo teksta [The effectiveness of advertising text]. – Moscow, 2014. – 201 p.
- 10 **Andreeva, A. A.** Psikhologiya reklamy [Psychology of advertising]. – Tyumen, 2016. – 52 p
- 11 **Romat, E. V., Senderov, D. V.** Marketingovyye kommunikatsii [Marketing communications]. – Piter, 2017. – 496 p.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

*Р. О. Жуманбаева¹, Гурер Гульсевин²

¹Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

²Университет Еге, Турция, г. Измир.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

ИЗУЧЕНИЕ И ФУНКЦИЯ ЯЗЫКА РЕКЛАМЫ

В статье представлено изучение языка рекламы. Известно, что реклама занимает особое место в коммерческой коммуникации. В связи с течением времени, чтобы развивать свой бизнес онлайн или офлайн, необходимо правильно общаться с потребителями. Важно правильно рекламировать предлагаемую услугу, уметь передать качество, преимущества. Между тем, возникает вопрос правильного установления коммуникаций с потребителями, умения правильно продать свой товар или себя в инфобизнесе. Поэтому в научной статье ставится цель дифференциации исследуемой деятельности в различных аспектах рекламного текста, играющего особую роль в общественной жизни. Такая цель, в свою очередь, определяет направление и актуальность будущих исследований.

В качестве объекта научного исследования статьи взяты исследования, посвященные языку рекламы. Престиж рекламы определяется тем, что она служит интересам бизнеса, который является главной движущей силой развития общества. Поскольку мы живем в век развития бизнеса и торговли, необходимо уделять больше внимания теории и практике рекламы, изучению выразительно-

изобразительных средств и технологий. В статье проанализированы научные исследования о том, как реклама влияет на мышление людей, формирует ценностные приоритеты, что реклама постепенно утрачивает признаки информативности, выполняет прагматическую, манипулятивную деятельность, тем самым воздействуя на наше сознание и сознание, делается вывод о необходимости изучения языка рекламы.

Ключевые слова: реклама, исследование, рекламная коммуникация, рекламный текст, дискурс, рекламная функция.

*R. O. Zhumanbayeva¹, Gurer Gulsevin²

¹L. N. Gumilev Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan

²Ege University, Turkey, Izmir.

Material received on 11.03.22.

LEARNING AND FUNCTION OF THE ADVERTISING LANGUAGE

The study of the language of advertising is presented in the article. It is known that advertising occupies a special place in commercial communication. In connection with the flow of time, in order to develop their business online or offline, it is necessary to properly communicate with consumers. It is important to properly advertise the offered service, to give quality, priority. Along the way, it raises the question of the correct installation of communications with consumers, the ability to properly sell their goods or themselves in the info business. Therefore, in a scientific article there is a purpose of differentiation of the studied activity in various aspects of the advertising text, playing a special role in public life. Such a goal, in turn, determines the direction and relevance of future research.

As an object of scientific research articles is taken research, dedicated to the language of advertising. Prestige of advertising is determined by the fact that it serves the interests of the business, which is the main driving force of the development of society. In fact, we live in the century of business development and trade, it is necessary to pay more attention to the theory and practice of advertising, the study of expressive means and technologies. The article analyzes scientific research on how advertising affects people's thinking, forms value priorities, that advertising gradually loses its signs of information content, performs pragmatic, manipulative activities, thereby influencing our consciousness, and concludes that it is necessary to study the language of advertising.

Keywords: advertising, research, advertising communication, advertising text, discourse, advertising function.

FTAMP 17.07.31

<https://doi.org/10.48081/ZMVY5767>

*Н. Қ. Жүсіпов¹, Е. Қ. Жүсіпов², М. Н. Баратова³

^{1,2,3}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ЖӘЛЕЛӘДДИН РУМИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СЮЖЕТ ТӨРКІНДЕСТІГІ

Әлемдік мәні бар шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген әсері орасан зор. Шығыс пен қазақ әдебиеті арасындағы байланыстың тамыры тереңде жатқаны белгілі. Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы байланысын сараптағанда, тақырып, идея, қаһарман сомдау т.б. мәселелеріндегі төркіндестікпен қатар шығарма сюжетін ықшамдап сараласақ, туынды фабуласындағы үндестік, жалғастық, сабақтастық та назар аудартады. Мақалада шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі сюжет төркіндестігі, оның ішінде шығыс ақындарының ішіндегі биік тұлға, шығармалары сопылық поэзияның биік шыңы деп танылған, моулана сопылық бауырластығының негізін қалаушы, парсының атақты мистик-ақыны Жәлеләддин Руми мен ақын, тарихшы, фольклорист, публицист, сыншы, шежіреші, әулие, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастықты, ұқсастықтар мен айырмашылықтарға талдау жасалынды.

Кілтті сөздер: сюжет, мысал, шығыс әдебиеті, қазақ әдебиеті, поэзия, араб әдебиеті, парсы әдебиеті.

Кіріспе

Шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі сюжет төркіндестігі мәселесі кеңінен зерттеуді талап ететін ауқымды сала. Бұл бағытта осы күнге дейін біраз ізденістер жасалды. Алайда, бұл салада жан-жақты саралау, зерттеу, зерделеу әлі де көп көңіл бөлуді қажет етеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бір ғана өлеңінің сюжетін саралау арқылы, біз шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті арасындағы сюжет төркіндестігінің қаншалықты тереңде жатқанын аңғарамыз.

Материалдар мен әдістер

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туындыларының басым бөлігіне шығыстан келген сюжеттер арқау болған. Бұлай тұжырым жасауға түрткі болған

дәлелдердің бірі ретінде ақынның «Аңқау адам туралы» мысалын атауға болады. Мысалдың өзі ортақ сарындағы екі оқиғадан тұрады. Алғашқы оқиғада аңқау сарт (ақын заманында отырықшы өзбектерді көшпелі қазақтар «сарт» деп атаған) үйінен есегін жетектеп шығып, жануар шаршамасын деп, оған мінбей жаяу жүріп бір қуларға, яғни ұрыларға кез болады.

Есегін сарт бишара жетелепті,
Арасын тау мен тастың төтелепті.
Жолменен жалғыз қаңғып келе жатып,
Қуларға кез болыпты өңшең епті.

Жалғыз келе жатқан сарттың есегін ұрламақшы болып уағдаласқан ұрылар айлаға басады.

Ұрының сонда жетіп бірі барды,
Есектің басындағы ноктаны алды.
Киді де өз басына кете барды,
Сол жерде есекті алып бірі қалды.

Ұрының есекті алып бірі қалды,
Біреуі еріп сартпен кете барды.
Есегім жетегімде келеді деп,
Деп қиял, көрместен сарт ойына алды.

Осы әдісті пайдаланған ұрылардың бірі қарасын үзгенде екіншісі ноктаны тартып, тұра қалды. Есегі неге тартынғанын түсінбеген сарт артына қараса, хайуан жоқ, нокталаулы бір адам жетегінде тұр. Қатты сасқан сарт жөн сұрағанда, ұры өзін еріп жүрген есек ретінде, таныстырып бұл жағдайға қалай киіліккенін баяндайды:

– Мен өзім дәл өзіндей адам едім,
Шешемді көп ренжіткен надан едім.
Жұмсаса, тілін алмай, қарсыласып,
Дарақы, бейпіл ауыз жаман едім.

Бір күні шешеммен қарсыластым,
Бетіне жерден алып топырақ шаштым.
Қарғады сонда мені: «Есек бол!» -деп ...[1, 179].

Осыдан кейін өзінің есекке айналып, ауыр азап шегіп, құдайға көп жалбарынғанын айтады. Бір күні шешесі бұны аяп, «қайта адам бол», -деп тілек жасапты, соның арқасында бұл өзінің адам кейіпіне қата еніпті-міс. Бұл хикаяны естіген сарттың зәре-құты қалмай, берекесі қашады:

Мұны естіп сарт бейшара кетті шошып,
Адырайып екі көзі зәресі ұшып.
Есегің қолындағы адам шықса,
Мал түгіл кетерсің сен жаннан көшіп [1, 180].

Үйіне қатқан соң, ол басынан өткізген оқиғасын әйеліне хабарлайды. Әйелі бұл адамды хайуан есебінде талай ұрсып-ұрғанын еске салып: «Қой сойып құрмалдық бер», – дейді. Қой сойып құрмалдық берілген соң, біраз уақыт өтеді. Сарттың іші пысып, әйелінің ақылымен базарға барып, жөні түзу бір есек сатып алмақшы болады.

Базарға бұрын сарт барып жүрген,
Нәрсесін керек-жарақ алып жүрген.
Есегін әнеу күнгі көрді дейді,
Сатуға жорғалатып салып жүрген.

Есегін көргеннен соң білді танып,
Қасына жақындапты жуық барып.
Сыбырлап құлағына айтты дейді:

– Пәлеге тұтылдың ба тағы қалып?!
Іштің бе үйге барып арақ?-дейді.
– Болыпсың тағы мұндай харап,- дейді.
– Алам деп тағы сені әуре болсам,

Қалармын дат деп бір күн қарап,- дейді.
– Сен, есек, көп жолама маған!-дейді,
– Ренжіттің неге ананды, надан?!-дейді.
– Кетуің адам болып саған оңай,
Өлсем де, жоламайын саған!-дейді. [1, 181 б.].

Осыны айтып сарт жаяу – жалпы үйіне қайтады. Оқиға аяғы ащы мысқылмен (сарказммен) аяқталады.

Солар да бір қатынға ие болып,
Әйтеуір бұл жалғаннан өмір өтті [1, 181 б.].

Нәтижелер мен талқылау

Шығыс әдебиетіндегі осы типтес «сюжеттерді» саралай отырып, «Мың бір түндегі», «Адам болған есек туралы» әңгімеге [2, 362–363 б.] назар аударғымыз келеді. Мәселен, үш жүз сексен үшінші және төртінші түндерде айтылған әңгіменің мазмұны Мәшһүр Жүсіп мысалымен толық сәйкес келеді. Мәшһүр Жүсіпте екі ұрының бірі есекті алып қашып, екіншісі ноктаны өзі мойнына тағып, еріп жүре берсе, «Мың бір түнде» де оқиға осылай өрбиді. Есектен адамға айналған ұрының бастан кешкен хикаясы да бірдей. «Мың бір түнде» үйіне келіп, басынан кешкенін айтқан адам жеті нан пісіріп құдайы берсе, Мәшһүр Жүсіп те қой сойып, құрмалдық шалады. Базарға барып есегін танып, жоламауы да дөп келіп тұр. Тек «Мың бір түнде» алданған адам басқа есек сатып алып қайтады.

Проза түрінде жазылған бұл әңгімені ақын мысал ретінде жырлап, оны қазақ даласына тән ұлттық мәнге сай өлең формасына енгізген. Мысалдың көркемдік ерекшелігіне қарап отырып, оның өте тартымды және ұлттық нақышқа сай екенін байқауға болады. Осы мысал арқылы аңқаулықтың бітімін, яғни адам аңқаулығының шебер суреттелгенін көреміз. Ал сюжеттің «Мың бір түннен» тікелей алынуына шүбә келтіруге болмайды, өйткені автор араб, парсы тілдерін жетік білгендігінің арқасында Шығыстың көптеген шығармаларымен ана тілдерінде жете танысқаны белгілі.

Ал жоғарыда аталған оқиға «Мың бір түнде» қалай пайда болды деген сауал туары да анық. «Мың бір түн» жинағының пайда болу тарихы жайлы Х ғасырда өмір сүрген Ибн ал-Надим өзінің анықтамасында былай дейді: «Алғашқылардың бірі болып, бұл ертегілерді құрастырған, жазып алып жинаққа топтастырған сол сияқты кейбіреулерін хайуандар атынан сөйлеткен ежелгі парсылар еді. Одан кейін бұл іспен парсы патшаларының үшінші әулеті Аршанидтер айналысқан. Сасани патшалары тұсында бұл ертегілер сан жағынан көбейіп, кең таралған. Арабтар, оларды өз тіліне аударған. Бұл іске араб тілін жетік білген әдебиетшілер ат салысқан... [3, 502 б.]. Бұған қарама-қарсы да ой-тұжырымдар да баршылық. Соның бірі Сильвестер де Сасидің Еуропаның белгілі арабтанушысының ойын И. М. Фильштинский былай деп береді: «Қарама-қарсы, ең шеткі көзқараста XIX ғасырдың кейбір ірі арабтанушылары болды. Мәселен, А. И. Сильвестер де Саси (1758–1838) жинақтың үнді-ирандық түбінің барлығын жалпы жөкқа шығарған, ал әл-Масудидің нұсқасы көңіл тоқтарлық жәйт емес екенін, бүкіл жинақ ортағасырлық арабтардың туындысы екенін айтып, ал мәтіндегі Үндістан мен Иранның аталуы – ойдан алынған анахронизмдер деген. Өз пікірін ол мынадай тұжырымға негіздеген, яғни «Мың бір түннің» өне бойынан Ислам дүние танымын көреміз, суреттелетін ғұрыптар арабтардікі, ал тілі – қарапайым халықтың тілі, яғни құлдырау дәуіріндегі сириялық диалектіге жақын [3, 505 б.]. Осы ойларға қоса белгілі арабтанушы Ә. Дербісәлиевтің де пікірін тілге тиек етуді жөн көрдік: «...Индия, Иран халқының ертегілерімен қатар Месопотамия, Түрік жұртының әңгімелері де «Мың бір түн» ертегілеріне белгілі бір шамада әсер еткен деуге болады. Өйткені «Мың бір түннен» аталған ел әдебиеті мен тілінің көптеген элементтері ұшырасады. Мысалы, ертегілерден үндінің Синдбад, түркілердің Али Баба, Хатун, парсылардың Шаһризада, Диназад, Шаһзаман, Бахрам, Рүстем секілді есімдерін оқимыз. Сондай-ақ ертегілерде грек және еврей есімдері кездеседі» [4, 190 б.].

«Мың бір түн» жинағының пайда болуы, таралуы, тарихы жайында айтылған пікірлер сан алуан және әртүрлі. Жоғарыда айтылған пікірлерді назарға ала отырып, біз ерте заманнан әдеби шығармаларымен аты шыққан

Үндістан елінің әдебиетіне зер салған жөн деп санаймыз. Үндістан әдебиетінің дүниежүзілік әдебиетке, оның ішінде парсы, араб елдерінің әдеби шығармаларына зор ықпал жасағаны белгілі. Көне үнді әдебиетінің үздік шығармалары – «Махабхарата», «Рамаяна», «Панчатантра» т.б. Осылардың ішінде дүниежүзі әдебиетінің алтын қорына енетін «Панчатантра» туралы белгілі ғалым Мариан Галиктің пікірі назар аударарлық: «Жалпы әдеби жанрлардан сол замандағы әдеби бірлестіктерге санскрит тілінде жазылған «Панчатантра» әңгімелер жинағы үлкен әсер еткен. Оның өзі шамамен біздің дәуіріміздің III-V ғасырларында пайда болған. VI ғасырда бұл кітап ортағасырлық парсы (пехлеви) тіліне аударылса, VIII ғасырда араб тіліне «Кәлилә мен Димнә» болып тәржімаланды. Ал XII ғасырда грек тіліне араб нұсқасынан, содан кейін XII ғасырда еврей (Иврит) тіліне және XIII ғасырда латын тіліне, одан көптеген еуропалық тілдерге (соның ішінде 1528 ж. чех тіліне) аударылды. Әлемнің 60 тілінде шамамен 200-ге жуық аудармалары өмір сүруде. Көрнекті орыс шығыстанушысы С. Ф. Ольденбург «Панчатантра» әлемде Інжілден кейін ең таралымды кітаптардың біріне айналу бұйырғанын» [5, 166] атап өтті. «Панчатантраның» араб тіліндегі аудармасы – «Кәлилә мен Димнә». «Кәлилә мен Димнәнің» араб әдебиетіне қаншалықты әсері болғанын атақты арабтанушы академик И. Ю. Крачковский де атап өткен [6].

Бұл туындыда «Мың бір түндегі» «Адам болған есек туралы» әңгімеге ұқсас хикая бар. Біз осы хикаяны «Кәлилә мен Димнәдағысын» емес, «Панчатантрадағысын» қарастырып көрмекшіміз, өйткені алдыңғысы соңғысының тікелей аудармасы.

Митрашарману атты сопы (брахман) өзі табынып жүрген қасиетті оттан құрбандық шалу жайлы үкім алады. Осы үкімді орындау үшін қалаға барып, бір семіз ешкіні сатып алады. Қайтып келе жатқанында үш ұрыға кездеседі. Олар кезектесіп, мына көтеріп келе жатқаны ит дегенді қайталап, соңынан дін қызметкерінің «арам» хайуанды арқалап жүруі оғаш қылық екенін ескертеді. Осы іспеттес сөздерге иланған сопы, шынында да, өзіне сатушының көз байлап ит сатуы мүмкіндігін ойлап, ешкісін тастап қашады. Ұрылар болса, ешкіні сойып, жеп алады [7, 214 б.].

Мәшһүр Жүсіп мысалындағы «сарт», «Мың бір түндегі» «Аңқау адам» және «Пансатантрадағы» сопының соншалықты адам сенгісіз аңғалдығы бұл туындыларды бір-біріне жақындата түседі. Осы типтес әңгіме үндінің «Пачатантрадан» кейін тарай бастаған «Тотынама» жинағында да кездеседі [8, 280–281 б.]. Мұндай дәстүр сабақтастығы біздерге мынадай ой салды. Көне үнді туындысы «Пачатантрадағы» «сопы» туралы әңгіме араб және парсы елдерінің шығармаларына «сюжет ауысу» жолымен келді. Сөз жоқ, бір елдің әдебиетінің екінші ел әдебиетіне ауысқан сюжет бастапқа қалпынан

көптеген өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Сондықтан «Панчатантра» мен «Мың бір түндегі» әңгімелердің арасындағы айырмашылықтар (мысалы, «ешкі» орнына «есек» және т.б.) уақыт, табиғат, салт-дәстүр, дүниеге деген көзқарастардың әртүрлілігінен болуы ықтимал. Жоғарыда келтірілген жайттарды ескере отырып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мысалымен көне үнді шығармасы «Панчатантраның» тығыз байланысы бар екенін анықтай аламыз. Сонымен белгілі бір сюжеттің көне заманда пайда болып, көптеген өзгерістерге ұшырай отырып, қазақ авторының шығармашылығынан орын алғанын байқадық.

Ал енді Мәшһүр Жүсіп мысалының екінші бөлімімен танысып көрейік. Оқиға тағы да сарттың базарға сапарымен басталады:

Ұқпасқа айтқан сөзім кетер ағып,
Талайды қан қақсатқан тілім шағып.
Базарға бір ешкіні сарт айдады,
Мойнына ешкісінің қоңырау тағып [1, 181 б.].

Одан әрі Мәшһүр Жүсіпте ешкісі айдауына жүрмеген соң, сарт оны есекке тіркеп байлап алып, өзі алдына түседі. Сөйтіп жол жүріп келе жатқанында үш ұрыға кез болады. Ұрылардың біреуі сарттың ешкісін, екіншісі есегін, ал үшіншісі киімін ұрлап алмақшы болып уағдаласады.

Бірі айтты:
Кетті бұ сөз ұнап, – дейді,
Барады сарттың несі қурап? – дейді.
– Ешкісін есегімен сендер алсаң,
Алайын мен киімін тонап! – дейді [1, 182 б.].

Ұрылардың бірі ешкінің мойнындағы қоңырауды шешіп, оны есектің құйрығына байлап, жануарды алып қалады. Қоңыраудың дауысын естіп, көңілі тоқ болып келе жатқан сарт бір мезгіл артына үңіліп қараса, ешкісі көзден ғайып болған.

– Бұ жануар қайда кетті, қашып? – дейді,
Иә шөлдеп, иә исе қарыны ашып? – дейді.
– Кешікпей, келсе керек хайуан өзі
Қоңырауын кеткен екен асып, – дейді [1, 183 б.].

Осылай ойланып-толғанып тұрғанда ұрының тағы бірі келіп, мұның ешкісі біреудің бақ ішіне алп бара жатқанын көргенін айтады. Сарт байғұс бұған есегіне қарай тұруды өтініп, ешкінің соңына түседі. Қайтып келсе, адам да жоқ, есегі де жоқ. Ары-бері шапқылап, іздеп, түк таппай келе жатқанында, үшінші ұры алдынан шығады:

Таусылмастай сарт соры – мидай татыр,
Аз болса, оған қосылсын тұзды шақыр.
Екі көзі суда боп, етпетінен
Қарсы алдында көлденең біреу жатыр [1, 183 б.].

Оның бұл жатысының себебін сұраған сартқа ұры өзінің қызметшісі малай екенін, иесінің бір қап алтынын ұйықтап қалып суға түсіріп алғанын баяндайды. Егер біреу-міреу салқын суға жиренбей түсіп, қапты алып берсе, сол адамға бір уыс алтын берер едім дегенді айтады. Бұл сөзді естіп, сарт түсіп кеткен қапты алмақшы болып суға түседі.

Түбіне сүңгіп судың барды жетіп,
Алтынды алам ғой деп үміт етіп.
Бұл суда азаптанып жүрген шақта,
Киімін жинап алып кетті жытып.

Салбырап бір мезгілде судан шықты,
Киім мен кісі түгіл шайтан жоқ-ты!
Ақымаққа адам, сірә, күлер емес,
Өмірінде қарға жемес мұндай боқты [1, 184 б.].

Осы орайда біз келтірген екінші бөлімге негіз болған сюжет негізі автордың өз ойы ма, әлде «Нәзирә» дәстүріне сай Шығыс әдебиетінен туындады ма деген ой пайда болды. Осы ой жетегімен біз шығыс ақындарының шығармаларын қарастырайық.

Шығыс ақындарының ішіндегі биік тұлға, шығармалары сопылық поэзияның биік шыңы деп танылған, моулана сопылық бауырластығының негізін қалаушы, парсының атақты мистик-ақыны – Жәлеләддин Мұхаммед (1203–1273). Жәлеләддиннің лақап аты – Руми, оның осылай аталуы өмірінің көп уақытын Румда (Конье), яғни Кіші Азияда өткізгендігінен туындаған. Румидің поэзиялық шығармашылығы мен философиялық-діни көзқарасы мұсылман елдерінің әдебиетінде ерекше із қалдырған. Суфизм немесе сопылық дүниетанымды кең зерттеген Идрис Шахтың мына бір пікірі назар аударарлық: «... Оның парсы тілінде жазылған шығармалары Иранда дәріптелетіні соншалық, оны «Пехлеви тіліндегі Құранға» бағалаған, ...Руми әсерінің дәрежесін анықтау өте қиын, бірақ бұл әсердің іздерін әр түрлі мектептердің әдеби-философиялық шығармаларынан табуға болады» [9, 142 б.].

Парсы ақынының біздің заманымызға жеткен еңбектерінің бірі «Маснави» жинағы. 1986 жылы Мәскеудің «Ғылым» баспасында орыс тілінде жарық көрген жинақ туралы О. Ф. Акимешкин автордың тірі кезінде бұл еңбегіне ат қоймағанын айтады. Ақынның көзі тірісінде-ақ «Маснави – ий манави» («Жасырын мән туралы екі шумақты өлеңдер» немесе «Жасырын мән туралы поэма») деген атау кең таралған. Ал Идрис Шах болса бұл жинақты «Рухани екі шумақты өлеңдер» деп қарастырады [9, 144 б.]. Белгілі ирантанушы В. Б. Никитин де бұл жинақты «Рухани маснави» деп қарастырады [10, 154 б.]. «Маснави» жинағы екі жолдық өлең түрінде

жазылған хикаялар мен мысалдардан тұрады. Жинақтың өзін алты кітапқа бөліп қарастыруға болады. Алтыншы кітапта «Ұрының бір адамның қойын қалай ұрлағаны туралы» хикая бар. Осы бір хикая мен Мәшһүр Жүсіп мысалындағы екінші бөлімнің сюжеттері кейбір кішігірім детальдарды өзгешелігі болмаса, негізінен тура сәйкес келіп тұр. Сөзіміз дәлелді болу үшін осы хикаяның мазмұнын қарап көрелік.

Бір адам қойын жетектеп келе жатып ұрыға кез болады. Ұры қойдың басындағы жіпті кесіп ұрлап алады. Осыдан кейін құдықтың басына тұра қалып, еңкілдеп жылай бастайды. Қойын ұрлатып алған адам ары-бері шапқылап, түк таппай құдық басындағы ұрыға жолығып, қайғысының себебін сұрастырады. Ол болса 500 диһрем алтынын құдыққа түсіріп алғанын, оны алып берген адамға жүзін санап беретінін хабарлайды. Осы сөзді естіген адам жалма-жан құдыққа түсіп, алтынды іздейді. Бұл мезгілде ұры оның барлық киімін сыпырып алып, ғайып болады [11, 189 б.]. Хикаяның қысқаша мазмұны осындай.

Мәшһүр Жүсіп пен Руми арасындағы кішігірім өзгешеліктер бар екенін жоғарыда атап өттік, сол өзгешеліктер мынандай: Румиде ұрының саны біреу болса, Мәшһүр Жүсіпте үшеу. Жоғалатын нәрселер Румиде қой мен киім, ал Мәшһүр Жүсіпте есек, ешкі мен киім. Мұндай өзгешеліктерді түсіндіру үшін, белгілі шығыс әдебиетінің зерттеушісі Өтеген Күмісбаевтың мына пікіріне құлақ түрейік: «Қиссашылар белгілі бір шығыс сюжетін қазақ тұрмысына етене жақын алып, өздерінше жырлады, қосты, алды, мүсіндеді. Көбіне қазақтың 11 буынды қара өлең ырғағына салып, басқа елден келген туындыны өз туған топырағына сай түлетіп шығарады. Шығыс ақындарының, классиктерінің көлеңкесінде қалып қоймай, өз наным-сенімін, мотивтерін өоса білді. Шығыс сюжетін қазаққа шағын, жұмыр етіп жеткізуге тырысты. Қайта жырлаушы ақындар шығыс әдебиетінің күшті әсерін орынды пайдаланады» [12, 55 б.]. Осы пікірдің Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына да қатысты екенін айтқымыз келеді. Ақын Руми шығармаларын түрнұсқа тілінде жетік білген деуімізге негіздің бір осы мысал деуге болады. Мәшһүр Жүсіпке шығыс ақындары ішінен сопылық дүниетанымы барлары қатты әсер еткен. Біз ақын қолжазбалары ішінен Жәлеләддин Руми және мистик сопы (ерікті кезбе) Шамс ад-дин Мұхаммед ат Табризи жайлы екі әңгімені тауып, баспа бетіне ұсынған болатынбыз [13].

Қорытынды

Жоғарыда айтылған тұжырымдар мен сараптамалар XX ғасырға дейінгі қазақ әдебиетіндегі сюжеттердің басым көпшілігі шығыс әдебиетінен алынғаны белгілі болды. Шығыс әдебиетінде пайда болып, уақыт өте келе өзгерістерге ұшыраған белгілі сюжеттер қазақ әдебиетінде ұлттық нақышқа сай қайта өңделіп, жаңа туындылар болып дүниеге келді. Әлем әдебиетіндегі

үлкен орын алатын шығыс әдебиетінен қазақ әдебиеті есебі жоқ сансыз сюжеттер мен мотивтерді алу арқылы, үлкен белеске көтерілді десек, кем айтпаймыз. Шығыс әдебиетінің бай мұрасы қазақ әдебиетін дамытуға, байытуға зор үлес қосты.

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № АР08856356 «Рухани жаңғыру: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мәдени-әдеби мұрасы»).

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Көпеев, М. Ж.** Таңдамалы. Т. 1 / М. Ж. Көпеев. – Алматы : Ғылым, 1990. – 273 б.
- 2 Мың бір түн. Т. 1 / Ауд. Қ. Әдіқадыров. – Алматы : ҚМКӘБ, 1961. – 420 б.
- 3 **Фильштинский, И. М.** История арабской литературы X–XVIII века. / И. М. Фильштинский. – Москва.: Наука, 1991. – 726 с.
- 4 **Дербісәлиев, А.** Араб әдебиеті. / А. Дербісәлиев – Алматы : Мектеп, 1982. – 207 б.
- 5 Взаимодействия культр Востока и Запада : сборник статей. Выпуск 2. –М.: Наука, 1991. – 205 с.
- 6 Калила и Димна. /Перев. с арабс. И. Ю. Крачковский и И. Т. Кузьмин. – Москва: Вост. лит, 1957. – 284 с.
- 7 Панчатантра. / Пер. А. Я. Сыжин. – М.: Наука, 1958. – 368 с.
- 8 Сказки попугая. // Индийские сказки и легенды. – М., 1992. – 288 с.
- 9 **Идрис Шах.** Суфизм. – М.: «Клышников, Комаров и К», 1994. – 446 с.
- 10 Литература Востока в средние века. Часть II. / сборник –М.: МГУ, 1970. – 464 с.
- 11 **Руми.** Поэма о скрытом смысле. – М.: Наука, 1986. – 270 с.
- 12 **Күмісбаев, Ө.** Терең тамырлар. – Алматы : Ғылым, 1994. – 316 б.
- 13 **Жүсіпов, Е. Қ.** Мәшһүр Жүсіптің «Парсы ақыны Жәлеләддин Руми және Диуани Шәмс туралы» еңбегі жөнінде. // «Ұлағат». – № 3. – 1999.

References

- 1 **Kopeev, M. Zh.** Tandamaly. 1 tom [Select. Vol. 1]. – Almaty : Gylym, 1990. – 273 p.
- 2 Myn bir tun. T. 1 Aud. K. Adikadyrov [Thousand and one night. Vol. 1 // Trans. K. Abdikadyrov]. – Almaty, 1961. – 420 p.
- 3 **Filshinsky, I.** Istoriya arabskoi literatury X-XVIII veka. [The history of Arabic literature of the X–XVIII century]. – Moscow : Nauka, 1991. – 726 p.

4 **Derbisliev, A.** Arab adebieti [Arabic literature]. Almaty: Mektep, 1982. – 207 p.

5 Vzamodeystviya kultur Vostoka i Zapada. Sbornik statey. Vypusk 2 [The interaction of the culture of East and West. Digest of articles. Issue 2]. – Moscow : Nauka, 1991. – 205 p.

6 Kalila and Dimna. / Per. s arab. I. Y. Krachkovsky i I. T. Kuzmin [Trans. from arab. I. Y. Krachkovsky and I. T. Kuzmin]. – Moscow, – 1957. – 284 p.

7 Panchatantra. / Per. A. Y. Sijin [Trans. A. Y. Sijin]. – Moscow: Nauka, 1958. – 368 p.

8 Skazki popugaya. Indiyiskiye skazki i legendy [Tales of a parrot. Indian tales and legends]. – Moscow, 1992. – 288 p.

9 **Idris Shah.** Sufizm [Sufism]. – Moscow : Klyshnikov, Komarov and K., 1994. – 446 p.

10 Literatura Vostoka v sredniye veka. Chast II. [Literature of the East in the Middle Ages. Part II.]. – Moscow : MSU, 1970. – 464 p.

11 **Rumi.** Poema o skrytom smysle. [A poem about the hidden meaning]. – Moscow : Nauka, 1986, 270 p.

12 **Kumisbaev, O.** Teren tamylar [Deep race]. Almaty : Gylym, 1994. – 316 p.

13 **Zhussupov, E. K.** Mashhur Zhusuptin «Parsi akını Jalaladdin Rumi jane diyani shams turalı» enbegi joninde [About the work of Mashhur Zhusup «On the Persian poet Jaleladdin Rumi and Shame Diani»]. – Ulagat. – № 3. 1999.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

*Н. К. Жусупов¹, Е. К. Жусупов², М. Н. Баратова³

^{1,2,3}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

ОБЩНОСТЬ СЮЖЕТА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ МАШХУРА ЖУСИПА И ДЖАЛАЛАДИНА РУМИ

В данной статье рассматривается влияние восточной литературы на казахскую литературу. Корни взаимодействия казахской и восточной литературы уходят на десятки веков в прошлое. Анализируя взаимосвязь восточной литературы и произведения Машхур Жусип Копейұлы, мы наблюдаем сходство темы, идеи, создания образа и т.д., кроме этого мы видим в фабуле произведения гармонию, продолжительность, непрерывность. Также в

этой статье произведен анализ непрерывности, сходства и различия в произведениях основателя суфийского братства моулавия, чьи произведения признаны вершиной суфийской поэзии, персидского поэта-мистика Джаладдина Руми и казахского поэта, историка, фольклориста, публициста, критика, летописца, ученого Машхур Жусип Копейұлы.

Ключевые слова: сюжет, басня, восточная литература, казахская литература, поэзия, арабская литература, персидская литература.

*N. K. Zhussupov¹, Y. K. Zhussupov², M. N. Baratova³

^{1,2,3}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Material received on 11.03.22.

COMMONALITY OF PLOT IN THE WORKS OF MASHKHUR ZHUSSIP AND JALALADDIN RUMI

This article discusses the influence of Eastern literature on Kazakh literature. The roots of the interaction of Kazakh and Eastern literature go back dozens of centuries. Analyzing the relationship of Eastern literature and the works of Mashkhur Zhussip Kopeev, we observe the similarity of themes, ideas, image creation, etc., besides this, we see harmony, duration, continuity in the plot of the enlightenment. This article also analyzes the continuity, convergence and differences in the works of the founder of the Sufi brotherhood of Moulavia, whose works are recognized as the pinnacle of Sufi poetry, Persian mystic poet Jalaladdin Rumi and Kazakh poet, historian, folklorist, publicist, critic, chronicler, scientist Mashkhur Zhussip Kopeev.

Keywords: story, fable, Eastern literature, Kazakh literature, poetry, Arabic literature, Persian literature.

<https://doi.org/10.48081/EXUG3575>

***З. А. Кемелбекова¹, Г. О. Сейдалиева², Д. Б. Исмаилова³**

^{1,2,3} Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ «ДЕБАТ» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада ағылшын тілі сабағында интербелсенді «Дебат» технологиясын қолдану мәселесі қарастырылады. Білім беруді жаңартудың заманауи тәсілдері «Дебат» технологиясын құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді технологиясы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. «Дебат» технологиясы – бұл ағымдағы қоғамдық-саяси оқиғаларды талдау, өзекті мәселеге назар аудару, ақпаратты жинау және оңдеу, осы мәселе бойынша көзқарасын білдіру және оны қорғау, топта өзара әрекетті ұйымдастыру қабілеттеріне негізделген білім беру стратегиясы.

Авторлар «Дебат» технологиясының түрлерін, форматтары мен кезеңдерін сипаттайды. Дебат кезінде мұғалімдер мен студенттерде кездесетін қиындықтарды алдын алудың тиімді жолдарын көрсетеді. «Дебат» технологиясын шеттілдік білім беруде қолданудың тиімділігі және студенттердің ағылшын тілін үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруға тигізетін әсері сөз етіледі. Дебат студенттерде сөйлеу әрекетінің төрт түрі тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымның дағдыларын қалыптастырады. Дебаттар студенттердің шеттілдік қарым-қатынас құзіретін қалыптастырады, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытады, сондай-ақ шетел тілін үйренуге деген ынтасын арттыруға ықпал етеді. Авторлар ағылшын тілі сабағында дебаттарды қолдану студенттерді алдын-ала кезең-кезеңмен дайындауды қажет етеді деген қорытындыға келді.

Кілтті сөздер: «Дебат» технологиясы, шетел тілін оқыту, дебат түрлері, дебат кезеңдері, коммуникативті құзыреттілік.

Кіріспе

Ресми түрде, дебат ежелгі Грекияда демократия институтының бір бөлігі ретінде пайда болды. Бастапқыда саясаткерлер ұсынылған заңдардың

артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылады. Азаматтар өздерін қорғау үшін дебатты қолданды. Римдіктер гректер бастаған дәстүрді ұстанды. Дебат өнері Еуропада және Солтүстік Америкада демократияның дамуымен қатар жаңа серпін алды. 19 ғасырдың ортасында дебаттар тек парламенттік емес, сонымен қатар университет аудиториясында танымал болды. Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбритания сынды алдыңғы қатарлы мемлекеттердің жоғары оқу орындарында дебат үйірмелері құрылды.

Ресейлік ғалым В.И.Куприянова дебаттарды сабақтың мақсаты мен міндетіне байланысты келесідей топқа жіктейді:

«Классикалық дебаттар». Бұл үш қатысушыдан тұратын екі команда қатысатын формат, ал қалған студенттер «рецензенттер» немесе төрешілер болады.

«Экспресс-дебат». Дебаттың бұл түрінде бағдарлау мен дайындық кезеңі минимумға дейін сақталады. Дайындық тікелей сабақта оқулық материалына сәйкес жүзеге асырылады. Дебат форматын қолданудың бұл түрін «кері байланыс» элементі, оқу материалын нығайту немесе танымдық белсенділікті арттыру формасы ретінде қарастыруға болады.

«Өзгертілген еркін дебат». Мысалы, оқытушының рөлі өзгереді [1, 2].

Дебат форматының жекелеген элементтері немесе дебаттар қолданылады, онда ережелерге кейбір өзгерістер енгізуге болады [3, 53].

Дебат рефлексивті іс-әрекеттің негізін құрайтын, белсенді өмірлік ұстанымға ие, сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті жаңа үлгідегі ұрпақ қалыптастырудың интербелсенді технологиясы студенттердің төмендегі дағдыларын дамытады:

1) жалпы мәдени дүниетанымның кеңеюі:

- гуманитарлық және әлеуметтік ғылым салаларына қатысты білімді байыту;

- оқуға деген қызығушылықты дамыту мен қалыптастыру;

- ғылыми, ғылыми-көпшілік, көркем шығармаларды оқуға деген ынтаны қалыптастыру.

2) интеллектуалды қабілеттерді дамыту: сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру, құбылыстар арасында логикалық байланыс орната білу;

- әр түрлі идеялар мен оқиғаларды талдау, негізделген қорытындылар жасау, дәлелдер тізбегін құру мүмкіндігі;

- фактілер мен көзқарастарды ажырата білу, қателіктерді, фальсификация мен стереотиптерді анықтау, алынған ақпаратты талдау мүмкіндігі;

- проблеманың мәніне шоғырлану мүмкіндігі.

3) Зерттеушілік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту:

- әртүрлі дереккөздерден материалдар жинау және талдау,

- оларды нақты тарихи жағдайда қарастыра отырып, сыни тұрғыдан қарау;

- дәлелдеудің әртүрлі әдістерін және сенімді тарихи фактілерді қолдана отырып, тұжырымдардың, бағалардың дұрыстығын негіздеу.

4) Шығармашылық қабілеттерді дамыту:

- мәселеге жаңаша көзқараспен қарау, оны шешудің дәстүрлі емес тәсілдерін қолдануға ұмтылу, таныс құбылыстардан жаңа, ерекше нәрсені көре білу;

- ойлаудың икемділігі мен өнімділігі, жылдам жауап беру; басқа адамдардың шығармашылығын бағалау мүмкіндігі.

5) Қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту:

- әңгімелесушіні тыңдай және тыңдай білу;

- басқа адамдарға жанашырлық пен ынтымақтастықты көрсету, тарихи тәжірибені түсіну және түсінушілікпен қабылдау мүмкіндігі;

- әртүрлі көзқарастарға, әртүрлі көзқарастарға төзімділік;

- топта жұмыс істеу қабілеті.

6) шешендік өнерді дамыту:


- көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі;

- өзіне деген сенімділік;

- өз ойларын ауызша және жазбаша түрде айқын жеткізе білу;

- интонациямен, ыммен, мимикамен тыңдаушыларды тарту мүмкіндігі

[4, 55].



Сурет 1 – «Дебат технологиясының интерактивтілігі»

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізін интерактивті «Дебат» технологияларын шеттілдік білім беру үрдісінде қолдануға арнап жазылған әйгілі әдіскер-ғалымдардың, атап айтқанда С. Пуйман, И. Зимняя, А. Мэлджерс, А. Линарес, Т. Мортон, Р. Викаттер, С. Реез-Видал, Д.Вольф, О. Коршунова, Д. Шамсутдинова, А. Харунжев, Н. Малофеев, Н. Шматконның еңбектері құрайды.

Зерттеу жұмысының барысында отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттерін саралау бойынша салыстыру, бақылау, талдау, тұжырымдау, сараптау сынды ғылыми зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу материалы ретінде «English File» ағылшын тілі оқулығы алынды.

Зерттеу нәтижелерін сараптауда Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2 курс студенттері мен ағылшын тілі оқытушыларынан сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 47 студент және 10 оқытушы қатысты.

Нәтижелер және талқылау

Біріншіден, зерттеу сауалнама арқылы алынған деректердің сандық және сапалық талдауларының жиынтығына негізделеді.

Сауалнама нәтижесі бойынша студенттер 1-ші «Дебат» технологиясы туралы білесіз бе? деген сұрақ бойынша 91 % – «иә», 5 – «жоқ» деп жауап берсе, 4 % – «жауап бере алмаймын» деп жауап берді. «Дебат» технологиясын оқытушылар қолдана ма? – деген сұраққа 84 % – қолданады; 11 % – қолданбайды; 5 % – жауап бере алмады. «Дебат» технологиясын қолдану керек деп ойлайсыз ба? деген сауалға 90 % «қолдану керек»; 3% – «керек емес»; 7 % «жауап бере алмаймын» деп жауап берді. Дебат технологиясын қашан қолданған жөн? деген сауалға 88 % – «иә»; 2 % – «жоқ»; 10% – «білмеймін» жауап берді. «Дебат» технологиясы пайдалы ма? Сұрағына 93% – «иә»; 4 % – «жоқ»; 3 % – «білмеймін» деп жауап берді. Алынған нәтижелерге сәйкес, «Дебат» технологиясы ағылшын тілі сабағында жиі қолданысқа ие екені мәлім болды.



Сурет 2 – «Дебат» технологиясының шетел тілі сабағында қолданылуы

Екіншіден, біз ағылшын тілі сабағында дебат өткізу кезінде оқытушылар мен студенттер тарапынан едәуір әдістемелік кемшіліктер де байқадық.

Ең алдымен дебат технологиясының түрлерін, форматтары мен кезеңдерін сипаттап өтейік.

Дебат форматтары.

- дебат тақырыбын таңдағанда тіл үйренушілердің жас рекшеліктері ескеріледі;

- екі топтың қатысуы, пікірді жақтаушылар (Proposers) мен қарсыластар (Opposers) [5, 95].

- дебатқа қатысушылар алдын-ала дебат кезіндегі рөлдері мен регламентпен танысады;

- қатысушылар өз ойынынан бұрын бір-бірімен кеңесу үшін 5 минуттық уақытты алуға құқылы (уақытты бөліп-бөліп немесе бірден пайдалануға болады);

- рөлдер мен ережелер алдын-ала анықталады;

- дебат регламентінің сақталуын таймкипер қадағалайды. Таймкипер спикерлерге сөз сөйлеу немесе тайм-аут аяқталғанға дейін қанша уақыт қалғанын көрсетеді;

- дебатты төрешілер алқасы бағалайды, яғни қай топтың дәлелдері мен дәлелдеу әдісі сенімді болғанын анықтайды;

Дебат кезеңдері.

Шетел тіліндегі дебат технологиясын ұйымдастыру үш кезеңнен тұруы мүмкін.

1 (Кіріспе кезең). Алғашқы спикерлер сөйлейді, сұрақтар қойылмайды. Әр спикерге белгіленген уақыт екі минутты құрайды.

2 (Сұрақ-жауап кезеңі). Екінші спикерлер сөз алады. Раундтың ұзақтығы - 15 минут.

3 (Қорытынды кезең). Үшінші спикерлер екі минут ішінде қорытынды сөз сөйлейді [6].

Кез-келген дебаттың алғашқы қадамы - тақырыпты тұжырымдау. Бұл оңай мәселе емес. Дебат тақырыбы студенттерге қызық болу керек. Студенттерге тақырыпты таңдау мен талқылау мүмкіндігін беру керек [7, 448].

Зерттеу барысында студенттерде туындаған қиындықтарды атап айтсақ:

- студенттердің дебаттың құрылымын түсінбеуі;

- дебат өткізу процедурасы (дебаттың өту ережесі, сұрақтар қою, сөйлеу реті);

- студенттердің тілдік клишелерді білмеуі (дебатты қалай бастау, аяқтау қорытындылау керектігі, қарсыласпен келісу, келіспеу, қарсы аргумент айту т.б.);

- тақырып бойынша сөздік қордың жетіспеуі мен грамматикалық ақаулықтар.

Бұл қиындықтарды жеңу үшін оқытушы алдын-ала студенттермен тақырып бойынша дебат жүргізу кезінде қажет болатын лексика мен грамматиканы пысықтау қажет. Дебатты алдын-ала дайындық жаттығуларыңыз өткізу қиын процесс. Дебат күрделі технология оны ұйымдастыру оқытушыға тыңғылықты дайындықты қажет етеді. Сұрақтарды дұрыс тұжырымдай білу және оларға шебер жауап беру қабілеті көп жағдайда дебаттың тиімділігін анықтайды және қатысушылардың маңызды дағдыларының бірі болып табылады. Дұрыс қойылған сұрақ дегеніміз:

- қарсыластың көзқарасын нақтылау;

- талқыланатын мәселеге оның қатынасын жақсырақ түсіну;

- қарсылас дәлелдерінің мәнін төмендету;

- теріске шығару.

Сонымен бірге дәлелді және нақты жауап дебаттың өзіндік позициясын нығайтады. Ұсынылған тезистің дәлелдемесін күшейтеді және оның командасының стратегиясына үлкен зиян келтіруге жол бермейді [8, 102].

Аталған қиындықтар мен тілдік кедергіні жеңу үшін төмендегі жаттығуларды ұсынамыз. Мысал ретінде «Modern manners» тақырыбын келтіреміз.

Activity 1 – Brainstorming

Бірінші кезеңде қазіргі кездегі мобильдік телефондардың функцияларына тоқталып, мобильдік телефонның не үшін қажеттілігі туралы студенттерге сұрақтар қойылды:

Name all the functions of your mobile phones?

Calling friends, people and etc.,

Sending a message;

Using alarm clock;

Using the internet;

Using calculators,

Using calendars;

Sending photos;

Taking photos and videos....

Activity 2 – Group work

Using maps;

Using dictionaries;

Watching films;

Using whatsapp;

Do you know any person who hasn't a mobile phone?

Grandparents

Can you live without your mobile phones?

Activity 3 Discussion: Use the questionnaire to interview another student (who has a mobile phone). Ask for more information.

1 Mobile phone questionnaire

What makes your mobile?

How long have you had your mobile?

...sent a text to the wrong person...forgotten to turn your phone off with embarrassing consequences

Activity 4 Debate about the video

Listen to five people talking about things that annoy them about mobiles.

Match the speakers with what they say.

Who...?

A) says talking on your mobile can be dangerous

B) complains about people who are very impatient to use their mobiles

C) complains about people using mobile on social occasions

D) hates having to listen to other people's conversations

E) complains about people who interrupt a conversation to answer the phone

Activity 5 Pair work: Match the answers

1 You shouldn't answer the phone if you're talking to a shop assistant.

2 You have to switch off your mobile when you fly.

3 You mustn't use your phone until you get off the plane.

4 You don't have to shout the other person can hear you.

5 You should talk really quietly if you are in a public place.

A) You don't need to do this. It isn't necessary.

B) Don't do this. It isn't allowed/permitted.

C) Do this because it's a rule or the law.

D) I think it's a bad thing to do this.

E) I think it's good thing to do this.

Activity 6 Discussion. Manners or the law?

1 Play noisy games on a mobile phone in public.

2 Send text messages when your car is stopped a traffic lights.

3 Switch off your mobile on public transport.

4 Switch off your phone in class.

5 Talk loudly on a mobile on public transport.

6 Use a hand-held mobile while driving a car.

7 Make very personal calls in public.

8 Use your mobile at a petrol station.

Жалпы дебат технологиясы кезінде рөлдік ойындардың орны ерекше болды. Себебі ойын студенттердің бір бірімен, мұғаліммен әрекеттесуге деген талпынысын жандандырады және әңгімелесу барысында теңдік шартын

тудыру арқылы мұғалім мен оқушы арасындағы дәстүрлі кедергіні жояды. Рөлдік ойындар өз өзіне сенімсіз, ұялшақ студенттерге сөйлеу арқылы сенімсіздік кедергісін жоюға көмектеседі [9, 37]. Рөлдік ойын арқылы студенттер әңгімені бастау, оған ілесу, қолдау, әңгімелесушінің сөзін бөлу, оның ойымен келісу немесе келіспеу, сұрақтар қою сияқты қарым-қатынас элементтерін меңгерді. Төменде рөлдік ойынға мысал келтіреміз.

Role play. Your foreign friend is staying with you. Unfortunately, you will be busy all day tomorrow so you will not be able to spend the day with him/her. Discuss with your guest (the examiner) about what he/she could do. Include the following:

- explain the situation and apologise;

- give advice how to spend the day;

- suggest a place where to eat;

- how to contact you in case your guest needs some help [10, 244].


Дебат студенттердің келесі дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- сыни тұрғыдан ойлау: талқыланған ойды тұжырымдау, анықтау, дәлелдеу және талдау; рационалды, рефлексиялық, шығармашылық ойлау

- зерттеушілік дағдылар: келтірілген аргументтерді дәлелдеу үшін түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу, өз ұстанымын қалыптастыру және қорғай білу;

- қарым-қатынас жасау: көпшілік алдында сөйлеу, полемика, тыңдалым және жазылым дағдылары;

- әлеуметтік және ұйымдастырушылық қабілеттер: диалог құру дағдылары, командада жұмыс жасау, төзімділік, жанжалды шешу, өзіне сенімділік, көшбасшылық қасиеттер.



Сурет 3 – «Дебат» технологиясын ұйымдастыру кезеңдері

Қорытынды

Заманауи білім беру жүйесінде жеке тұлғаға бағытталған, яғни оқушының өзін-өзі көрсетуі, сыртқы ортамен белсенді араласуға көмектесетін технологияларды қолдану басты назарда болып отыр. Осындай технологиялардың бірі – «Дебат» технологиясы. Алайда оқытушылар «Дебат» технологиясын дайындауға көп уақыттың қажет етуіне байланысты оқыту барысында өте сирек қолданады.

Шетелдік білім берудің негізгі міндеттерінің бірі - студенттердің шетел тілінде кәсіби қарым-қатынас жасай білу құзыретін қалыптастыру болып табылады, атап айтқанда көпшілік алдында сөйлеу дағдысы. Тілді үйренуші студенттер ағылшын тілінде сөйлеуге қорқады. Оның негізгі себебі – тілдік ортаның болмауы. Ағылшын тілі сабағында «Дебат» технологиясын қолдану студенттердің қорқынышын сейілетін, олардың ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдылары мен сөздік қорын жақсартуға көмектеседі.

Шетел тілінде көпшілік алдында сөйлеу лингвистикалық және психологиялық тұрғыдан өте күрделі процесс екені бәрімізге мәлім. Сондықтан бұл дағдыны қалыптастыру үшін ағылшын тілі сабағында дебат технологиясын қолдану тиімді болып табылады. Дебат студенттерде сөйлеу әрекетінің төрт түрі тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымның дағдыларын қалыптастырады.

Дебат оқытудың ұжымдық әдісі болып табылады. Дебаты дайындау студенттер мен оқытушылар арасындағы тұрақты диалогта өтеді.

Қорыта келгенде, дебат студенттерге тұжырымдама жасау мен аргументтерді талдауға, өз көзқарастарын қорғауға, қарсыластарды сендіруіне мүмкіндік береді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Куприянова, В. И., Назаров, А. И.** «Дебаты»: от теории к практике: руководство – Хабаровск : Изд-во ДВАГС, 2009. – 101 с.

2 Использование технологии «Дебаты» в преподавании учебных предметов на профильном уровне и элективных учебных предметов: сб. статей [Текст] / сост. А.Н. Логинова. – Ярославль : ИРО, 2007. – 32 с.

3 **Колеченко, А. К.** Энциклопедия педагогических технологий – СПб. : КАРО, 2002. – 53 с.

4 **Кульневич, С. В.** Совсем необычный урок, ИПК – Ростов, 2001. – 55 с.

5 **Светенко, Т. В.** Формирование методологической компетентности студентов младших курсов в спецкурсе «Дебаты» [Текст] // Материалы научно-методической конференции «Инновационные технологии в вузе». – Псков : ПГПИ, 1999. – С. 95-96.

6 Дебаты : проблемы, исследования и перспективы. Сборник. / Педагогический центр «Эксперимент» – Рига, 2012. – [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://experiment.lv/rus/biblio/debate/3_murzalinaova.htm.

7 **Поппер, К. Р.** Открытое общество и его враги. – М., 1992. – 448 с.

8 **Селевко, Г. К.** Современные образовательные технологии – М., 1998. – 102 с.

9 **Чапаева, Л. Г.** Технология «Дебаты» в образовательном становлении будущих специалистов. – Оренбург : ГОУ ОГУ, 2008. – 37 с.

10 **Сейранян, М. Ю.** Конфликтный дискурс и его просодический строй: монография / М. Ю. Сейранян – М. : МПГУ, 2016. – 244 с.

References

1 **Kupriyanova, V. I. Nazarov A. I.** «Debaty» : ot teorii k praktike: rukovodstvo [«Debates» : from theory to practice : a guide] – Khabarovsk : Izd-vo DVAGS, 2009. – 101 p.

2 Ispolzovaniye tekhnologii «Debaty» v prepodavanii uchebnykh predmetov na profilnom urovne i elektivnykh uchebnykh predmetov: sb. statey [The use of the «Debate» technology in teaching academic subjects at the profile level and elective academic subjects : collection of articles] [Text] / sost. A. N. Loginova. Yaroslavl : IRO, 2007. – 32 p.

3 **Kolechenko, A. K.** Entsiklopediya pedagogicheskikh tekhnologiy [Encyclopedia of pedagogical technologies] – SPb. : KARO. 2002. – 53 p.

4 **Kulnevich, S. V.** Sovsem neobychnyy urok [A very unusual lesson]. IPK – Rostov, 2001. – 55 p.

5 **Svetenko, T. V.** Formirovaniye metodologicheskoy kompetentnosti studentov mladshikh kursov v spetskurse «Debaty» [Formation of methodological competence of junior students in the special course «Debates»] [Text] // Materialy nauchno-metodicheskoy konferentsii «Innovatsionnyye tekhnologii v vuze». – Pskov : PGPI. 1999. – P. 95–96.

6 Debaty: problemy. issledovaniya i perspektivy [Debates : problems. research and prospects]. Sbornik. / Pedagogicheskiy tsentr «Eksperiment» – Riga. 2012. – [Electronic resource] – Access mode: http://experiment.lv/rus/biblio/debate/3_murzalinaova.htm.

7 **Popper, K. R.** Otkrytoye obshchestvo i ego vragi [Open society and its enemies]. – Moscow, 1992. – 448 p.

8 **Selevko, G. K.** Sovremennyye obrazovatelnyye tekhnologii [Modern educational technologies] – Moscow, 1998. – 102 p.

9 Chapayeva, L. G. Tekhnologiya «Debaty» v obrazovatel'nom stanovlenii budushchikh spetsialistov [The «Debate» technology in the educational formation of future specialists.] – Orenburg: GOU OGU, 2008. – 37 p.

10 Seyranyan, M. Yu. Konfliktnyy diskurs i ego prosodicheskiy stroy : monografiya [Discourse and its prosodic structure: monograph] / M. Yu. Seyranyan // Moscow: MPGU, 2016. – 244 p.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

*З. А. Кемелбекова¹, Г. О. Сейдалиева², Д. Б. Исмаилова³

^{1,2,3}Қазақстан Республикасының педагогикалық университетінің Абай, Республика Қазақстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНОЙ ТЕХНОЛОГИИ «ДЕБАТЫ» В ИНОЯЗЫЧНОМ ОБРАЗОВАНИИ

В статье рассматривается проблема применения интерактивной технологии «Дебаты» на уроках английского языка. Современные подходы к модернизации образования позволяют рассматривать технологию «Дебаты» как эффективную технологию формирования компетентности. Технология «Дебатов» – это образовательная стратегия, основанная на умении анализировать текущие общественно-политические события, сосредотачиваться на актуальной проблеме, собирать и обрабатывать информацию, выражать свое мнение по этому вопросу и отстаивать ее во время игры, организации группового взаимодействия.

Авторы описывают виды, форматы и этапы дебатов, дают эффективные способы предотвращения трудностей, с которыми сталкиваются учителя и студенты во время дебатов. Отмечается эффективность использования технологии дебатов в иноязычном образовании и влияние на повышение мотивации и интереса студентов к изучению английского языка. Дебаты формируют у студентов навыки аудирования, говорения, чтения и письма по четырем видам речевой деятельности. Дебаты формируют у студентов иноязычную коммуникативную компетенцию, развивают навыки публичного выступления, а также способствуют повышению мотивации к изучению иностранного языка. Авторы пришли к выводу, что использования дебатов на уроке

английского языка требует предварительной поэтапной подготовки студентов.

Ключевые слова: технология «Дебаты», обучение иностранному языку, типы дебатов, этапы дебатов, коммуникативная компетенция.

*Z. A. Kemelbekova¹, G. O. Seidalieva², D. B. Ismailova³

^{1,2,3}Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 11.03.22.

FEATURES OF USING INTERACTIVE «DEBATE» TECHNOLOGY IN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

The article deals with the problem of using interactive «Debate» technology in teaching English. Modern approaches to modernizing education allow us to consider the debate program as an effective technology for the formation of civic competence. «Debate» technology is an educational strategy based on the ability to analyze current socio-political events, focus on current issues, collect and process information, express their views on this issue and defend it during the game, the organization of group interaction.

The authors describe the types, formats and stages of debate technology, provide effective ways to prevent difficulties faced by teachers and students during debates. The effectiveness of the use of «Debate» technology in foreign language education and the impact on increasing students' motivation and interest in learning English is noted. Debates form students' listening, speaking, reading and writing skills in four types of speech activity. Debates from students' foreign language communicative competence, develop public speaking skills, and also contribute to increasing motivation to learn a foreign language. The authors came to the conclusion that the use of debates in English foreign language classroom requires preliminary steps and preparation of students.

Keywords: «Debate» technology, foreign language teaching, types of debates, stages of debates, communicative competence.

<https://doi.org/10.48081/FTLH5270>

***А. А. Кобланова¹, П. А. Алтынбаева², Г. Ж. Анесова³**

^{1,2}Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

³Қалижан Бекхожин атындағы ЖОББМ,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА CLIL ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Білімді дамыту үшін жаңа ұғым, жаңа үлгі, жаңа тәсілдер қажет», – деп Ж. Аймауытов айтқандай кіріктіре оқытудың нәтижесінде әдіс-тәсілдердің жетілдіре түскендігін байқадық. Ағылшын тілін оқыту пәнінің арасындағы ортақ тақырыптарды ынтымақтаса оқудың тиімді әдіс-тәсілдеріне бағыт беру мақсатында сыныптың деңгейіне сай тапсырмаларды дайындалды, сабақта тірек сөздермен жұмыс жасалды, айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары дамытылды, белсенді оқу әдістері қолданылды. Өзара ынтымақтастық мұғалімдердің кәсіби дамуына жағдай жасайды. Өткізілген сабақтар бойынша талдау жасалып, сәтті – сәтсіз тұстары туралы айтылды. Тілдік кіріктіріп оқыту дәстүрлі оқытудағы бас тартып басқа пән бойынша ақпарат алмасуға көмектесті. Кіріктірілген сабақ арқылы жаңа технологияның әдіс – тәсілдерін меңгерді. Жоғары оқу орындарында, әсіресе техникалық мақсатты түрде ESL тілін оқыту өте қиын. Филолог мамандығын меңгерген ағылшын тілі мұғалімдері үшін кейде жаңа тілді де, жаңа пәнді де қатар оқыту қиын болып көрінеді. Бірақ ағылшын тілі мұғалімі оқу тапсырмаларымен күресуге, оқушыларды техникалық контекст лексикасымен таныстыруға дайын болуы керек. Біздің елімізде жастардың көпшілігі ағылшын тілін белсенді түрде оқиды.

Кілтімі сөздер: технология, кіріктірілген сабақ, дағды, мәдениет, термин.

Кіріспе

Ағылшын тілін білу еңбек нарығындағы маманның бәсекеге қабілеттілікті арттырады және осылайша халықаралық қатынасқа ықпал ететін білеміз. Қазіргі кезде қазақстандық білім беру және ғылыми ұйымдардың әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануы процесінде ағылшын тілінің рөлі елеулі түрде артып келеді. Осыған байланысты оқу бағдарламасын, оның ішінде зерттеуші ғалымдарды барынша тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шет тілін оқытудың заманауи нысандары мен әдістерін қолдану қажеттілігі туындайды.

CLIL дегеніміз – бұл мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту деп қарастырылады. CLIL-де оқытылатын оқу пәндері өнер, тіл, классика, дизайн және технология (DT), экономика, қоршаған ортаны қорғау, география, тарих, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ), сауат ашу, математика, музыка, дене шынықтыру (PE), философияны қамтиды, саясаттану, дінтану (RE), ғылым, әлеуметтік ғылым және технология.

Пән мазмұны туралы идеяларды білдіру және оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуіне көмектесу үшін оқушылар коммуникациялық дағдыларды дамытуы керек. Олардың функциялары (фактілер, деректер, ойлар және сезімдер) жазбаша да, ауызша да білдіруі және түсіндіруі керек. Қарым-қатынас дағдылары маңызды. Сондықтан CLIL STT (студенттің сөйлесу уақыты) және TTT (мұғалімнің сөйлесу уақыты) қысқартылуына бағытталған. CLIL сабағы барлық төрт тілдік дағдыларды біріктіруі керек. Дағдылар келесідей көрінеді: Тыңдалым – тілді үйрену үшін қажетті қалыпты енгізу әрекеті. Оқылым – мағыналы материалмен оқу, ақпараттың негізгі көзі [1]. Сөйлесім – еркін сөйлеуге бағытталған. Дәлдік екінші дәрежелі болып саналады Жазылым – бұл грамматикада өңделетін лексикалық әрекеттер тізбегі.

Зерттеудің нысаны: CLIL әдістемесі қарастыру.

Зерттеудің пәні: CLIL әдістемесін практикада қолданып, оқушылардың меңгеруін көрсетті қашықтықтан оқыту жүйесінде платформаларды қолданудың тиімділігін қалыптастыру.

Мақсаты: тіл нақты коммуникациялық мәселелерді шешу үшін қолдануына сай оқушылардың ағылшын тілін меңгеру мотивациясын арттыру.

Міндеттері: CLIL әдістемесін әзірлеу.

CLIL әдістемесін оқыту құралы ретінде қарауға болады. CLIL әдістемесін қолданудың арттықшылықтары:

1 Оқушылар тілдік материалды толық меңгереді;

2 Тілдік қорды толықтыратын пәндік спецификалық терминдерді білуге көмектеседі;

3 Тілдік кіріктіріп оқыту дәстүрлі оқытудағы бас тартып басқа пән бойынша ақпарат алмасуға көмектеседі;

CLIL – әдістемесін қолдана отырып сабақты жоспарлаған да оқушылардың жас ерекшеліктерін, тілдің - пәндік деңгейін ескердім [2].

Еуропа елдерінде 1990 жылдан бастап көптілді дамыту мақсатынды CLIL әдістемесін қолдана бастады. CLIL мазмұн мен тілді біріктіріп оқыту, яғни шет тілі мен басқа академиялық пәндерді біріктіру дегенді білдіреді. Еуропалық елдерде CLIL әдісінің төрт негізгі аспект анықталған 4С:

CONTENT (Мазмұн) – бұл пән саласындағы ілгері басатын білімдер, біліктер мен дағдылар;

COMMUNICATION (Қатынас) – бұл оқытуда шет тілін пайдалану біліктері;

COGNITION (Таным) – бұл жалпы түсінікті қалыптастыратын (нақты және абстрактілі) танымдық және ойлау қабілеттерін дамыту;

CULTURE (Мәдениет) – бұл өзін мәдениеттің бір бөлігі ретінде ұғыну, сонымен қатар балама мәдениеттерді қабылдау.

Осындай әдістердің мектептерде және басқа да салалардағы студенттердің және оқушылардың қажетті құзыреттерін қалыптастыруға ықпал ете алатын CLIL (Content and Language Integrated Learning – CLIL) технологиясы болып табылады.

Оқытудағы кіріктірілген пәндік-тілдік тәсіл – CLIL деп аталады. Ол пәнді шет тілдері арқылы меңгерудің оқыту әдісін сипаттау үшін қолданылады, оның негізгі мақсаты - пәнді меңгеру және шет тілі бойынша тілдік дағдыларды жетілдіру. CLIL материалдық мазмұн мен тіл үйрену арасындағы теңгерімді талап етеді, онда тіл мазмұнды оқыту құралы ретінде пайдаланылады, ал мазмұн, өз кезегінде, тіл үйрену үшін ресурс ретінде қолданылады [3].

Материалдар мен әдістер

CLIL – бұл, пән мен ағылшын тілінің үйлесімі болып табылады. студенттер шет тілін, біздің жағдайда ағылшын тілін үйрену арқылы пәнді үйренеді. Бұл жағдайда оқытушылар ретінде пән оқытушылары немесе ағылшын тілі оқытушылары жұмыс істей алады. CLIL – бұл әртүрлі оқу модельдерін сипаттау үшін қолданылатын термин. «Soft»-тан «Hard»-қа дейін. Қазіргі кезде біз «Hard» – «қиын» жолды таңдап отырмыз, яғни сабақтың бір бөлігі ағылшын тілінде болуы керек. Ең дұрысы, ағылшын тілінде кемінде 50 % сабақ беру керек. Барлығын ағылшын тілде айту міндетті емес. Дегенмен, CLIL сабақтарында ең маңыздысы – ол, нақты материалды тілмен байланыстыру. Осылайша, оқушылар материал бойынша жай ғана нақты сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа материалмен қоса тілдің лексикасы мен грамматикасын табиғи түрде үйренеді. CLIL-ды қолдану

арқылы мұғалім 4С секілді сәттерді ескеру керек. Осының барлығы білім берудің жаңартылған мазмұнында байқалады, жаңартылған бағдарлама немесе CLIL бойынша сабақ жоспарын құрастырудың да ұқсас құрылымы бар. CLIL әдіснамасына сәйкес, CLIL терминін (Content and Language Integrated Learning) Д. Марш енгізді, оның келесі анықтамасы берілді [4]: «Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту кез-келген екі пәндік білім мәнмәтініне бағытталған, онда оқыту тілі ретінде қолданылатын қосымша тіл, яғни негізгі емес/шет тілінде оқытудың курсы жүргізіледі».

Нәтижелер және талқылау

CLIL әдістемесінің позитивті жақтары: мәдениетаралық білімнің қалыптасуы; оқушыларды мәдениетаралық ақпарат алмасу дағдыларының дамуы; тілдік құзіреттіліктің дамуы; түрлі көзқарас тұрғысынан пәннің мүмкіндіктері; оқушылардың пәндік және тілдік сенімділігінің артуы.

Бүгін кез келген мұғалім қайда жұмыс жасайтынына, қандай пәнді жүргізетініне қарамастан, ол интерактивті технологияларды пайдалану саласында құзыретті болуы қажет

Ақпарат деген сөздің мағынасы түсіндіру, мазмұндау.

Ақпараттың түрлері:

- 1) Интерактивті тақта;
- 2) Мультимедия;
- 3) Интернет кеңістігі;
- 4) Электрондық оқулық;

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен зияткерлік қабілетін арттыру үшін кіріктірілген сабақтың маңызы зор деп ойлаймын [5].

Қазіргі кезде кіріктірілген сабақты ұйымдастыру мұғалімдердің зерттеулерінің бірі деуге болады.

Кіріктірілген пәндерді беру әдістемесін ұйымдастыру төмендегідей мақсаттарды қамтиды:

- Ағылшын тілі мен информатика пәндерінің арасындағы ортақ тақырыптарды ынтымақтаса оқудың тиімді әдіс -тәсілдеріне бағыт беру;

- Кіріктірілген сабақтардағы оқытудың тиімді әдіс -тәсілдеріне инновациялық білім беру тәжірибесіне үлес қосу;

- Кіріктірілген сабақ беру кезінде пән мұғалімдері мынадай сұрақтарға жауап бере алатындай болу керек:

- пән мен тілді кіріктіріп оқыту кезінде сабақ мақсаттарын қалай анықтап қарауға болады?

- пән мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың ағылшын тілі пәнін оқуына қалай қолдау көрсетуге болады?

- тілдік ортаға ерудің қолайлы ұйымдастырудың жолдары қандай?

командалық оқытуда екі пән мұғалімі сабақтың бөлімдеріндегі әрекеттерді қалай бөліп алғаны дұрыс деп ойлайсыздар?

- информатика пәнінде сауатты жазылым түрлерін қалай ұйымдастырған тиімді?

- информатика сабағында терминдерді түсіну үшін қандай әдістерді қолданған жөн деп ойлайсыздар?

1 – қосымша. Мұғалімдерден алынған сауалнаманың нәтижесін диаграммадан көруге болады.

Информатика сабағында CLIL әдісінің көмегімен оқыту әдістемесі:

Әдістері: «Quizlet», «GoFormative», «Polleverywhere», «LearningApps com», «Plickers» [6].

Оқу процесін тұтастай қамту, тұтас пән деңгейінде ұйымдастыру үшін Smart технологияларды пайдалану қолайлы болмақ. Мысалы: «Quizlet», «GoFormative», «Polleverywhere», «LearningApps com», «Plickers» quizziz, kahoot, project жобасын құру секілді технологияларды атап етуге болады. Информатика сабағында терминдерді жоғарыда көрсетілген бағдарламаға енгізіп салу арқылы сабақты түрлендіріп өткізуге мүмкіндік береді. Бұл смарт технологиялардың артықшылығы: түрлі сатыдағы ақыл-ой қызметін қажет ететін жұмыстарды арнайы тәсілдер көмегімен орындауға ықпал жасайды. LearningApps.org сайтымен жұмыс жасау арқылы оқушылардың есте сақтау және сынды дағдыларды қалыптастыра аламыз. Информатика сабақтарында терминдерді оқушыларға түсіндіру барысында медиа, суреттер мен шаблондарға енгізуге болады. Бұл бағдарламалар әр қилы форматта, әр түрлі формада ұсынуға жағдай жасалынған. Мысалы: пазлдарды құрастыру, интеллектуалды ойындар, карточкалар мен ребустар, т.б. жүзден аса тапсырмалар жинақталған. LearningApps.org – тапсырма құрастырудың бірнеше жолын көрсетуге болады [7].

«Карточка» – сұрақнамалық екі нұсқадағы үш деңгейлік тапсырмалардан тұрады. «Карточка» мұғалімдер үшін ыңғайлы және пайдалы. Карточка оқушылардың жеке жұмыс жасауына көмектеседі. Екіншіден, оқушылар үшін қажетті құрал болып табылады. Үшіншіден, оқушыларға деңгейі бойынша тапсырмалар бере аламыз.

Визиттік карточка – жеке тұлғаға байланысты қысқаша жазылған мәлімет.

Learningapps.org – интерактивті модульдер көмегімен оқытуға арналған бірегей платформа. Құралдардың кең таңдауы: классификация, хронологиялық кесте, суреттерді сұрыптау, викториналар, пазлдар, аудио-бейне контент, сөзжұмбақ, карталармен жұмыс және басқалары сабаққа әртүрлілік пен креативтілікті қосады. Бұнда интербелсенді тренажерлерді

тексеру автоматты түрде жүзеге асырылады, бұл оқытушылардың қызметін айтарлықтай жеңілдетеді.

«Kahoot» – сурет, видео, карточка немесе тест тапсырмаларын құрастыруға арналған бағдарлама.

Оқушылар әртүрлі тапсырмаларды өз бетімен орындай алады. Оқушылардың жетістіктерін бақылай аламыз. Сабақты қызықты өткізуге мүмкіндік береді.

Kahoot – бұл жаңа білімдерді меңгеруге арналған үйлесімді ойын платформасы. Оқытушы kahoot.com сайтында онлайн-сауалнама жүргізеді, білім алушылар жеке кодты пайдалана отырып қатысады. Ойындар меңгерілмеген материалды анықтауға ғана емес, сонымен бірге рейтингтік бәсекелестік оқыту ортасын құруға мүмкіндік береді. Бұл ресурс сабақта барлық білім алушыларды бағалау процесіне қатыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда қолданылады. Білім алушы кез-келген ыңғайлы уақытта тестілеуден, сауалнамадан өте алады [8].

Кіріктірілген сабақты өткізгеннен кейін ретроспективті және перспективті рефлексия беріліп, нәтижесі талқыланды. Талқылау барысында сабақтың ұйымдастырылудың (Ағылшын тілі және информатика мұғалімдерінің) оқыту әдістемесін сәтті-сәтсіз тұстары мен оқушылардың пәндік, тілдік дағдыларын игеру әрекеті және ұсынылған тапсырмаларды орындау бағыты әдістемелік тұрғыдан талданып, келесі сабақтарда алдыңғы сабақта анықталған кемшіліктер қайтанланбауы ескерілді. Бір сабақтан келесі сабаққа өткен сайын жүргізілген жұмыстар нәтижесінде кіріктірілген сабақтың нәтижесінде әдіс-тәсілдер түрлендіріп отырды. Сабаққа қатысқан мұғалімдер мен оқушылардың кері байланыс нәтижесінде, олардың пікірлері қаралғанның және талданғанның нәтижесінде жетістікке жетті деп ойлаймын.

Кіріктірілген сабақтарды беру кезіндегі келесі қағидалар анықтауға болады:

1 Тақырып бойынша екі пәннің оқу максаттарының бір-біріне сәйкес келуі маңызды;

2. Кіріктірілген сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдердің кластың деңгейіне сәйкес болуы керек;

3 Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты;

4 Әр тапсырмалардың жетістігі критерийлерге сәйкес құрылып, бағалануы тиіс;

Рональд Де Грот деңгейлік оқытудың үш түрлі деңгейін атап көрсетеді:

1 – шағын деңгей, бұл сынып ішіндегі әртүрлі топтардың арасындағы қарым – қатынас. Бұл деңгейді ішкі саралау деп атайды.

2 – мезодеңгей, мектептің деңгейінде, бірнеше кластар арасында кәсіби байланыстардың орын алуы [9].

3 – макродеңгей, әртүрлі деңгейдегі мектептер арасындағы саралау.

Сонымен қатар оқушыларға түрлі деңгейлік тапсырмалар берілді.

Оқушыларға сұрақ жазуға стикерлер таратылып, мұғалім сұрақтар жазылған стикерлерді жинап алып, оқушылардың өзіне қояды.

Жай сұрақтар «С» деңгейдегі оқушылар үшін, орташа деңгейлі сұрақтар «В» деңгейдегі оқушылар үшін, күрделі деңгейлі сұрақтар «А» деңгейдегі оқушылар үшін қойылды. Деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар өздігінен ізденіп, өздерінің ойларын ашық айта білді [10]. Сонымен қатар оқушылар қорытынды жасауды үйренді. Тапсырманы орындау арқылы оқушылар критерейлерге сәйкес өзін – өзі де бағалай алуға үйренді.

Қорытынды

Қорыта келе, инновациялық технологияларды қолдану арқылы коммуникацияның әртүрлерін енгізу арқылы, оқушылардың шығармашылық қабілеттерің арттырумен қатар ғылыми потенциалының өркендеуіне, қазір заманға әлеуметті тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Ағылшын тілі мен информатика пәндерінің арасындағы ортақ тақырыптарды ынтымақтаса оқудың тиімді әдіс-тәсілдеріне бағыт беру мақсатында сыныптың деңгейіне сай тапсырмаларды дайындалды, сабақта тірек сөздермен жұмыс жасалды, айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдылары дамытылды, белсенді оқу әдістері қолданылды. Өзара ынтымақтастық мұғалімдердің кәсіби дамуына жағдай жасайды. Өткізілген сабақтар бойынша талдау жасалып, сәтті - сәтсіз тұстары туралы айтылды. Тілдік кіріктіріп оқыту дәстүрлі оқытудағы бас тартып басқа пән бойынша ақпарат алмасуға көмектесті. Кіріктірілген сабақ арқылы жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін меңгерді. Оқу үдерісін саралап ұйымдастыру барысында оқушылардың шығармашылық ойлауы жетілдіреді. Оқушылардың кіріктірілген сабақ бойынша жеке қажеттілігін ескеріліп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен мүмкіндігі артты деп ойлаймын.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Бим, И. Л.** Понятие системы обучения иностранному языку на разных уровнях рассмотрения // Иностранные языки в школе. – № 2. 1975. – 22–35 с.

2 **Елчиева, С. Н.** Формирование нравственной культуры студентов в процессе обучения иностранным языкам в неязыковом вузе. Дисс. ... канд. пед. наук. – Шымкент, 2004.

3 **Byram, M.** Teaching and assessing intercultural communicative competence. – Clevedon, 2014.

4 Cambridge International Dictionary of English. – Cambridge University Press, 1995.

5 Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. Eurydice. The information network on education in Europe [Electronic resource]. – Mode of access: <http://www.eurydice.org>. 2006

6 **Лалетина, Т. А.** Интегрированный подход и использование предметно-языковой интеграции при обучении иностранному языку / Т. А. Лалетина. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/8574>

7 **Mehisto, P., Marsh D., Frigols, M. J.** Uncovering CLIL. Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education. Macmillan Books for Teachers. – Macmillan Education. 2008.

8 **Maljers, A., Marsh, D., Coyle, D., Hartiala, A. K., Marsland, B., Pérez-Vidal, C., Wolff, D.** The CLIL Compendium. 2002. [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.clilcompendium.com>

9 **Coyle, D.** Content and Language Integrated Learning Motivating Learners and Teachers [Electronic resource]. – Access mode: <http://bloccs.xtec.cat/clilpractiques1/files/2008/11/slrcoyle.pdf>

10. **Костомаров, В. Г.** Язык в отношении к культуре и цивилизации. Санкт-Петербург, Май, 22–23, 2003. – С. 17–22.

References

1 **Bim, I. L.** Ponyatie sistemy obucheniya inostrannomu yazyku na raznyh urovnyah rassmotreniya [The concept of a foreign language teaching system at different levels of consideration]. In Inostrannye yazyki v shkole. – № 2. – 1975. – 22–35 p.

2 **Elchieva, S. N.** Formirovanie нравственной культуры студентов в процессе обучения иностранным языкам в неязыковом вузе. [Formation of the moral culture of students in the process of teaching foreign languages in a non-linguistic university] Diss. ... kand. ped.nauk. – Shymkent, 2004.

3 **Byram, M.** Teaching and assessing intercultural communicative competence. [in English] Clevedon, 2014.

4 Cambridge International Dictionary of English [in English]. – Cambridge University Press, 1995.

5 Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. Eurydice. The information network on education in Europe [in English] [Electronic resource]. – Mode of access: <http://www.eurydice.org>. 2006.

6 **Laletina, T. A.** Integrirovannyj podhod i ispol'zovanie predmetno-yazykovoj integracii pri obuchenii inostrannomu yazyku [An integrated approach and the use of subject-language integration in teaching a foreign language] /

T. A. Laletina. - [Electronic resource]. – Access mode: <http://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/8574>

7 **Mehisto, P., Marsh, D., Frigols, M. J.** Uncovering CLIL. Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education. Macmillan Books for Teachers [in English]. – Macmillan Education, 2008

8 **Maljers, A., Marsh, D., Coyle, D., Hartiala, A. K., Marsland, B., Pérez-Vidal, C., Wolff, D.** The CLIL Compendium. [in English]. - 2002. [Electronic resource]. – Access mode: <http://elib.sfu-kras.ru/handle/2311/8574>,

9 **Coyle, D.** Content and Language Integrated Learning Motivating Learners and Teachers [in English]. [Electronic resource]. – Access mode: <http://bloccs.xtec.cat/clilpractiques1/files/2008/11/slrcoyle.pdf>

10 **Kostomarov, V. G.** Yazyk v otnoshenii k kul'ture i civilizacii. [Language in relation to culture and civilization] St-Peterburg, May, 22–23, 2003 – P. 17 – 22.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

*А. А. Кобланова¹, П. А. Алтынбаева², Г. Ж. Анесова³

^{1,2}Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,

Республика Казахстан, г. Актөбе;

³СОШ имени К. Бекхожина,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТОДА CLIL В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

«Развитие знаний требует новой концепции, новой модели, новых подходов», – утверждал Ж. Аймаутов. В результате комплексного обучения методика улучшилась. Чтобы сосредоточиться на эффективных методах обучения в сотрудничестве с общими темами между английским языком и информатикой, были подготовлены задания в соответствии с уровнем класса, на уроке использовались ключевые слова, развивались навыки говорения, письма, аудирования и чтения, активно использовались методы обучения. Уроки анализировались и были обсуждены успехи и неудачи. Интегрированное изучение языка помогло перейти от традиционного обучения к обмену информацией по другому предмету. Изучались методы новых технологий через интегрированные уроки. Преподавание ESL в высших учебных заведениях, особенно с технической целью, очень сложно. Преподавателям английского языка, которые являются

филологами, иногда кажется сложным преподавать и новый язык, и новый предмет одновременно. Но преподаватель английского языка должен быть готов решать задачи по чтению, знакомить студентов лексикой технического контекста. В нашей стране большая часть молодежи активно изучает английский язык.

Ключевые слова: технология, интегрированный урок, навыки, культура, термин.

*А. А. Кобланова¹, П. А. Алтынбаева², Г. Ж. Анесова³

^{1,2}К. Жубанов Актөбе Региональ университеті,

Республика Казахстан, Актөбе;

³Secondary school named after K. Bekkhozhin,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 11.03.22.

PECULARITIES OF CLIL USE IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE

Zh. Aimaurov cited: «Expansion of knowledge requires a new concept, a new model, and new approaches», The result of the comprehensive learning methodology has improved. In order to concern on effective learning methods in collaboration with ordinary themes between English and Computer studies, the tasks were prepared according to class level, and also keywords were used on the lesson, speaking, writing, listening and reading skills were developed, active methods were used to the point. Lessons were analyzed and their success and failures were discussed too. Integrated language learning helped to proceed from traditional learning to sharing information by other subjects. New technology techniques were studied through integrated lessons. Teaching ESL in higher education, especially for a technical purpose, is very difficult. English teachers who are philologists sometimes find it difficult to teach both a new language and a new subject at the same time. But an English teacher should be ready to solve reading problems, introduce students to the vocabulary of a technical context. In our country, most of the young people are actively studying English.

Keywords: technology, integrated lesson, skill, culture, term.

<https://doi.org/10.48081/NODC1330>

***Л. Е. Кудайбергенова**

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар

НАУЧНО - ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АКАДЕМИКА М. С. СИЛЬЧЕНКО

В данной статье представлены жизнь и творчество известного ученого Митрофана Семеновича Сильченко, внесшего неоценимый вклад в развитие казахской литературы, его биография, литературное и научное наследие. Статья разработана в рамках докторской диссертации «Научное наследие академика М. С. Сильченко». Важным является определение места академика в развитии литературы в целом в тридцатые – восьмидесятые годы прошлого столетия. Целью и задачей статьи является рассмотрение творческой биографии Митрофана Семеновича Сильченко, выявление его литературного и научного наследия, обзор трудов ученого. Были систематизированы архивные документы на основе сопоставительного анализа ученого, определено место академика в истории развития казахской литературы. Также было выявлено несколько направлений исследований ученого, такие как творчество классиков русской литературы (дооктябрьский и советский периоды); связи казахской литературы с русской литературой; вопросы методики преподавания литературы; написание учебников и учебных пособий, развитие абзацеведения – итог исследования, где было представлено творчество Абая, что помогло точнее и глубже понять творчество писателя, историческую эпоху, которая породила поэта и которую он отразил в своих произведениях.

Ключевые слова: ученый, академик, литература, литературоведение, наследие, фольклор, научные исследования

Введение

Большие перемены двух последних десятилетий в истории казахского народа позволили по-новому осмыслить и заново открыть для себя многие культурно-исторические ценности.

Одним из достижений суверенного Казахстана в области культуры и литературы является возможность изучения и исследования тем и представление литературного, научного наследия на рассмотрение общественности ученого, академика Митрофана Семеновича Сильченко, исследовавшего несколько направлений.

Материалы и методы. Теоретический анализ научной литературы по теме исследования, анализ архивных документов; анализ содержания работ ученого. В работе использованы общенаучные методы описания, анализа, классификации, обобщения.

Митрофан Семенович Сильченко – известный ученый, педагог, организатор науки, академик Академии наук Казахской ССР – родился 20 апреля 1898 г. в Воронеже. По желанию отца-священослужителя М. С. Сильченко становится слушателем Воронежской духовной семинарии, которую окончил в 1917 г. Любознательному молодому человеку не нравится религиозное учение. В 1918 г. он поступил в Воронежский государственный университет на педагогический факультет словесно-исторического отделения, который окончил в 1924 г. Любовь к литературе и к русскому языку определила его будущее. Являясь студентом университета, М. С. Сильченко преподает в начальной школе русский язык и литературу, с 1921 по 1931 гг. – на рабфаке при Воронежском государственном университете. В течение 1926 – 1930 гг. он работал в Воронежской губсовпартшколе и комвузе преподавателем литературы. В 1931 г. М. С. Сильченко был направлен в Казахстан Главпрофобром Наркомпроса РСФСР для преподавания русского языка и литературы в Алма-Атинском педагогическом институте. В культурном центре республики работали виднейшие ученые, с интересом принявшие молодого преподавателя.

«Работа в Казахстане, – пишет Митрофан Семенович в своей автобиографии от 8 мая 1958 г., – определила мои педагогические и научные склонности. Преподавая русскую литературу в казахских отделениях вуза, я стремился обращать внимание на литературные параллели, на взаимодействие казахской литературы с русской литературой, на закономерности русского литературного процесса. Этим объясняется то, что основной проблемой, над которой я работаю как исследователь-литературовед, являются вопросы взаимодействия казахской и русской литературы» [1, с. 17].

М. С. Сильченко занимался методикой преподавания литературы и выполнял научно-методические работы в студенческие годы и будучи преподавателем рабфака. Они положили начало научной деятельности Митрофана Семеновича, хотя не были напечатаны.

По результатам исследования в 1933 г. в соавторстве с М. П. Баталовым академик М. С. Сильченко издает свою первую книгу «Очерки по казахскому

фольклору и литературе», которая получила высокую оценку научной общественности и широкого круга читателей. Литературоведческий труд по казахскому фольклору и народной литературе, в котором анализируются тексты легенд и сказаний, былин и сказок казахского народа. Авторы подчеркивают социальную значимость таких деятелей культуры как Кунанбаев, Байтурсынов, Дулатов и Ауэзов [2, с. 4].

М. С. Сильченко – один из первых исследователей литературного наследия крупного казахстанского писателя И.Шухова. Его значимая статья «Шухов – художник» опубликована в 1934 г.

Многочисленные литературоведческие исследования посвящены творчеству классиков русской советской литературы – А. И. Герцену, В. Г. Короленко, А. П. Чехову, А. Н. Островскому, В. Маяковскому, М. Горькому, Д.Фурманову и др. особое внимание уделяется методике преподавания литературы в высшей и средней школах. Этому посвящены статьи «Типы уроков по литературе», «Урок по литературе и его планирование» и др. [1, с. 18].

30-е годы ознаменовались становлением национальной школы. М. С. Сильченко были написаны учебники и хрестоматии по русской литературе, опубликована «Книга для чтения по русскому языку для 7-го класса казахской школы».

В это же время Митрофан Семенович начинает изучать литературное наследие классика казахской литературы Абая и публикует ряд статей, посвященных его творчеству: «Реализм Абая», «Абай – поэт-реалист», «Поэт и народ» и другие. Он выступает по данной тематике с докладами на различных конференциях и сессиях АН КазССР, пишет рецензии и критические статьи.

В 1942 г. М. С. Сильченко успешно защитил кандидатскую диссертацию на тему «Творчество В. Г. Короленко 70–80 годов», которая явилась итогом его многолетней научно-исследовательской работы. В 40-е годы им написано и опубликовано более 50 научных работ. Ученый ведет исследования в нескольких направлениях: творчество классиков русской литературы (дооктябрьский и советский периоды); связи казахской литературы с русской литературой; вопросы методики преподавания литературы; написание учебников и учебных пособий и др. Большое внимание он уделяет изучению творчества М. В. Ломоносова, А. Н. Радищева, А. С. Пушкина, И. С. Тургенева, И. А. Крылова, Л. Н. Толстого, В. Г. Белинского, А. П. Чехова, М. Горького, А. Н. Островского и др., пишет серию статей о творчестве Абая и Джамбула. В данный период были опубликованы следующие книги: «Война и преподавание литературы», «Абай. Очерк жизни и творчества», «Русская литература. Учебник-хрестоматия для 8 класса казахской школы», «Абай –

классик казахской литературы». Неоднократно переиздавалась «Книга для чтения по русскому языку для 6-го класса казахской школы» [1, с. 18].

Итогом многолетних научных исследований М. С. Сильченко явилось опубликование в 1957 г. его монографии «Творческая биография Абая». В том же году на эту тему им была защищена докторская диссертация. Своему главному труду Митрофан Семенович посвятил свыше 20 лет, публикуя в этот период многочисленные статьи о творчестве великого казахского поэта: «Абай и басни Крылова», «Выдающийся поэт-просветитель Абай Кунанбаев», «Абай и русские революционеры-демократы», «Образы Онегина и Татьяны в творчестве Абая», «Состояние и задачи научной разработки наследия Абая», «Художник-реалист», «Основоположник новой казахской литературы», «Источник и вдохновение», «Национальная гордость казахского народа», «Два стихотворения Абая о волостных управителях», «Путь Абая к реализму» и другие, занявшие достойное место в истории казахского литературоведения и ставшие примером глубокой преданности избранной теме, беззаветного служения науке. М.С. Сильченко – литературовед, написавший ценный труд о творческой биографии Абая, и достаточно ясно дающий представление о мнении великого Абая о Шортанбае, Дулате, Бухаре; о мотивах появления течений «зар заман», «сұм заман»; о событиях, ставших бедствиями для казахов. Когда он анализирует стихи поэтов, выступивших против требований Временного положения об управлении степными областями 1868 года, свои размышления он строит, опираясь на реалии и изменения в кочевой жизни казахов [3, с. 23].

Результатом научно-педагогической деятельности М. С. Сильченко явились следующие его работы: «Казахская литература. Учебник-хрестоматия для 10 классов русских школ Казахстана», «Книга для чтения по русскому языку для 6-го класса казахской школы», «Русская литература. Учебная хрестоматия для 8 класса казахской средней школы», «Казахская литература XIX – начала XX веков. Учебник-хрестоматия для 8 класса казахской средней школы», «Казахская литература XIX – начала XX веков. Учебник-хрестоматия для 9 класса русских школ Казахстана».

Ученый М. С. Сильченко большое внимание уделял подготовке научных кадров. Под его руководством защищено несколько кандидатских диссертаций. Среди его учеников есть доктора наук, члены-корреспонденты АН Казахской ССР. Почти 40 лет проработал М.С. Сильченко в Казахском педагогическом институте им.Абая в качестве преподавателя, заведующего кафедрой русской и зарубежной литературы, декана литературного факультета [4. с. 209].

М. С. Сильченко принимал активное участие в разработке актуальных проблем казахского традиционного фольклора устной индивидуальной

поэзии, казахской дореволюционной и советской литературы. Им написаны крупные разделы для фундаментальных коллективных трудов, таких, как «История казахской литературы», «Очерки казахской народной поэзии», «Труды Отдела народного творчества Института языка и литературы АН Казахской ССР» и др. Под его руководством и с его участием подготовлены и опубликованы собрания сочинений Абая Кунанбаева, Джамбула Джабаева, академические издания казахских эпосов «Кыз-Жибек», «Кобланды батыр». Он неоднократно обращался к творчеству М. О. Ауэзова. Вместе с тем М. С. Сильченко занимался изучением творческого наследия Ибрая Алтынсарина, Чокана Валиханова. Ряд его статей посвящен становлению и развитию казахской литературоведческой науки, разработке основных принципов истории казахской литературы. М. С. Сильченко отличало умение выделить из множества проблем главную и сконцентрировать все силы на ее решении.

Отдавая много сил педагогической и научной деятельности, М. С. Сильченко активно занимался общественной работой как в педагогическом институте им. Абая, так и в Институте языка и литературы АН КазССР. Его неоднократно избирали делегатом на районные и городские партийные конференции, на республиканские съезды профсоюза работников просвещения, высшей школы и научных учреждений.

Результаты и обсуждение. М. С. Сильченко активно выступал с научными докладами на различных конференциях, совещаниях, сессиях. Он состоял членом ученых, проблемных и специализированных советов, редколлегии журналов, а в 1962-1970 гг. был ответственным редактором журнала «Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствovedения; Серия общественная; Серия общественных наук». Под редакцией М. С. Сильченко опубликованы такие работы, как «Абай – великий казахский поэт», «Джамбул», «Труды 1 сессии АН КазССР», «Очерки казахского народно-поэтического творчества советской эпохи», «Труды Отдела народного творчества», «Библиографический указатель по казахскому народному творчеству», «Собрание сочинений Джамбула Джабаева», «Казахское стихосложение» и др.

Выводы

Таким образом, на основании вышеизложенного мы попытались раскрыть литературное наследие ученого Митрофана Семеновича Сильченко. Он вырос со страстью и любовью к литературе. Интерес М. С. Сильченко к литературе восходит к 1940-м годам. Политическая обстановка в обществе того времени и развитие литературы определили взгляды и литературную направленность ученого. Как и многие ученые, поэты и писатели того времени,

М. С. Сильченко верил в идеологию советской власти и тем самым оставил свой след в казахской литературе.

Список использованных источников

- 1 Академия наук Казахской ССР. Митрофан Семенович Сильченко. – Алма-Ата, 1987.
- 2 **Баталов, М., Сильченко, М.** Очерки по казахскому фольклору и казахской литературе. – Алма-Ата – Москва, 1933.
- 3 Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы : Издательство АН Казахской ССР, 1961. – 376 с.
- 4 **Сейтов, С.** Жизнь, посвященная науке; [80 лет со дня рождения М. С. Сильченко] Звезда – 1978. – № 4. – С. 208–210.
- 5 **Нарымбетов, А.** Выдающийся ученый : к 70-летию М. С. Сильченко [Казахская литература, 21 апреля, 1968. 2 с.
- 6 **Ахметов, З.** Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
- 7 **Ахметов, З. А.** Казахское стихосложение. (Проблемы развития стиха в дореволюционной и современной поэзии).
- 8 История казахской литературы : В 3 т. / Редкол. : М.К. Каратаев (отв. ред.), М. С. Сильченко и др.; АН КазССР. Ин-т лит. и искусства им. М. О. Ауэзова. – Алма-Ата : Наука, 1971.
- 9 Казыханова, Б. Роль художественного наследия в эстетическом воспитании. – Алма-Ата, 1967. – 240 с.
- 10 **Еспенбетов, А.** Уақыт өрнегі. – Алматы : Инжу-маржан, 2005. – 515 б.

References

- 1 Akademiya nauk Kazakhskoy SSR. Mitrofan Semenovich Silchenko. [Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Mitrofan Semyonovich Silchenko]. Alma-Ata, 1987.
- 2 **Batalov, M., Silchenko, M.** Ocherki po kazakhskomu folkloru i kazakhskoy literature. [Essays on Kazakh folklore and Kazakh literature]. – Alma-Ata – Moscow, 1933.
- 3 Әдеби мұра және оны зерттеу [Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR]. – 1961. – 376 p.
- 4 **Seytov, S.** Jizn, posviaennaa naýke [80 let so dnia rojdeniia M. S. Silchenko], [Life dedicated to science] [80 years since the birth of M. S. Silchenko]. – Star – 1978. – No. 4, – P. 208–210.

5 **Narymbetov, A.** Vydayushchiysya uchenyy : k 70-letiyu M. S. Silchenko] [An outstanding scientist : to the 70th anniversary of M. S. Silchenko]. In Kazakh literature, April 21, 1968. – 2 p.

6 **Ahmetov, Z.** Abaıdyń aqyndyq álemi. [Abai's poetic world]. – Almaty : Ana tili, 1995. – 272 p.

7 **Ahmetov, Z. A.** Kazakhskoye stikhoslozheniye (Problemy razvitiya stikha v dorevolutsionnoy i sovremennoy poezii) [Kazakh versification (Problems of the development of verse in pre-revolutionary and modern poetry)]

8 Istoriya kazakhskoy literatury [History of Kazakh literature] In 3 volumes / Editorial board: M.K. Karataev (editor-in-chief), M.S. Silchenko and others; AN KazSSR. Institute of Literature and Art. M.O. Auezov. – Alma-Ata : Science, 1971.

9 **Kazykhanova, B.** Rol' khudozhstvennogo naslediya v esteticheskom vospitani. [The role of artistic heritage in aesthetic education]/ – Alma-Ata, 1967. – 240 p.

10 **Espenbetov, A.** Ұақыт órnegi [Expression time]. – Almaty : Pearls, 2005. – 515 p.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

*Л. Е. Кудайбергенова

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
Материал 11.03.22 баспаға түсті.

АКАДЕМИК М. С. СИЛЬЧЕНКОНЫҢ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада қазақ әдебиетінің дамуына өмірлік үлес қосқан белгілі ғалым Митрофан Семенович Сильченконың өмірі мен шығармашылығы, оның өмірбаяны мен ғылыми мұрасы қарастырылады. Мақала докторлық диссертация «Академик М. С. Сильченконың ғылыми мұрасы» аясында әзірленген. Өткен ғасырдың отызыншы-сексенінші жылдарындағы академиктің жалпы әдебиеттің дамуындағы орнын анықтау да маңызды. Мақаланың мақсаты мен міндеті – Митрофан Семенович Сильченконың шығармашылық өмірбаянын қарастыру, оның әдеби және ғылыми мұрасын анықтау, ғалымның еңбектеріне шолу жасау. Ғалымның салыстырмалы талдауы негізінде мұрағат құжаттары жүйеленіп, академиктің қазақ әдебиетінің даму тарихындағы орны айқындалды. Ғалымның бірнеше зерттеу бағыттары да айқындалды, мысалы, орыс әдебиеті классиктерінің

шығармашылығы (қазанға дейінгі және кеңестік кезең); қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысы; әдебиетті оқыту әдістемесінің сұрақтары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жазу; абайтану ғылымының дамуы – Абай шығармашылығын танытатын, ақынды дүниеге әкелген және өз шығармаларында бейнелеген тарихи дәуірді дәл әрі терең түсінуге көмектескен зерттеудің нәтижесі.

Кілтті сөздер: ғалым, академик, әдебиет, әдебиеттану, мұра, фольклор, ғылыми зерттеулер.

*L. E. Kudaibergenova

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 11.03.22.

EDUCATIONAL SCIENCE WORK OF ACADEMICIAN M. S. SILCHENKO

The article deals with life and work of the famous scientist Mitrofan Semenovich Silchenko, who made indispensable contribution to the development of Kazakh literature, his biography and scientific heritage. The article was developed within the framework of the doctoral dissertation «Scientific heritage of Academician M. S. Silchenko». It is also important to determinate the position of the academician in the development of literature in general in the thirties and eighties of the last century. The purpose and objective of the article is to consider the creative biography of Mitrofan Semenovich Silchenko, to identify his literary and to review the works of the scientist. There were systematized archival documents on the basis of a comparative analysis of the scientist, it was determined the position of the academician in the history of the development of Kazakh literature. There were also identified several areas of research by the scientist, such as the work of Russian literature classics (pre-October and Soviet periods); connections of Kazakh literature with Russian literature; questions of methods of literature teaching; writing textbooks and teaching aids; the development Abai studies – the result of a study where Abai's work was presented, which helped to more accurately and deeply understand the writer's work, his historical era that gave birth to the poet and which he reflected in his works.

Keywords: scientist, academician, literature, literature studies, heritage, folklore, scientific studies

<https://doi.org/10.48081/DGDZ1673>

***М. Қ. Мұқашева¹, А. М. Картаева²**

^{1,2}Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

«АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫН ОҚЫТУ (Қ. БІТІБАЕВАНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада әдіскер ұстаз Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының әдебиеттану және әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымына қосқан педагогикалық еңбегі сөз етіледі. Қ. Бітібаеваның М. Әуезовті мектепте оқыту туралы зерттеу еңбектеріндегі «Абай жолы» роман-эпопеясын оқытудың технологиясы, әдістемесі жан-жақты қарастырылады. Негізгі бөлімде Қ. Бітібаеваның тереңдетілген бағдарламасында берілген «Абай жолы» роман-эпопеясын тұтастай оқытудың тиімді жолдары мен әдістемесі ұсынылады. Ұстаз технологиясына түсініктеме беріліп, ролі айқындалған. Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясымен «Абай жолы» роман-эпопеясын санаулы сағаттарда оқытып, тұтастай талдау барысында тиімді ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін саралап көрсетеді. Ғылыми еңбектермен жұмыс, қосымша материалдарды қолдану, мәтінді өмірмен байланыстырудың ұстаз технологиясында өзара тығыз байланысты екендігін дәлелдейді. Ұстаздың құзырлыққа бағытталған тапсырмалар үлгісін ұсынады. Қ. Бітібаеваның педагогикалық идеясын, тың ізденістерінің қазіргі оқыту жүйесіндегі маңызын айқындаған, тәжірибеде қолданудың тиімді жолдары көрсетіледі. Мақаланың қорытынды бөлімінде автор Қ. Бітібаеваның жаңашыл ізденістерін зерделей келе, тиімді әдіс-тәсілдерін іс-тәжірибесінде қолданған сабақ үлгілерін, оқушыларды зерттеушілікке жетелейтін тапсырмаларды ұсынады. Қазіргі оқыту жүйесінде Қ. Бітібаеваның технологиясының жаңашылдығы, өміршеңдігі басым және ұстаздар қауымы тәжірибелерінде қолданып келеді деп қорытындылаған.

Кілтті сөздер: технология, эпопеяны оқыту, әдіс-тәсілдер, проблемалық оқыту, көркем мәтін, образды талдау.

Кіріспе

Қанипа Бітібаева – ғұмырын ұстаздыққа арнаған, педагогика саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ұлағатты ұстаз. Әдіскер ұстаз бірнеше ғылыми еңбектер мен авторлық бағдарлама жазды. Қ. Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі», Абай мен Мұхтар шығармашылығын тұтастай оқытудың әдістемесін ұсынған еңбектері – әдебиеттану саласындағы қомақты зерттеулер. Тәжірибе мен әдістемені ұштастырған әдіскер ұстаз еңбектерінде оларды оқытудың әдістемесін, технологиясын ұсынды. Авторлық бағдарламасының негізінде әдебиетті әлем әдебиетінің бір бөлшегі, ұлттық құндылықтың көзі деп оқытуды қарастыра отырып, құзырлыққа бағытталған тапсырмалар, жеке тұлғаны шығармашылыққа жетелейтін тапсырмалар үлгісін жасады.

«Біздің «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиямыз: бүгінгі сөз болып жүрген оқушыға субъект ретінде қарау; құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделген шығармашылық тапсырмалар; оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамыту; білімді оқушылық деңгейден өнімді, шығармашылық деңгейге дейін көтеру; дарын көздерін ашу; ғылыми-іздендіру жұмыстарына баулу мәселелеріне негізделген...», – деген пікірі ұстаз технологиясының жаңашылдығын аша түседі [1, 2].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-тәжірибелік және педагогикалық еңбектерге теориялық талдау; Қанипа Омарғалиқызының «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары» [1], М. Әуезов шығармашылығын оқыту [2], «М. Әуезов туындыларын мектепте оқыту» [3] еңбектері зерделеніп, талдау; сайттардан ақпараттар жинақтау; ақпараттарды өңдеу, салыстыру, жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі қоғам жаһандануға түбегейлі бетбұрды, әлемдік стандарттағы жаңа технологиялардың тәжірибеге еңгізіліп жатқаны белгілі. Атап айтсақ, білім жеке тұлғаға бағытталуда және оларды табысты оқытуға жетелеуді; оқушының төрт тілдік дағдыларын дамытуды көздеп отыр. Яғни, оқушының өз бетімен шешім қабылдауына, алған білімдерін кез келген ортада қолдана алуларына, сындарлы ойлай алатын жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Қ. Омарғалиқызының технологиясынан жаңашылдықты, тың ізденістерді табамыз. Ұстаздың жаңа технологиясы қазіргі таңда өміршеңдігін жойған емес, керісінше құндылығы арта түсуде деп айта аламыз. Оған дәлел Қ. Омарғалиқызының педагогикалық мұрасы мен ғылыми еңбектерін, жаңа технологиясын ұстаздар қауымы өз тәжірибелерінде қолданып келеді. Бұл еңбектер ұстаздар үшін бағдарламдай

болып отыр. Осы орайда, Қанипа Омарғалиқызының ұстаздық еңбек жолының бағасы өлшеусіз.

Қ. Бітібаеваның жаңа технологиясын қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасымен салыстыра отырып, сабақтастығына тоқталып өтсек. Заманауи білім стандартына негізделген жаңартылған бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту технологиясынан құралғандығын ескерсек, Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы – қазіргі жаһандану заманына төтеп бере алатын жаңа технология. Ұстаздың әр сабағы «әр оқушыны сабаққа ойланып келуге», немесе «сабақтан ойланып кетуіне, келесі сабаққа ой салуынан» құралып, оқушыны іздендіру, зерттеу жұмыстарына жетелеуден құралған. Білім жеке тұлғаға бағытталады, «оқушы» – ізденуші, зерттеуші, білімді өз ізденісі арқылы алушы, алған білімдерін шығармашылық деңгейге жеткізуші, өз көзқарастарын танытушы, өзін-өзі, бірін-бірі бағалаушы; «мұғалім» – ұйымдастырушы, қолдаушы, бағыт-бағдар беруші, ынталандырушы, жетелеуші.

Қазіргі оқыту технологиясындағы сыни ойлауға жетелеудің тәсілін ұстаздың технологиясының өн бойынан байқаймыз. «Қалай ойлайсыңдар... Өздерің осы шешімге келісесіңдер ме?...» деген сынды оқушының өз шешіміне, өз сыни ойлауына түрткі болып, ой салу Қ. Бітібаеваның технологиясының өзегі десек дәлелді. Яғни, сабақтағы оқушы ойының еркіндігі, құндылығы бағаланады, ал мұғалім әдеттегідей бағыттаушы, ұйымдастырушы, бағалаушы. Яғни, жаңартылған бағдарлама оқушының өзіндік ойын, пікірін тыңдауға, айтқыза білуге, сыни ойлауға жетелесе, Қ. Бітібаеваның технологиясында, ең алдымен, оқушының өз пікірі, ойына ден қоя отырып, олардың белсенді әрекеттері жүзеге асырылады. Ұстаздың еңбектеріне талдау жасасаңыз, оқушыны «оқырман» ретінде қабылдауды ұсынады, оларға оқулықтың, немесе ғалымдар жазған пікірлерді жаттанды айтқыздан гөрі, өз сыни көзқарасын танытуды ұсынады. Сонымен қатар оқыту жүйесінде тиімді қолданылып жүрген диалогтік оқытудың әдіс-тәсілдері, яғни топтық, жұптық жұмыстар Қ. Бітібаеваның іс-тәжірибесінде тиімді ұйымдастырылған. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай топтық тапсырмалардың зерттеушілікке, проблема шешуге құрылуы, яғни әдебиетті пән ретінде ғана оқытпай, әдеби теориялық тұрғыдан ғылыми талдауларға жүгінуге негіздеген тапсырмалар үлгісін ұсынады.

Ғылыми еңбектермен жұмыс, қосымша материалдарды қолдану, өмірмен байланыстыру – бұл Қ. Бітібаеваның жаңа технологиясының бір ұстанымы. Жаңа білімді меңгерту үшін, ең алдымен, әр тақырыпты өткенде оқушының ғылыми еңбектермен дәлелді сөйлеуі мақсат етіледі. Оқушының өз ізденісі, одан кейін барып оқулық, мұғалім пікірі, топтағы көшбасшылық, ынтымақтастықтың үндестігі сынды әрекеттер жүзеге

асады. Ұстаздың технологиясындағы бағалаудың: оқушының «өзін-өзі», «бірін-бірі» бағалаулары, мұғалімнің кері байланысы тиімді ұйымдастырылған. Ұстаз жаттанды, дәстүрлі оқытудағы бағалау талаптарынан гөрі, бағалауда оқушының ішкі уәжін оятуды, сыни көзқарасы мен әділ шешім қабылдау жағына назар аудартады. Оқушылар мен мұғалімнің арасындағы байланыс, кері байланыс әр сабақта да қызу орын алады. Мұғалімнің әр оқушыны «өз ойы бар оқырман» деп қабылдауы, олармен сырласып, пікірлесіп, ой бөлісуі қазіргі оқытудағы оқушының «ішкі уәжін» ояту қағидасымен сабақтасып жатыр.

Қанипа Омарғалиқызының Әуезовті оқыту айналасындағы үш еңбегі – ұлы жазушы шығармашылығын тұтастай оқытуға арналған тұңғыш еңбектер. Қ. Омарғалиқызы М. Әуезов шығармаларын мектепте оқыту мәселесін көтерді, арнайы бағдарламасын жасап, оқытудың технологиясын, әдістемесін ұсынды. «М. Әуезовті оқыту мәселесіне негізделген еңбектерімізде де әдебиетті оқытудың күре тамыры – мәтінді талдаудың тың жолдары, ғылыми ізденіске негізделген, проблемалық оқыту, дамыта оқыту, жобалап оқыту технологиясына негізделген ғылыми-шығармашылық бағытындағы тапсырмалар жүйесі ұсынылған болатын», – деп түсінік береді [3, 2].

Ғалым Ә. Дайырова: «Қанипаның кітаптары, оқу құралдары, мақалаларының барлығы – әдебиетті оқыту ғылымына қосылған ерен еңбектер, іргелі зерттеулер», – деп баға береді [4, 212]. Осы пікірден Қ. Бітібаева еңбектерінің әдебиетті оқыту саласындағы құндылығын әрі қажеттілігін атап айтуға болады.

Бұл оқу құралдары озат тәжірибеге, дидактикалық теорияларға негізделіп жазылды. «М. Әуезов шығармашылығын оқыту», «Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары» кітаптарында автор 1970-90 жылдардағы оқытудың неғұрлым озық тәсілі деп танылған «тиімділік» идеяларын басшылыққа ала отырып, М. Әуезовті оқушыларға жеңіл, оңтайлы жолдармен танытудың өзіндік жүйесін жасады. Жазушының өмірбаяны мен қайрткерлік, ғалымдық, қаламгердің тұлғасын тұтастай таныту жолдарын, әңгімелері, драмалары мен ғылыми мұрасы, көсемсөздерін, басты кітабы «Абай жолы» дәуірнамасын оқытудың инновациялық технологиясын ұсынды [5, 30].

Қ. Бітібаева тереңдетілген бағдарламада жазушының көлемді де күрделі туындысы «Абай жолы» эпопеясын тұтастай талдап оқытудың тиімді жолдары мен әдістемесін ұсынады. Бұл туралы ғалым Ф. Оразбаева былай дейді: «Ұстаз М. Әуезов шығармашылығын тереңдете оқыту жолдарын көрсете отырып, оны оқушының жедел меңгеруіне айырықша назар аударады. Ұстаз Әуезов шығармашылығын 5 сыныптан 11 сыныпқа дейін тұтастай оқытудың бағдарламасын жасай отырып, ұлы жазушы қаламынан туған әңгімелерді, драмаларды, эпопеяны жүйелі түрде оқыту проблемасын

нақтылай түседі... М. Әуезовті оқыту туралы бұл кітап – әдебиетті терең білуге, ұлы қаламгерді жете танып, зерделеуге игі ықпал ететін ғылыми-педагогикалық еңбек», -деп бағдарламаның тиімділігін анықтап береді [6, 10].

Ғалым әдіскер-ұстаздың М. Әуезов шығармашылығын 5 сыныптан 11 сыныпқа дейін тұтастай оқытудың бағдарламасын жасаудағы шеберлігіне тоқталып, қаламгер шығармашылығын оқушылардың меңгеруіне ықпал ететін ғылыми-педагогикалық еңбек екенін көрсетеді.

«...Мектепте 4 томдық эпопеяны оқытудың (санаулы сағаттар ішінде) ерекше маңызды әрі қиын мәселе екендігі түсінікті. Ең алдымен, эпопеяның өзін оқытуды ұйымдастыра білу керек... [7, 83]. Ұстаз эпопеяны толық меңгерту үшін алдын-ала тапсырмалар берудің тиімділігін көрсетеді. Яғни, оқушының өзіндік ізденісін, сыныптан тыс оқып келуін ұйымдастырудың нәтижелі екендігіне көз жеткіземіз. Бұл жерде мұғалімнің тарапынан жетелеу, ұйымдастыру, түрткі болу, ынталандыру шаралары жүргізілетіндігі байқалады. Тапсырманы құрғақ бере салмай, оқушыларға эпопея бөлімдері бойынша басты оқиғаларды көмек-нұсқаулар беру арқылы кестеге толтырудың үлгісін ұсынды.

Кесте 1 – «Абай жолы» роман-эпопеясы [7, 84]

Бөлімдер	Басты оқиғалар	Басты кейіпкерлер
Қайтқанда	а) Абай Семейден елге оралады ә) Қодар мен Қамқа өлімі б) Абайдың ауырып қалуы, ақын Байтастардың Ұлжан мен Зерде қонақта болуы	Абай, Ұлжан, Зере, Құнанбай, Қодар, Қамқа, Майбасар, Бөжей, Сүйіндік т.б

Алдын ала берілетін тапсырманың тиімділігі: 4 томдық кітаптың әр бөлімдеріндегі басты оқиғаларды оқушылардың есте сақтауына, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдау барысында көмегі зор екендігін көрсетеді. Оқушының білімді өз ізденісі арқылы алуына, көркем мәтінмен жұмыс жасауына, мәтіннен дәлелдемелер келтіруіне, талдау жұмыстарына негіз болған тапсырмалар жүйесін жасайды.

«...Мұғалім роман, эпопеяларды талдағанда, жоғарыда айтылғандай, бар мәні, қасиетін сақтай отырып, оқытуға талаптанып, соның оқушыға қонымды, тиімді жолдарын іздеулері керек...» [7, 85]. Ұстаз эпопеяда қаншама кейіпкерлер бейнесі болса, оларды тағдырлары тудырған проблемаларына орай маңайындағыларымен топтастыра отырып және басты образ, тарихи тұлға Абайдың төңірегіне жинақтайды. Мәселен, «Абай, феодалдық

қоғам және Құнанбайлар», «Абай, феодалдық қоғам және Дәркембайлар», «Абай, феодалдық қоғам және аналар» т.б.

Эпопеядағы кейіпкерлерді проблемалары төңірегінде топтап, жинақтап көрсетті. Оны төмендегі кестеден көреміз

Кесте 2 – «Абай жолы» роман-эпопеясы [7, 85]

Сабақ реті	Тақырыбы	Сабактың түрлері
I сабақ	«Қазақтың ұлы ақыны» (эпопеяның жазылу тарихы)	Баспасөз сабағы (пресс-конференция)
II сабақ	«Шыңға шыққан жас шынар» (Абай бейнесі I-II кітап)	Проблемалық оқытуға негізделген практикалық сабақтар
III сабақ	«Атаның емес, Адам ұлымын» (Абай бейнесі III-IV кітаптар)	Іздендіру, зерттеу бағытындағы монолог, диалог сабақтар. Әдеби пікірталас
IV сабақ	«Адамның емес, Ата ұлдары» (Құнанбайлар әлемі)	Пікір қорғау сабақтары, реферат қорғау сабағы ретінде өткізуге болады
V сабақ	«Атасының қорлығы қосқандар» (Дәркембайлар бейнесі)	Әдеби-композициялық сабақ
VI сабақ	«Жарқ етпес қара көңілім...» (Әйелдер бейнесі)	Семинар сабағы
VII сабақ	«...Гүлдерім, дөңдерімнен ұрпақ-нәсіл қалар ма?» (Жастар бейнесі)	Ұлылар мінбесі сабағы.
VIII сабақ	«Өмірге көзімді ашқан» (Абайдың орыс достарының бейнесі)	Интеграциялық оқытуға негізделген.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы көтерілген мәселе, ондағы идея мен негізгі тартыстар, образдар галереясы, оның эпопеяның алтын дінгегі Абаймен бірлестікте алынуы туралы оқытуда ұстаз проблемалық талдау, образды талдаудың тиімділігін ұсынды. Эпопеяның арқауы болған кейіпкерлерді ірі тартыстар мен оқиғалар арқылы аша түседі.

Эпопея негізінде жатқан қадау-қадау ірі проблема, тартыстарды жіктеп береді. Эпопеяны осылай жіктеп беру оқушыларға оқиғалар мен кейіпкерлерді, олардың іс-әрекеттерін есте сақтауларына, көркем мәтінді талдауға, шығармашылық жұмыстар жасауларына жол ашады. Эпопеяның сюжетін, композициясын талдап оқытудың ұтымды тәсілі деп кейіпкерлерді іс-әрекеті, мінез-құлқына орай проблема айналасында топтастырып оқытуға, образды талдауға ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Талдау барысында тиімді ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін төмендегіше топтайды:

- Проблемалық сұрақтар, тапсырмалар.
- Танымдық іздендіруші, зерттеу әдісіне негізделген тапсырмалар (топтық, жалпы сыныптық, даралық)
- Шығармашылық дарынын, қабілетін дамытатын жұмыстар (инсценировка, иллюстрация, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, жазба жұмыстарының түрлері т.с.с)
- Мәтінмен, кітаппен жұмыс түрлері (практикалық тапсырмалар).
- Ғылыми еңбектермен жұмыс [7, 89].

Қ. Бітібаеваның технологиялық әрі педагогикалық шеберлігінің шыңы – «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы. Ол туралы педагогика ғылымдарының докторы Ш. Қ. Құрманбаева: «Ұстаздың әдебиетті оқыту пәлсапасы ой, ойлау, ойланту мәселелерінен тұрады. Әр сабақта оқушыға ой салу, ойланту ұстаздың әдістемесінің биік жемісі. Ол әдебиетті – ғылым, өнер пәні ретінде қарастырады. Байырғы әдістемемен оқытылып келе жатқан әдебиет пәніне жаңа бетбұрыс әкеліп, инновациялық технологиямен оқыту мәселесін қазіргі педагогика ғылымының күн тәртібіне қойды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін мүлде тың арнаға бұрды деуге болады» [8, 6].

Қ. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясын іс-тәжірибемізде жүйелі қолданып келеміз. Ұстаздың жаңа технологиясына негізделген қазақ әдебиетінен «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкерлер әлемі» тақырыбындағы сабақты кіші ғылым академиясындағы ғылыми кеңес отырысы (жобалар қорғау) түрінде өткізу тиімді болды. Сабақта оқушыларға алдын-ала берілген танымдық, зерттеушілік тапсырмалар арқылы зерттеу жұмыстарын ұйымдастырдық. Сабақ барысында оқушылардың білімді өз ізденістері арқылы алуына, оны шығармашылық деңгейге жеткізулеріне қолдау көрсетіп отырылды.

Мақсаты. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы образдар галереясы, оның эпопеяның алтын дінгегі Абаймен бірлестікте алынуы туралы түсінік беру. Эпопеяның өн бойындағы Абай дәстүрі, ұлылар үндестігі жайлы түсініктерін қалыптастыра отырып, оқушыларды ғылыми ізденіске жетелеу.

«Абай жолы» роман-эпопеясынан алған білімдерін жинақтау, қайталау; іздендіру, зерттеу жұмыстары арқылы шығармашылық жұмыстарға жетелеу.

Оқушылардың өз бетімен ізденуге, ғылыми ізденіске дағдыландыру. Проблеманы шеше білу, ғылыми негізде дәлелдеуге қалыптастыру, білімділік дағдыларын дамыту.

Адамзат әдебиеті, мәдениеті, өнері, рухани байлығынан іздену, оны құрметтеуге баулу. Әдемілік, сұлулықты қабылдауға, ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыру.

Сабақ төрт кезеңнен құрылды. I кезең Кіші ғылым академиясындағы кіші ғылыми кеңес отырысы. Танымдық іздендіруші, зерттеу әдісіне негізделген тапсырма бойынша екі оқушыға жоба қорғау ұсынылды:

I жоба: Абай дәстүрі М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында [9].

II жоба: «Абай жолы» эпопеясындағы образдар галереясы [9].

Берілген зерттеу жұмысы оқушылардың ғылыми деректермен жұмыс жасап, зерттеушілік ізденістерін таныта білді. Нақты дәлелдемелер мен деректерді презентациялап, жоба төңірегінде сұрақтар қойылып, өз тұжырымдарын ұсынды.

II кезеңде әдеби диагностикалық консилиум өткізілді. Қаралатын мәселе: «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи және көркем шындық.

Құнанбай – Ділдә – Дәрмен бейнелерінің тарихи негізі және жазушының көркем шешімі туралы оқушылар ғылыми деректерден дәлелдемелер келтіріп, өз көзқарастарын, сыни ойларын талқыға салды.

III кезеңде «Абай жолының халық жолына ұласуы» атты бейнелік модель қорғау жүргізілді. «Абай жолы. Құнанбай жолы» тақырыбында модель қорғалып, дәлелдемелерді оқушылар мәтіннен, ғылыми деректерден келтірді. Осы тапсырмада «Мифа шабуыл» сұрақтары арқылы оқушылардың сыни көзқарастарын танытуға жол ашылды, шағын әдеби пікірталас ұйымдастырылды.

VI кезеңде «Мен және «Абай жолы» атты идеялар презентациясы ұйымдастырылды. Оқушылардың алған білімдерін бүгінгі өмірмен байланыстыруына тапсырма тиімді болды. Өзін-өзі, бірін-бірі бағалау жұмыстарын жүргізу арқылы сабақты қорытындылап, коррекция жұмыстары жүргізілді.

Эпопеяны тұтастай оқытып талдау мұғалімнен жауапкершілікті талап ететіндігін ескертеді. Кейіпкерлерді топтап, немесе образды талдаудың жеткіліксіз екендігін сөз ете отырып, кейіпкер бейнесін ашатын штрих, деталь, өзге де мәселелер төңірегінен ізденіп, оны оқушыға ұғынықты, жинақы етіп, немесе тірек-сызбалар, көрнекіліктер арқылы жеткізудің тиімді тәсілін ұсынады. Сондай-ақ, сабақтың ғылымилығына аса назар аудартады, кейіпкерлерді талдауда, «көркем шындық пен тарихи шындықты» талқылауда ғылыми деректермен жұмыс жасаудың тәсілін көрсетеді.

«Шәкірт пен ұстаз арасындағы ынтымақтастық, әр ұстаздың шәкіртке өзіне тәуелді, өзінен төмен орындаушы деп қарамауы, оны білім мен тәрбие алудың объектісі ретінде ғана санамауы, ең бастысы, әр шәкіртті бас бостандығы өзіндегі егеменді еліміздің болашағы, соның бір азаматы деп тануы деген сөз», – деп Қанипа Бітібаева айтқандай [87, 4], әр оқушының тұлғалық қасиетін ашып, шығармашылық тұлға биігіне жеткізу – сабақтағы ұстанымымыз.

Қорытынды

Адамзат қоршаған ортаны, әлемдегі түрлі құбылыстар мен олардың қасиеттерін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, қабылдап қана қоймай, оған жауап береді, санасыз түрде ақпаратты өзінше сынайды, жұмыс істейді, жинақтайды және өлшейді, жаңаша шығарады, бағалайды, іс жүзінде жүзеге асырады, тұтастай әлемнің тілдік бейнесін жасайды.

Тілдік таңбалар адамдардың дүниені түсінуі туралы ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар ұлттық тіл арқылы эстетикалық талғамды, кәсібін, мінез-құлықты, ырымдарын, әдет-ғұрыпты, дәстүрді, ұлттық рухты, ұлттың тілдік бейнесін танытады. Осыған байланысты белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениетінің көріністері тарихи-мәдени тілдік белгі ретінде тілде қалыптасады.

Дана Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Ақынның дүниеге келгеніне біржарым ғасыр, ал өзінің мәңгі өлмес шығармаларымен халқына, сөздің ұлы мағынасында ұстаздық ете бастағанына ғасырдан астам уақыт өтті. Содан бері оның артына қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі бұрылыстар мен құбылыстар тұсында да айнымас темірқазық, адастырмас құбыланама болып қызмет етіп келеді.

Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарымызды Абай ілімінен таба аламыз. Ал Абай қарасөздерін жан-жақты зерттеу әлі де маңызды.

Зерттеудің нысаны: интермәтіндер мен прецеденттік мәтіндер.

Зерттеудің пәні: тіл білімі.

Мақсаты: Бүгінгі таңда қазақ авторының туындыларынан интермәтіннің түрлі мысалдарын табу арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі әр мәтін интермәтіндік сипатқа ие бола алуы мүмкін. Абай қарасөздеріндегі интермәтіннің поэтикалық сипатын қарастыру зерттеу мақсаты болып табылады.

Міндеттері:

Абай қарасөздерінің маңызын ашып көрсету;

-Ақынның қарасөздеріндегі прецеденттік мәтіндердің мәнін ашып көрсету;

-Абай қарасөздеріндегі интермәтіндерді талдау.

Зерттеудің әдістері

Мақалада Абай қарасөздеріндегі интермәтіннің қолданысын және тілін жан-жақты талдау үшін салыстыру, баяндау әдісі, теориялық тұжырымдарға сүйене отырып ғылыми тұрғыдан талдау, сипаттау, саралау, мәтінге контекстік талдау, жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің нәтижесі мен талқылау

Интертекстуалдық (мәтінаралық) теориясының негізі шетелдік ғалымдардың еңбектерінде, мысалы Бахтинде кездессе де, оның үзінділерін қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы кезеңдерінен табуға болады. Алайда зерттеушілер интертекстуалдылық мәселесін тар және кең түрде түсіндірді. Тар мағынада интертекстуалдық ішіндегі мәтін деп танылады. Тар мағынадағы түсінігі көрнекті ғалым Ю. М. Лотманның еңбектерімен байланысты.

Алайда, лингвисттердің кейінгі көзқарастарын қорытындылау үшін әдеби мәтіндегі цитаталар құрылымын тар пайдаланылуын автордың оларды әртүрлі мақсатта қолданумен түсіндіріледі. Шетелдік ғалым Ю. Кристева интертекстуалдылық мәтінді кең мағынада түсіндіреді. М. М. Бахтин: шығарма диалогының сипатына түсінік бере отырып, «В любой момент развития диалога существует огромные, неограниченные массы забытых смыслов, но в определенные моменты дальнейшего развития диалога, по ходу его, они снова вспомнятся и оживут в обновленном (в новом контексте) виде»,—деп жазады [1, 258]. Тіл білімі мен әдебиеттануда «интермәтін», «интертекстуалды», «интертекстуалдылық» терминдері жөнінде әртүрлі пікірлер бар. Алайда қазіргі уақытта мәтінаралық проблеманы зерттеу жүйелі түрде жүргізілуде. Әрине, бұл мәселе тіл мен әдебиеттің қиылысында қарастырылған.

Интертекстуалдылықтың лингвистикалық аспектілері мәтін лингвистикасы аясында зерттеледі. Неміс зерттеушісі В. Хайнеманн атап өткендей, мәтін лингвистикасында «интертекстуалды синдром» орын алады, ол кез-келген мәтінаралық байланыстарды интертекстуалды ретінде түсіндіруге деген ұмтылысында көрінеді [2, 178].

И. В. Арнольд интертекстуалдылық деп мәтінге не сөйлеудің өзге субъектісі бар тұтас басқа мәтіндердің не олардың фрагменттерінің таңбаланған немесе таңбаланбаған, түрлендірілген немесе өзгертілмеген дәйексөздер, аллюзиялар, еске алулар түрінде қосылуын түсінеді [3, 15].

А.В. Кремнева атап өткендей, «бөтен сөз» (немесе «мәтіндегі мәтін») бүгінде көркем, публицистикалық және жарнамалық мәтіндерге тән. Көптеген «бөтен сөздер» бізбен «меншіктеп алынған» және сөйлеу клишелеріне айналып, коммуникативтік арсеналымыздың ажырамас бөлігі болды [4, 105-106].

Қазақ прозасы мен поэзиясындағы интермәтінаралық поэзияның фольклорлық негізін зерттеу басталды. Алайда, жазушының ауыз әдебиеті үлгілеріндегі дәстүрлер сабақтастығы қағидатын интерпреттуальды байланыстыру түріндегі интерпреттуальды байланысын түсінудің жаңашыл сипатын әлі де фольклордан бастау керек.

Б. А. Абдыханова, Р. К. Конкаева фольклорлық шығармалардың лингвомәдени рөлін ХХІ ғасырдың көркем шығармаларына негізделген прецеденттік мәтіндер ретінде қарастыра отырып, интертекстуалдылықты мәдени кодты таратудың, берудің бір тәсілі ретінде бөледі [5, 689].

Ал Абай қарасөздерінде **интермәтіндер көп кездеседі**. Соның ішінде фольклорлық интермәтін Абай қарасөздерінде жиі кездеседі. Интермәтінді әдебиетшілер осы күнге дейін фольклор қатарында алып келеді. Бұл жағдайда, М. Әуезовтің тұжырымын назарға алсақ, би-шешендер сөзінің авторы халық. Анығында, шешендік сөз белгілі бір би-шешендердің атынан берілетіні анық. Белгілі ғалым Р. Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» зерттеуінде риторикамен қатар жыраудың өлеңін ауызша таралған авторлы әдебиет ретінде анықтайды [6, 22]. Интермәтіндерге Абай қарасөздерінен мысал келтірер болсақ, Абайдың 27-қарасөзінің мазмұны мынандай: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көркемдігіне және қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмай тұғынын көресің. Бұлардың бәріне ғажайып қаласың және ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендікпен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпей тұғын дүние әрбір бір түрлі керекке бола жаратылып және бір-біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермей тұғын мықты көркем законға қаратылып жаратылды» [7, 111].

Ақынның интермәтіндерді шеберлікпен қолданғанын көруге болады. Бұл үзіндіде Абай ақиқатты тануда жаңалық ашты. Абайдың 6-қарасөзінде халық мақалдарын қолданып, талдайды. Фольклор үлгілері интермәтін ретінде келген.

«Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды бірлік, ырыс алды тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жок, бірлік ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малынды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады!

Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?» [7, 95].

17-қарасөзінде де ақын: «Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын мен, сенің сөзіңді ұғатұғын мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?»,-депті [7, 103].

29-қарасөзінде: «Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жаның қарманып, адал еңбекпен мал іздемек ол арлы адамның ісі.

«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жок» деген ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

«Атың шықпаса, жер өрте»,–дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол»,–дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шөмендеп диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?»,-дейді [7,115].

35-қарасөзінде ақын: «Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жок. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған, сонымен қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?» деген [7, 120].

Абай өз еңбектерінде және аудармаларында тым көп идиомаларды қолданған. Ақын «қиын тауып, қисынын келтіріп» деген тұрақты тіркестерді шебер қолданды. Жаңа өрнектерді қолдану, тұлғаның құрылымындағы өзгерістер, өрнектерді жеңілдету, олардың арасына сөздердің қосылуы ақын поэзиясының аудармаларында жиі кездеседі.

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар,

Көңілді көтеретін қуаныш бар.

Құлын тайдай айқасып, ойын салып,

Кептеріе сүйеніскен демалыс бар (М. Ю. Лермонтовтан) [8, 46].

Мұнда да, яғни аударылған өлеңде екі тұрақты тіркес бір көзқараста қолданылады. Алғашқысы, халықтық тілдегі «көңілді көтеретін» қолданылса, ақын «*құлын-тайдай тебісу*» орнына «*құлын-тайдай айқасып*» қолданып, халықтық идиоманы аударма тіліне сай айналдырады.

Ақын мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді жиі қолданады. Нақыл сөздер еш өзгеріссіз қолданылады. Фразеологизмдер көбінесе көркем әдебиет тілінде қолданылатынына қарамастан, қолдану әдісі де өзіндік сипатқа, ерекшеліктерге ие. Біріншіден, біз сөз тіркестері бір мағынаға ие екенін ескереміз, екіншіден, бұл жергілікті тілде ұзақ уақыт бойы жасалынған сөз асылы. Р. Сыздықова былай дейді: «Жеке суреткер тіліндегі образды фразеологизмдердің типтерінің, олардың азды-көптігін, ескі-аздылығын түгендеу үстінде ақынның не жазушының фразеологизмдер саласындағы байырғы қазынаны қаншалықты игеріп, кәдеге асырғанын, қаншалықты жаңаларын ұсынғаннан көруге болады. Ал бұл шығармашылық контекст немесе авторлық даралық дегенді танытады, тіпті кеңірек қарасақ, суреткер тіліндегі фразеологизмдер әлемі оның поэтикалық тіл арқылы көрінетін дүниетанымын көрсетеді» [6, 30]. Ғалым пікірі бойынша, онда фразеологизмдердің жазушы шығармасында өз орнын табуы ақынның қазақ қарасөз әлемін терең түсінетіндігін көрсетті. Осы тұрғыда Абай шығармаларындағы өрнектерді, оның ішінде идиомаларды қолдануға назар аударсақ, ақынның өз сөздерін қолдана білуі мен сөз құра білуі бізге әсер етеді. Поэзия шебері олардан жаңа мағыналар құра алды, сонымен қатар оның шығармаларында ұтымды әрі орынды қолдана білді. Автор бұл құбылыстың көлемін вербальды тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің позициясын сақтай отырып, кейде ауызша тілде тұрақты тіркестерді өзгерту және құру арқылы кеңейтті. Бұдан ақынның тіл шеберлігі арқылы оның даралығын, өзіндік ерекшелігін түсінуге болады.

Қысқасы, Абай ауызша, эмоционалды әсерлі сөздердің байлығын жалпыхалықтық тілде қолданады. Қарапайым сөздерді қолдану арқылы сөйлемдердің экспрессивті және эмоционалды күшін арттырады. Қазақ поэзиясында Абай тілінің ерекшелігі объектіні сипаттауда, түсіндіру процесінде айқын байқалады. Абай тілінің шебері болған бейнелі көркемдік жаңашыл метафораның нақты мысалын тіпті алғашқы қазақ ақын-жазушылары да ұсына алды деп айтуға болады. Бұған мысал ретінде қазақ әдеби проза тіліндегі «ой» және «қайғы» сөздерінің қатысуымен әр түрлі етістік мағыналары бар метафоралық тіркестердің жасалуы. Интермәтіндік қосымшалар мәтіннің мағыналық элементтері болғандықтан, мұндай мәтінді қабылдау оқырманнан «бөтен сөз» берген мағынаны ашу үшін едәуір интеллектуалды күш-жігерді қажет етеді және Р. Барттың айтуы бойынша оны өзін «ақсүйектер оқырмандары» санатына жатқызуға мүмкіндік береді [8, 53].

Абайдың қарасөздеріне назар аударсақ, прецеденттік мәтіндер де кездеседі. Мысалы ақынның 37-қарасөзінде: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың. Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал. Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі»,–дейді [7, 147]. Осы қарасөзіндегі Сократ, Иоанна Арк, Ғайса деген прецеденттік есімдерге анықтама бермейді, тек сілтеме жасаған. Өйткені бұл есімдер – халыққа танымал болған есімдер.

Бүгінгі қолданысына мысал келтірер болсақ, Ринат Зайытов пен Балғынбек Имашев айтысында Р. Зайтов:

Шындықты айта-айта түк шықпады,

Көрейік өтірікті енді ақтарып.

Сахнаға Судыр Ахмет болып шықтым,

Аферист Балғынбекпен тең боп қалып.

Ассалаумағалейкум, қазақ деген,

Дүние жүзіндегі ең көп халық! – деді Ринат.

Өте әдемі әзіл және астарлы ойы қалың. Судыр Ахметтің екіжүзді, өтірікші мінезін негізге алған. Осындай прецеденттік мәтіндердің мазмұнының астарында тарихи тұлғалардың, мифтік бейнелердің аттарында, яғни антропонимдерде ұлттық болмыс пен мәдениет сақталған. Қорыта келгенде, прецеденттік есімдер дегеніміз поэтикалық шығармалардағы, фольклордағы халыққа таныс кейіпкерлердің есімдері. Прецеденттік есімдер біздің мәдениетімізде, әдебиетімізде, тарихымызда ерекше орын алады.

Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі интермәтіндердің табиғатын талдау барысында ақынның айтар ойын мағыналы және оқырманға нақты жеткізу үшін көпшілікке бұрыннан таныс материалдарды, яғни интермәтінді қолданғандығы айқын болды. Ақын қолданған интермәтіндер көбінесе фольклор болып табылады. Сондай-ақ, халықтық тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер де жиі қолданылған. Интермәтіндік қолданыстар кейіпкерлерді суреттеуде, сипатталған оқиғаларға автордың көзқарасын білдіруде, автор ойын жеткізуде айырықша қызмет атқарады. Ақын шығармаларын зерделеу барысында интермәтіндердің рөлі мынада екені анықталды: мәтіннің оқырманға әсер ету функциясын арттырады, оқырманның мәдени, тарихи білімін кеңейтеді және ұлттық кодты дамытуға ықпал етеді.

Болашақта осы мақаламен өзектес прецеденттік атаулар да зерттеу нысаны болады. Прецеденттік атауларды зерттеу қазақ мәдениеті, әдебиеті мен тарихында маңызды мәселелер қатарын құрайды. Олар тарихи тұлғалар, мифтік образдар, яғни антропонимдердің ұлттық танымды, мәдениетті

сақтауға мүмкіндік береді, яғни ұлттық мәдениет туралы білімнің қайнар көзі болып табылады.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, қай халықтың болмасын, тұрмысы мен танымындағы бар дүние сол халықтың жадында сақталып, тек тілінде ғана көрініс табады. Тіл арқылы мәдениетті: халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, менталитетін танимыз. Халықтың дүниетанымы негізінде қалыптасқан мәдениеттің кейбір құпия сырлары тілдегі сөздерде жасырынған. Қазақ халқының ұлттық танымында қалыптасқан әрбір тілдік бірліктер халықтың рухани-материалдық мәдениетінен де, салтынын да орын алады. Әлем бейнесі мен ұлттық мәдениет, халықтың салт-дәстүрлері мен сенімдері, сол тілде сөйлейтін халық тарихы көрініс табатын кез-келген халық ұғымындағы сөздер баға жетпес лингвистикалық қазына болып табылады. Мәдениет ұғымының кең мағынада қолданылатыны белгілі.

Интертекстуалдық категориясы бірінші рет семантикалық категория ретінде қарастырылды. Мақалада интертекстуалдық мәтіннің ерекшелігі, автордың мәтініне кірістірілген басқа мәтіндермен үндестікті сақтауы анықталды. Көркем мәтіннің авторы өз туындысына басқа авторлардан мәтіндер кірістіруі мүмкін. Өз шығармасына басқа мәтіндерді кірістірудің мақсаты айтар ойын әсерлі жеткізу болып табылады.

Қорытындылай келгенде, Абайдың поэтикалық әлемі фольклорға ұқсас екенін дәлелдеудің қажеті жоқ, өйткені ол риторика дамыған ортада, фольклорға өте бай ортада жетіледі. Алайда Абайдың ойға жүйріктігі халықтық қағидаларды, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдер, афоризмдерді қолданылуынан көрінеді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Бахтин, М. М.** Эстетика словесного творчества / Походаев В. С. [Текст] – М. : Искусство, 1986. – 445 с.

2 **Чернявская, В. Е.** Лингвистика текста : Поликодовость, интермәтінұальность, интердискурсивность [Текст] : учеб. пособие. – М. : Либроком, 2009. – 248 с.

3 **Арнольд, И. В.** Семантика. Стилистика. Интертекстуальность [Текст]: сб. ст. / И. В. Арнольд; науч. ред. П. Е. Бухаркин – СПб.: С.-Петербург. гос. ун-т., 1999. – 443 с.

4 **Кремнева, А. В.** Основные направления интертекстуальных исследований и возможные перспективы дальнейшего изучения проблемы межтекстового взаимодействия [Текст] // Журнал «Известия ВГПУ», Филологические науки. – Волгоград, 2017 год. – С. 105–115.

5 **Абдыханова, Б. А., Конкаева, Р. К.** Лингвокультурологическая роль фольклорных произведений как прецедентных текстов (на основе художественных произведений XXI в.) [Текст] // Scientific Collection «Interconf», № 3(36). Challenges in Science of Nowadays Washington, USA, 26-28.11.2020. – С. 688–695.

6 **Сыздықова, Р.** Қазақ әдеби тілінің тарихы [Текст]. – Алматы : Ана тілі, 1993. – 319 б.

7 Абай шығармаларының 2 томдық толық жинағы, Т. 1-Т. 2. [Текст]. – Алматы : Жазушы, 2015. – 336 б.

8 **Кремнева, А. В.** Интертекстуальные включения как один из барьеров на пути интерпретации текста. [Текст] // Журнал «Филология и человек». – Барнаул. – 2019. – № 1. – С. 46–60.

9. **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность [Текст]. – М. : Наука, 1987. – 262 с.

10. **Барт, Р.** Избранные работы. Семиотика. Поэтика [Текст] : Пер. с фр. / Сост., общ. ред. и вступ. ст. Г. К. Косикова. – М. : Прогресс, 1989. – 616 с.

References

1 **Bahtin, M. M.** Estetika slovesnogo tvorchestva / Pohodaev V. S. [Aesthetics of verbal creativity] [Text]. – Moscow : Iskustvo, 1986. – 445 p.

2 **Chernyavskaya, V. E.** Lingvistika teksta: Polikodovost, intertekstualnost, interdiskursivnost [Linguistics of the text: Polycode, Intertextuality, Interdiscursiveness]. [Text]: textbook – Moscow : Librokom, 2009. – 248 p.

3 **Arnold, I. V.** Semantika. Stilistika. Intertekstualnost [Semantics. Stylistics. Intertextuality]. [Text]. Sb. st. / I. V. Arnold; nauch. red. P. E. Buharkin – St. Petersburg : S.-Peterb. gos. Un-t., 1999. – 443 p.

4 **Kremneva, A. V.** Osnovnye napravleniya intertekstualnyh issledovaniy i vozmozhnye perspektivy dalneyshego izucheniya problemy mezhtekstovogo vzaimodeystviya [The main Directions of intertextual Research and possible Prospects for further Study of the Problem of intertextual Interaction] [Text]. // Zhurnal «Izvestiya VGPU», Filologicheskie nauki. – Volgograd, 2017. – P. 105 – 115.

5 **Abdyhanova B. A., Konkaeva R. K.** Lingvokulturologicheskaya rol folklornyh proizvedeniy kak precedentnyh tekstov (na osnove hudozhestvennyh proizvedeniy XXI v.). [The linguistic and cultural Role of folklore Works as precedent Texts (based on Works of Art of the XXI century)] [Text]. In Scientific Collection «Interconf». – № 3(36). Challenges in Science of Nowadays Washington, USA, 26-28.11.2020. – P. 688–695.

6 Syzdykova, R. Қазақ әдеби тілінің тарихы [History of the Kazakh literary language] [Text]. – Almaty : Ana tili, 1993. – 319 p.

7 Abay shyғarmalarynıń 2 tomдық tolyқ zhınaıy. [Complete Collection of Abay's Works in 2 volumes] [Text]. T. 1–T. 2. – Almaty : Zhazushy, 2015. – 336 p.

8 Kremneva, A. V. Intertekstualnye vklucheniya kak odin iz barerov na puti interpretacii teksta. [Intertextual Inclusions as one of the Barriers to Text Interpretation] [Text]. In Zhurnal «Filologiya i chelovek». – Barnaul, 2019, №1, P. 46–60.

9. Karaulov, Yu. N. Russkiy yazyk i yazykovaya lichnost. [Russian Language and linguistic Personality] [Text]. – Moscow : Nauka, 1987. – 262 p.

10. Bart, R. Izbrannye raboty. Semiotika. Poetika [Scarred works. Semiotics. Poetics] [Text]: Per. s fr. / Sost., obsch. red. i vstup. st. G. K. Kosikova. – Moscow : Progress, 1989. – 616 p.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

Г. Токенкызы¹, *Б. К. Жумабекова², Н. З. Жуманбекова³

¹ Университет «Туран-Астана»,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

² Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар;

³ Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

ХАРАКТЕРИСТИКА ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНЫХ ТЕКСТОВ В «СЛОВАХ НАЗИДАНИЯ» АБАЯ

В статье анализируется природа интертекстов в «Словах назидания» Абая Кунанбаева. В представленной статье раскрыты значения «Слов назиданий» великого поэта и даны характеристики интертекстов в его произведениях. Интертекст становится сегодня характерной чертой художественных, публицистических и рекламных текстов. В качестве интертекста анализируются образцы фольклора: идиомы, народные пословицы и поговорки; в качестве прецедентных текстов рассмотрены прецедентные имена – это имена персонажей поэтических и фольклорных произведений, метафоры и фразеологизмы. Поэтическая природа интертекстов в «Словах назидания» Абая рассматривается впервые.

Интертекстуальные вкрапления позволяют описать героев, выразить отношение автора к описываемым событиям, сообщить свою точку зрения.

Подтверждается, что использование интертекстов способствует повышению эффективности функции воздействия, так как активизирует культурно-значимые, исторические знания читателя и содействует развитию национального кода.

Прецедентные имена, как прецедентные тексты, занимают особое место в казахской культуре, литературе и истории. Они позволяют сохранить национальную самобытность и культуру в именах исторических личностей, мифических образах, то есть антропонимах и являются источником познания национальной культуры.

Искусное использование устойчивых сочетаний и новых вкраплений в их структуре в произведениях и переводах поэтов, то есть включение новых слов в их состав свидетельствует об особенностях поэтического дискурса в казахском языке.

Ключевые слова: интертекст, интертекстуальный анализ, прецедентное имя, национальный код.

G. Tokenkyzy¹, *B. K. Zhumabekova², N. Z. Zhumanbekova³

¹ University «Turan-Astana»,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

² Toraigyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³ L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 11.03.22.

CHARACTERISTIC OF INTERTEXTUAL TEXTS IN THE “WORDS OF EDIFICATION” BY ABAY

The article analyzes the nature of intertextual texts in «Words of Edification» by Abai Kunanbayev. The presented article reveals the message of the «Words of Edification» of the great poet, the characteristics of intertexts in his works. Intertext is now becoming a characteristic feature of fictional, journalistic and advertising texts. Examples of folklore are analyzed as intertext: idioms, folk proverbs and sayings; the precedent names are considered as precedent texts – these are the names of characters in poetic and folklore works, metaphors and phraseological units. The

poetic nature of the intertext is considered for the first time in Abai's Words of Edification.

Intertextual inclusions allow to describe characters, to express the author's attitude towards the events occurred and to communicate his viewpoint.

It has been confirmed that the use of intertexts contributes to an increase in the effectiveness of the influence function, as it activates the culturally significant, historical knowledge of the reader and assists in the development of the national code.

Precedent names, as precedent texts, occupy a special place in Kazakh culture, literature and history. They allow to preserve national identity and culture in the names of historical figures, mythical images, that is, anthroponyms, i.e. are a source of knowledge of national culture.

Skillful use of set expressions and their new embedment in structure in poetic translation, in other words including new words in their composition demonstrates specific features of poetic discourse in Kazakh.

Keywords: intertext, intertextual analysis, precedent name, national code.

FTAMP 17. 81. 31

<https://doi.org/10.48081/HKKZ1053>

***Ш. Ж. Трушева¹, А. К. Трушев², Ә. А. Трушев³**

^{1,2,3}Торайғыров университетті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

МӘШҰР-ЖҮСІПТІҢ ӘЛЕМДІК ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Мәшұр-Жүсіптің әлемдік тілдік бейнесі әлі толық ашылып болған жоқ. Демек, ақынның шығармашылығын антропологиялық тұрғыда зерттеу күнқұрғатпайтын міндет. Философтар – Гегель, Фейрбах, Гулыга т.б. антропоцентрилік (антропоэкеттік) мәселелерге философиялық тұрғыдан келген. Тұлғатану ол – Мәшұр-Жүсіптің ұлттық болмысын жете зерттеу арқылы ғана ашылады. Ол үшін қоғам – табиғат – адам байланысы оның ішінде адамдардың қарым-қатынасы, сыртқы қоршаған ортаны танып білу (таным) тіл арқылы жүзеге асады. Ұлттық мінез дегеніміз белгілі бір ұлттың өзіне ғана тән, өзгеше мінез-құлықтарының жиынтығы емес, жалпы адамзаттың мінез-құлықтардың өзгеше әмбебап жиынтығы екендігін ғалымдар айтып жүр. Кей жағдайда, әлемнің тілдік бейнесін де тұлға арқылы ашуға болатыны көрінді. Осы орайда, Мәшұр-Жүсіптің 20 томдық шығармалар жинағы арқылы жалпы түркі, шығыс, орыс-еуропа мәдени-рухани байланысын тануға да әбден болады. Сол арқылы әлемнің рухани мәдениетіне де жол ашылатыны байқалады. әл-Фараби шешендік өнерді философияның құрамында қарастыруы тегіннен-тегін емес. Мәшұр-Жүсіп шығармаларындағы шешендік сөздер, риторикалық өнері – Ұлы Даланың есте жоқ ескі заманнан жеткен ауызша мәтіннің хатқа түскен мәтіні, ұлттық коды. Айталық ым тілі, тұспал сөз, диалог сөз, дала соты лингвистикасы, жұмбақ сөз, жарыс сөз, сөз сұрау, дат айту (адамның дүниеге келгеннен, өлік жөнелту) лексикасы ұлттың расында да мінез-құлқын нақты көрсете алады.

Кілтімі сөздер: антропология, мінез-құлық, сөз өнері, тұлға, ұлттық мәдениет, ым тілдері, дискурс, даугер, талапкер.

Кіріспе

Мәшұр-Жүсіп шығармаларында шешендік сөздер өте көп жиналған. Шешендік сөздер ауызша да, кейін жазбаша да жетті. Мәшұр-Жүсіп

шешендік сөздерді жинап, көшіріп алушы ғана емес, сол дүниенің қағазға түсірген жанама авторы да болып табылады. Әрине, қазақтың шешендік сөздері туралы кітаптар да, зерттеулер де баршылық. Сол шешендік сөздердің кейбір нұсқасын, Мәшһүр-Жүсіп жинағынан да ұшыратамыз. Шешендік сөздерде – көбіне қазақ халқының, тіпті көрші елдердің шешендерімен дау-айтыстар кездеседі. Шешендік сөздерде – еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін дискурсқа қатысады. Шешендік сөздерде гендерлік мәселелер де қамтылған. Шешендік сөздердің арнайы дайын сценарийі болмаған. Шешендік сөздер – сөз құдіретінің жинағы. Осы тұрғыдан келгенде талдауға түскен тілдік деректер Мәшһүр-Жүсіптің тілдік тұлғасын, одан кейін әлемдік тілдік бейнесін толықтай ашып, танытуға болады деп ойлаймыз. Мәшһүр-Жүсіптің тілдік тұлғасын әлемдік тұрғыда зерттеу күнқұрғатпайтын міндет деп білеміз.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны бойынша ғылыми бағыттағы нақты әдебиеттер қарастырылды. Кейбір ғылыми мақаланың мәнін ашатындай қағидаларға сілтемелер жасалды. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіптің тілдік бейнесін ашатындай ғылыми-теориялық тұжырымдардың негіздемесі жасалды деп ойлаймыз. Шешендік дискурсты зерттеу арқылы қазақ даласындағы шешендік институттың ақын шығармаларында анық көрініс тапқанына көз жеткіздік. Бұл орайда, тақырыпты ашу мақсатында салыстырмалы әдістер арқылы алынған материалдарды екшеу, қорытындылау, сипаттау т.б. көп нәтиже берді. Деректерді өңдеу, оны ғылыми қалыпқа салып жазып шығу төмендегідей нәтижелер берді.

Нәтижелер мен талқылау

Д. Раев: «Қазақ шешендігіндегі «кәміл адам» концепциясын» – деген тарауда: «Кәміл адам» мәселесінің қазақтың дәстүрлі мәдениетінде және шешендік мәдениетте қалай қарастырады дегенге: – Абсолюттік тұрғыдан алғанда микрокосм ретінде адамға жаратылысынан кәмілділіктің берілмеуі, адамның әуел бастан кәміл емес жаратылыс болуы. – Адамның жер бетіне түсірілген тірі жаратылыстармен салыстырғанда және тектік бастама тұрғысынан алғанда салыстырмалы түрде біршама кемел жаратылыс болуы. Адамда әлем шындығының көп жақтары жинақталған, барлық реалдылық тоғысқан. – Адамның саналы бүтін ретіндегі жаратылу мақсаты, «Инсан» ретіндегі тағайындалу табиғаты, оған кемелдену міндетін жүктейді, қажеттігін туғызады, мүмкіндігі мен қабілеті беріледі. – Адам біршама автономиялы жаратылыс. Оған белсенді әрекет ету қабілеті берілген, демек оның біршама тіршілікті, рационалды жаратылыс болуы. – Адамзат баласына өмір құрылысына, өмір сүру векторына қанағаттанбау мүмкіндігі де берілген. Сондықтан оған рухани бостандық тән қасиетте. Адамға «нонконформистік»

қасиет тән, яғни ол адамның «еркін ойға қабілеттілігін» білдіреді. – Адамзаты үшін кәмілділіктің үлгісі (идеалы) бар – ол Жаратушы Абсолют әрі ол – физикалық әлемінде емес – метафизикалық кеңістікте – Трансценденттік құбылыс болуы. – Адамның оптимистік қасиетінің болуы, яғни кемелділікке ұмтылыс та адамға табиғатынан берілетін атрибут. Мінездің кәміл үлгісін таңдау құқы адамға берілген қасиет. – Жоғарыда көрсетілген методологиялық пирамида, сайып келгенде адам «Меніне» тұйықталады, яғни кемелдену, «кәміл адам» тұғырнамасы оның өз «Меніне» тәуелді болады. Демек, біздің көзқарасымыз бойынша, «кәміл инсан» концепциясы антропоцентристік сипат алатын құбылыс – дейді [1, 184–185 б.]. Немесе, «Кәміл адам» концепциясындағы мистикалық үрдістің тағы бір өзіндік ерекшелігі – рухани жетілуді «Құдай-Әлем-Адам» кеңістігі шеңберінде қарастырылуы – дейді Д. Раев. Демек, Абай да, Мәшһүр-Жүсіп те адамзат үшін кәмілділіктің үлгісі (идеалы) бар – ол Жаратушы Абсолютті Алланы басшылыққа алғаны сөссіз. Әл-Фарабидің айтуынша, азаматтық ғылым – адамды «кәміл инсан» болу мақсатына алып баратын жолдарды зерттеп қарастырады. Сондықтан да Абай Құнанбаев «толық адам»: Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек. Жеке-жеке біреу жарытпайды, Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек... десе, Мәшһүр-Жүсіп «түгел адам» тұрпатын ұсынған: Байғыздай өзіңді-өзің жұрттан қашыр, Ішінді аш қып, үніңді асыр. Түгел адам болуға талап қылсаң, Шала-шарпы жандардан сырынды жасыр! – деген. Д. Раевтың: «Әлем кәмілділігі адам кәмілдірілігімен өлшенеді» – деген пікіріне толықтай қосыла отырып мына сөздердің мағынасын ашқанды жөн көрдік: Инсан – а. [айсан-А.Қ. инсан: человек] – человек. Кәміл – а. [камл – А.Қ. кәмил: 1. полный, целый; 2. совершенный, законченный] – 1. вполне, в самом деле. 2. рел. совершенный [2, 128, 130 б.]. Д. Раев: «Кәміл адам» концепциясының тағы бір қыры – адамның тіл тектілігі моделінен байқауға болады. Қазақ мәдениетінде тіл – адамға берілген ұлы құндылықтардың бірі ретінде мойындалады. Тіл – адамның кемелдену құралы, оның көріну формасы – дейді [3, 191 б.]. Б. И. Нұрдәулетова: Тілді ойлаумен байланысты талдау барысында лингвистер, сондай-ақ философтар да дүниені танудың екі түрлі тұрпатын ұсынады: 1. дүниенің (ғаламның) бейнесі; 2. дүниенің (ғаламның) концептуалдық бейнесі; «Тіл және ғалам бейнесі» туралы мәселе адамның дүниетанымын қалыптастыруға тілдің қатысын қарастыра отырып, зерттеудің екінші ракурсын да қамтиды, оның мәні – тіл лингвистиканың, семиотиканың, философияның, теологияның, мифологияның, фольклордың, өнердің, поэтиканың, дағдылы (кәдімгі) сананың көзімен қалай бейнелейтінін анықтауға байланысты», – деген [4, 151 б.]. Демек, Алла хикметті Мәшһүр-Жүсіпке молынан берген. Ол ақыл, парасат иесі ретінде кәмілділікке ұмтылған. Сондықтан да Мәшһүр-

Жүсіп шығармаларындағы шешендік өнерді тілдік және ғаламдың тұрғыда зерттеудің маңыздылығы зор. Біз сөз қылғалы отырған Мәшһүр-Жүсіпке тән қасиет ол – даралық. Даралық қасиетін айқындайтын ол – Мәшһүр-Жүсіптің тілдік тұрпаты. Оның ішінде шешендік өнері де болып табылады. Әрине, бұл орайда қазақ арасына кеңінен тараған «шешендік сөздерге» ден қойып, арнайы зерттеу объектісі етіп қосып аламыз. Оның өзіндік себебі де жоқ емес, Мәшһүр-Жүсіп жинаған шешендік сөздердің кейбірі өзгеше нұсқасымен «шеншендік сөздер» кітабында да ұшырасады. Мазмұны мен мәні бір, бірақ та мәтін ішіндегі кісі аттары, сөз қолданысы, орыны өзгеріске ұшыраған күйінде кездеседі. Тілдік тұлға. Өзінің күрделі де қайшылықты ішкі әлемі бар, дүниедегі (материалдық, идеялық) зат, құбылыстарға өзіндік көзқарасы, қарым-қатынас межесі қалыптасқан, өзін-өзі, өзі және өзге, өзі және жаратылыс атаулымен ерекше диалог орната білетін үлкен сана мен тіл иесі, шын мәніндегі Адам, оның тілі арқылы танылатын бейне [5, 305 б.]. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы шешендік сөз (тіл) арқылы әлемнің (түркі, қазақ) елінің) тілдік бейнесін танимыз. Бұл – шешендік сөздер ауызекі тілде ауыздан ауызға (ауызша мәтін) арқылы жеткен. Кейіннен қағаз бетіне түскен. Ұлы Даланың ең біріншіден, риторикалық өнердің қас шеберлерінің сөзбе сөз айтысын көрсетсе, екіншіден, мінез - құлқын, ешкімге ұқсамайтын құқық ережелерін, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын т.б. қысқаша айтқанда қазақ өмір сүріп отырған ортаны, оны қоршап тұрған әлемнің (тау-тас, аң-құс, өсімдік-шөп, су-өзен, мал-егін шаруашылығы т.б.) осы додада шынайы әлемдік бейнесі анық көрінеді. Шешендік өнерге түсетін адам арнаулы дайындықтан өткен, ұтқыр, ойлы сөзімен және тез-шапшаң сөз тауып, қолма-қол терең ойлы жауап беретін, асы қабілетті, дарынды, дала заңына жүйірік және дара жан болған. Шешендер қазақтың әр аймағының өзіне тән салты мен әдет-ғұрпын ерекшеліктерімен жақсы хабардар болған. Олар «ұзын құлақ» сымсыз телефон арқылы – шетелдердің (көрші елдердің) де хал-ахуалын біліп отырған, хабардар болған. Оның энциклопедиялық біліміне жай адам таласа алмаған. Ал өз елінің, әсіресе басқаның да (қазақ ішілік ауылдар т.б.) шежіресін, тарихын өте жақсы білген. Шешендік дауға түсетін адамға кіршіксіз, міні жоқ талабы қойылған. Шешен адам өткен-кеткен тарихты біліп қана қоймаған, есте сақтау қабілеті жадысы да күшті болған. Жалпы, халық: би, шешен – деген эпитетті – лақап атты, жылдар бойы көзге түскен, аса дарынды кісіге ғана қосқан. Бұл атақтарды еліне, қазақ халқына қызмет етіп қана алған. Былай бір – екі ауыз сөз біледі екен деп, кім көрінгенге, көлденең көк аттыға үлестіре бермеген. Халықтың сүйіспеншілігімен алған. Шешен сөзінің мағынасы туралы: Қазақтар қолданатын «шешен» сөзінің түп төркіні – дана, ақылды деген мағынаны білдіреді. Бұл көне монғол сөзі, ерте заманда да дәп қазіргі қазақтар

қолданылып жүрген мағынада, аз ғана дыбыстық өзгерісте айтылғанын жазған [6, 119 б.]. Би сөзі: Түркілердің мансап иелерін «би, бек» атаған. «Би – бектен, бек-бүюктен» қысқарған атаулар. «Бүюк – үлкен, зор» мағынасында айтылған [7, 87 б.]. Би-сөзінің этимологиясы біздің монографияда талданғанын айтып өтуге тиістіміз. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында дүниенің тылсым сырларынан бастап, ұтқыр сөз, ойлы сөз, ым сөз, жұмбақ сөз, сот сөзі, кесім сөз, құпия сөз, сандық құпия сөз, тұспал сөз, заттың көмегі, демеуі арқылы сөйленетін сөз т.б. түрлері кездеседі. Шешендік сөздер ұлттық мәдениеті тұтастай, барлығын (көзге көрінетін, көрінбейтін) қамтый алмағанымен, біршама толықтау суретін танытып, сипаттап беретіні анық. Шешендік өнер бізді шынайы өткен ғасырға жақындатады. Қазақ кім әділетсіз болса соған басын иемейтін және де қазақтың қанынан құл болып, күң болып көрмеген даланың мінезін, жүген құрық тимеген асау, қас тұлпардың мінезін көресің. С.М. Артюнян ұлттық мінезге «ұлттың тарихи дамуының ерекшелігімен, материалдық өмір ықпалымен қалыптасатын, оның мәдениетінен көрінетін ұлттық әдеттер мен эмоциялардың өзгеше ұлттық көрінісі (С. М. Артюнян. Нация и ее психический склад. Краснодар, 1966, 31 б. Н. А. Ерофеев. Туманный Альбион. Англия и англичане глазами русских. 1825–1853. М., 1982, 16 б.) [8, 169 б.]. Тер-Минасова кең тараған пікірлерге сүйенсек, ұлттың мінез дегенеміз – белгілі бір ұлттың өзіне ғана тән, өзгеше мінез-құлықтардың жиынтығы емес, жалпыадамзаттың мінез-құлықтарының өзгеше әмбебап жиынтығы – екендігін жазады. Расын да Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында және қазақ даласындағы билер мен шешендердің, ғұламалардың, сұлтандардың, даналардың, ақын-жыраулардың – қалдырған ауызша тараған рухани құндылықтарында, көне түркі жазба мұраларындағы сақталған тілдік деректерде (дала мінезін) ашатын осындай асы құнды мәліметтер дала мәдениетін тануға мүмкіндік беретіні сөзсіз екені белгілі болды. Ол тілдік деректер түркі-қазақ елінің материалды және материалды емес (рухани) мәдени өмірінен де сыр беретіні байқалды. Демек, бұл-дереккөздер бір ғана кісінің тұрпатын көрсетпейді, соған қатысқан айналасындағы материалды (сөзді басқа қосымша үстеме зат арқылы таныта білу: қамшы, домбыра, найза, қылыш т.б. арқылы, қыздар сәукеле, әйелдер қарқара киген, қызға сырға тағу т.б.). С.Әлісжан автор бейнесі туралы айта отырып, кітабында келтірген Р. Г. Букейханованың пікіріне біз де сүйенеміз: «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоэктік бағыттың белең алуымен орай «автор бейнесі» ұғымы «тілдік тұлға» ұғымына ұласып отыр. Бұл ұғым екі мәселенің басын қосады: тіл және адам (тұлға), тілдік бірліктер мен оған адамның қатысын көрсетеді. Тіл біліміндегі антропоэктік парадигма бірінші орынға адамды (тілдік тұлғаны) шығарады да, ал тіл адам танымын құрастырушы сипатта қарастырылады» [5, 40 б.], [9, 81 б.]. А.Байтұрсынов

айыпкер адамдарды ақтау, я қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздерді – билік шешен сөзі деп айтқанын жоғарыда жаздық. Сотта билік айтушы айыптаушы куә ретінде сөзге тартылған. Билікті айтушы заңға жүйірік, білімді адам болған. Айыпкердің мінез-құлқы, көңіл-күйі, сот кезіндегі өзін-өзі ұстауы мәтінде анықтау әрине қиын. Мырзаханова: Замануи сот процессінде айыпталушының мінез-құлықтыңда, көңіл-күйінде мынандай төмендегідей өзгерістер болатынын: Адашушылық маниясы – көңіл көтеріңкі, байланыссыз сөздер мен әрекеттерге толы болуы. Эйфория – көңіл – күйі жоғары болу, бірінші кезекте қанағаттандырылған, қамтамасыз етілген сияқты сезіну, пассивті келеді. Тойымсыздыққа, мастыққа, жыныстық эксцестерге деген көңілі төмен келеді. Рауш – мания – сананың жеңіл өзгерумен көңілі – күйдің көтеріңкі келуі. Мориа – көңіл-күйді көтеріңкі, орынсыз айтылған сөздері, әзілдері жас балаға ұқсас, интеллектуалды ойының төмендігі анық байқалады – дейді [10, 61 б.]. Морианың кейбір нышандары айтылған ойдың тым төмендігі, адресанттың дағдылы ой-өрісіне тең емес сөздерді қолданылуы, ойланбай сөйлеп опық жеген мысалдар тобы шешендік сөздерде, Мәшһүр-Жүсіптің жазып алған шешендік сөздерде де кездеседі.

Қорытынды

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармалар жинағында (фольклор, шешендік сөздер, тарих, дін т.б.) кіреді және бәрі де сөзден тұрады. Сөз қазақ халқының мәдениетін көрсетеді. Демек, Мәшһүр-Жүсіптің тілдік тұлғасы арқылы түркі-қазақ халқының мінез-құлқын, әдет-ғұрпын т.б. танимыз. Сол арқылы, әлемнің тілдік бейнесі айқындалады. Шешендік сөздерге асқан дарын тілге жүйірік дара тұлға ғана қатысқан. Не болмаса, бұрыннан тілге жүйірік, сөз білетін адамның да бейнесін көреміз. Шешендік сөздер адамдарды (халықты) мәдениетін танудың басты жиынтығы, сақталған «сөздік қоры» қазынасы.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Раев, Д.** Қазақ шешендігі философиясы : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Қарасай, 2011. – 184–185 б.
- 2 **Рүстемов, Л. З.** Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. –Алма-Ата : Мектеп, 1989. –128–130 б.
- 3 **Раев, Д.** Қазақ шешендігі философиясы : оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Қарасай, 2011. – 191 б.
- 4 **Нұрдаулетова, Б. И.** Когнитивтік лингвистика: оқу құралы [Мәтін] – Алматы : ЖШС РПБК Дәуір 2011. – 151 б.
- 5 **Нұрдаулетова, Б. И.** Когнитивтік лингвистика: оқу құралы [Мәтін] – Алматы : ЖШС РПБК Дәуір 201. – 305 б.

- 6 **Уәлиханов Ш.** Таңдамалы. [Мәтін] –Алматы : Жазушы, 1985. – 119 б.
- 7 **Құрбанғали Халид.** Тауарих хамса (бес тарих) [Мәтін] –Алматы : Қазақстан, 1992. – 87 б.
- 8 **Тер-Минасова С. Г.** Тіл және мәдениетаралық коммуникация [Мәтін] – Алматы : Ұлттық ауларма бюросы, 2018. 169 б.
- 9 **Әлісжан С. Қ.** Ғылыми дискурстың танымдық негіздері. Коммуникативтік-прагматикалық аспект : оқу құралы [Мәтін] –Алматы : CyberSmith, 2018. – 81 б.
- 10 **Мырзаханова М. Н.** Сот психиатриясы: оқулық [Мәтін]. – Алматы : Эпиграф, 2017. – 61 б.

References

- 1 **Raev, D.** Qazaq şeşendigi filosofiyası: oqw quralı [Philosophy of Kazakh oratory: textbook] [Text]. – Almatı : Qarasay, 2011. – 184–185 p.
- 2 **Rüstemov, L. Z.** Kazaxsko-rwsskiy tolkoviy slovar arabsko-iranskix zaymstvovannnix slov. [Kazakh-Russian dictionary of Arabic-Iranian borrowed words]. – Alma-Ata : Mektep, 1989. – 128–130 p.
- 3 **Raev, D.** Qazaq şeşendigi filosofiyası: oqw quralı. [Philosophy of Kazakh oratory : textbook] [Text]. –Almatı : Qarasay, 2011. – 191 p.
- 4 **Nurdawletova, B. İ.** Kognitivtik lingvistikă: oqw quralı [Cognitive linguistics: textbook] [Text]. –Almatı : JŞS RPBK Däwir 2011. – 151 p.
- 5 **Nurdawletova, B. İ.** Kognitivtik lingvistikă : oqw quralı [Cognitive Linguistics : textbook] [Text]. –Almatı : JŞS RPBK Däwir 2011. –305 p.
- 6 **Wälixanov Ş.** Tañdamalı [Selected] [Text]. –Almatı : Jazwşı, 1985. – 119 p.
- 7 **Qurbanğalı Xalıd.** Tawarix xamsa (bes tarix) [Coodles Hamsa (five histories)] [Text]. – Almatı : Qazaqstan, 1992. – 87 p.
- 8 **Ter-Minasova S. G.** Til jāne mādenietaralıq kommwnikaciya [Language and intercultural communication] [Text]. – Almatı : Ultıq awlarma byurosı, 2018. – 169 p.
- 9 **Älisjan S. Q.** Ğılımı diskwrstıñ tanımdıq negizderi. Kommwnativtik-pragmatikalıq aspekt: oqw quralı [Cognitive bases of the scientific discourse. Communicative-pragmatic aspect: a textbook] [Text]. – Almatı : CyberSmith, 2018. –81 p.
- 10 **Mırzaxanova M. N.** Sot psixiatriyası: oqwlıq. [Court psychiatry : textbook] [Text]. – Almatı : Épigraf, 2017. –61 p.

Материал 11.03.22 баспаға түсті.

*Ш. Ж. Трушева¹, А. К. Трушев², А. А. Трушев³

^{1,2,3}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 11.03.22.

ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА МАШХУР-ЖУСУПА

Мировой языковой образ Маихур-Жусупа еще не полностью раскрыт. Следовательно антропологическое изучение творчества поэта – задача обязательная. Философы – Гегель, Фейрбах, Гулыга и др. философски подходили к антропоцентрическим (антропоактуальным) проблемам. Личность Маихур-Жусупа раскрывается только путем тщательного изучения его национального самосознания. Для этого связь «общество – природа – человек» осуществляется в том числе через взаимоотношение людей, познание внешней среды, через язык общения. Ученые отмечают, что национальный характер – это не набор специфических для конкретной нации характеров, а своеобразный универсальный набор характеров человечества в целом. В некоторых случаях отмечается, что языковая картина мира также может быть раскрыта через личность. В этой связи, через собрание сочинений Маихур-Жусупа в 20 томах можно узнать общетюркскую, восточную, русско-европейскую культурно-духовную связь. Тем самым открывается путь и к духовной культуре мира. Неспроста Аль-Фараби рассматривал ораторское искусство через призму философии. Ораторское искусство, риторическое искусство в произведениях Маихур-Жусупа – это национальный код, письменный текст с устного текста, дошедшего из незапамятных времен Великой Степи. Например, язык жестов, подсказка, диалогическая речь, степная судебная лингвистика, слово - загадка, прения, просить слово, лексика высказывания претензии правителю могут четко отражать национальную черту, суть казахов.

Ключевые слова: антропология, поведение, искусство слова, личность, национальная культура, язык жестов, дискурс, жалобщик, истец.

*Sh. J. Trusheva¹, A. K. Trushev², A. A. Trushev³

^{1,2,3}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 11.03.22.

MASHUR-ZHUSIP WORLD LANGUAGE MAPPING

The world language image of Mashur-Zhusip has not yet been fully revealed. Consequently the anthropological study of the poet's work is a mandatory task. Philosophers – Hegel, Feirbach, Gulyga, and others approached anthropocentric (anthropoactual) problems philosophically. The personality of Mashur- Zhusip is revealed only through a detailed study of his national identity. For this purpose, the connection between society – nature – man is carried out through the relationship of people, knowledge of the external environment and the language of communication. Scientists note that the national character is not a set of characters specific to a particular nation, but a kind of universal set of characters of humanity as a whole. In some cases, it is noted that the linguistic picture of the world can also be revealed through the personality. In this regard, through the collected works of Mashur-Zhusip in 20 volumes, you can learn the general Turkic, Eastern, Russian-European cultural and spiritual connection. Thus it opens the way to the spiritual culture of the world. It was not for nothing that Al-Farabi cosidered oratory through the prism of philosophy. Oratory, rhetorical art in the works of Mashur-Zhusip is a national code, a written text from an oral text that has come down from the immemorial times of the Great Steppe. For example, sign language, hint, dialogic speech, steppe judicial linguistics, the word riddle, debate, ask for a word, vocabulary statements of claims to the ruler can clearly reflect the national trait, the essence of the Kazakhs.

Keywords: anthropology, behavior, the art of speech, personality, national culture, sign language, discourse, plaintiff.

<https://doi.org/10.48081/PIDW2838>***А. М. Удербаетова¹, Л. М. Шайкенова²**^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МОБИЛЬНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ УЧАЩИМИСЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

В настоящей статье рассмотрены аспекты использования мобильных приложений для изучения английского языка (далее, мобильные приложения) учащимися высших учебных заведений на примере студентов бакалавриата Филологического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В частности, изучены степень распространения мобильных приложений среди студентов, частота их использования, а также приведена оценка эффективности мобильных приложений в развитии языковых навыков. Актуальность работы обусловлена тем, что сегодня наблюдается тенденция к широкому распространению мобильных технологий при изучении иностранных языков, в частности английского, в то время, как традиционная модель преподавания языков требует корректировок в соответствии с современными требованиями образовательного процесса. В основе проведенных исследований лежит метод анкетирования целевой группы, состоявшей из 30 студентов-бакалавров (n=30). Для удобства аналитической обработки ответов, помимо прямых вопросов, также приводились готовые утверждения, на которые студенты должны были выразить степень своего согласия, выбирая один из трех вариантов: «согласен», «возможно», «не согласен». Полученные данные указывают на то, что восприятие эффективности мобильных приложений среди студентов варьируется от нейтрального до позитивного, а также, что участники опроса применяют мобильные приложения для развития, как правило, определенных языковых навыков.

Ключевые слова: мобильные приложения, мобильное обучение, обучение английскому языку, метод анкетирования, языковые навыки.

Введение

В наше время наблюдается тенденция к использованию мобильных технологий с целью изучения иностранного языка [1]. Сегодня существует большое количество мобильных приложений, разработанных для тех, кто начинает обучение языка «с нуля», так и для повышения уровня английского языка.

